Показатель "объемная плотность" отражает разреженность трикотажа в пространстве. Объемная плотность трикотажа показывает содержание текстильных нитей в единице объема. При использовании объемной плотности в качестве критерия облегченности структуры трикотажа понятие "облегченность" расширяется. При этом в разряд полотен с пониженной материалоемкостью включаются полотна с рыхлой структурой, имеющие значительную толщину по сравнению с базовыми.

В работе вводится понятие абсолютного и относительного объемного облегчения структуры полотна. Абсолютное объемное облегчение представляет собой разность объемной плотности базового полотна и опытного и может быть вычислено по формуле:

$$\Delta\delta = \delta_b - \delta$$

где $\Delta\delta$ - абсолютное объемное облегчение, мг/см³;
 δ - объемная плотность опытного полотна, мг/см³;

Относительное облегчение - это отношение абсолютного объемного облегчения к объемной плотности базового полотна, выраженное в процентах. Относительное облегчение вычисляется по формуле: $\theta = \Delta\delta / \delta_b * 100\%$.

где θ - относительное объемное облегчение полотна, %.

С целью расширения ассортимента трикотажных возможностей кругловязальной машины типа «МЭТО» разработаны 5 вариантов структур и способов выработки трикотажа комбинированного переплетения. В качестве

сырья была использована полушерстяная пряжа линейной плотность 31 текс. В качестве базового переплетения был выработан (Вариант –0). В структуре комбинированного переплетения варианта -1 входят следующие элементы петельной структуры: петля, протяжка и набросок. Для выработки такого переплетения машин должна иметь число систем, кратное шести. На машине «МЭТО» 44 системы, следовательно, работающих систем будет 42.

Процесс вязания осуществляется следующим образом: Первая и четвертая системы образуют ряды ластика. При этом подъемные клинья в замках цилиндра и рипшайбы в этих системах находятся в обычном рабочем положении. Вторая и пятая системы-иглы рипшайбы не работают, работают только иглы цилиндра. Подъемный клин в замке рипшайбы опущен в нерабочее положение, чтобы иглы рипшайбы не поднимались и не захватывали нить. Подъемный клин в замке цилиндра находится в обычном рабочем положении.

Третья и шестая системы образуют на иглах рипшайбы обычные петли, и на иглах цилиндра образуют наброски.

Подъемные клинья в замках рипшайбы обычном рабочем положении, а подъемные клинья в замках цилиндра переводятся в фанговое положение. В системах, где образуются ряды с набросками, принудительную нитеподачу переводят на свободную, так как потребность в нити в этих системах отличается от количества нити, которое подается к системам первой и четвертой.

Скоростной режим при выработке данного переплетения остается таким же, как при выработке классического двуластика.

Второй вариант комбинированного переплетения образуется при следующей работе петлеобразующих систем. Первая, вторая, четвертая и пятая системы образуют ряды ластика.

При этом подъемные клинья замках цилиндра и рипшайбы находятся в рабочем положении.

В системах третья и шестая- работают иглы цилиндра, а иглы рипшайбы не работают. Подъемный клин в замке цилиндра находится в рабочем положении, а подъемный клин в замке рипшайбы опущен в нерабочее положение. Затем раппорт повторяется.

Раппорт третьего варианта комбинированного переплетения состоит из шести петельных рядов.

Первая и четвертая системы вяжут ряды ластика.

В этих системах подъемные клинья замков цилиндра и рипшайбы в рабочем положении.

Вторая, третья, пятая, шестая системы вяжут ряды производной глади. При этом, вторая и пятая системы вяжут ряды производной глади на иглах цилиндра. Подъемные клинья в замках рипшайбы опущены в нерабочее положение.

А третья и шестая системы вяжут ряды производной глади на иглах рипшайбы. Подъемные клинья в замках цилиндра находятся в нерабочем положении.

Четвертый вариант образуются при следующей работе систем.

Первая и вторая системы образуют ряды ластика: подъемные клинья в замках цилиндра и рипшайбы находятся в обычном рабочем положении.

Системы третья, четвертая, пятая и шестая вяжут ряды производной глади только на иглах цилиндра.

Иглы рипшайбы находятся в состоянии покоя, то есть подъемный клин опущен в нерабочем положении.

Третий вариант образуется следующим образом:

Система первая –работают длинные иглы цилиндра и короткие иглы рипшайбы. Иглы цилиндра, поднимаясь на полное заключение, образуют ряд замкнутых петель; подъемный клин в замке находится в рабочем положении.

Иглы цилиндра, поднимаются на полное заключение, не сбрасывают старые петли и образуют ряд петель с набросками.

Система вторая-короткие иглы цилиндра работают с длинными рипшайбы. Иглы цилиндра образуют ряд замкнутых петель; подъемный клин находится в рабочем положении.

А иглы рипшайбы поднимаются на неполное заключение, старые петли не сбрасывают, но новую нить получают, образуя петли с набросками.

Подъемный клин в замках рипшайбы переведен также как и в первой системе в фанговое положение, третья система образует ряды ластика.

Подъемные клинья в замках цилиндра и рипшайбы находятся в рабочем положении. Система четвертая работает также как и вторая, система пятая работает как первая.

Шестая система вновь образует ряды ластика. Подъемные клинья установлены как и третьей системе.

Затем раппорт повторяется.

В системах первой, второй, четвертой и пятой –свободная подача нити.

Определены технологические параметры выработанных образцов, результаты измерений приведены в таблице .

Если объёмная плотность комбинированного трикотажа вариант – III при поверхностной плотности $M_s = 284 \text{ г/м}^2$ и толщине $T = 1,3 \text{ мм}$, равна 218 мг/см^3 , то объёмная плотность ластичного трикотажа (вариант – 0) при поверхностной плотности $M_s = 310$ и толщине $T = 1,2 \text{ мм}$, равна 258 мг/см^3 , абсолютное объёмное облегчение, по сравнению с базовым, составляет:

$$\Delta\delta = \delta_6 - \delta = 258 - 218 = 40 \text{ мг/см}^3,$$

где $\Delta\delta$ - абсолютная объёмная облегчённость мг/см^3 ;

δ_6 – объёмная плотность базового полотна мг/см^3 ;

δ - объёмная плотность опытного полотна мг/см^3 .

Относительное облегчение составляет:

$$\theta = (1 - \delta/\delta_6) * 100 = (1 - 218/258) * 100 = 16\%$$

Таблица 1- Технологические параметры трикотажа комбинированного переплетения.

Показатели	Линейная плотность нитей (текс)	Петельный шаг, А (мм)	Высота петельного ряда, В (мм)	Плотность по горизонтали, R_g	Плотность по вертикали, R_v	Средняя длина нити в петле L_{cp} (мм)	Поверхностная плотность трикотажа, M_s , г/м^2	Толщина, Т мм	Объёмная плотность, δ мг/см^3	Абсолютное объёмное облегчение, $\Delta\delta$, мг/см^3	Относительное облегчение, θ %
0	п/ш 31	0,9	0,9	55	55	4,6	310	1,2	258	-	-
I	п/ш 31	1,16	1,0	43	50	4,8	316	1,3	234	24	10
II	п/ш 31	1,1	0,77	45	65	4,4	315	1,35	233	25	10
III	п/ш 31	1,02	0,8	49	62	4,5	284	1,3	218	40	16
IV	п/ш 31	1,1	1,02	45	49	5,0	307	1,4	219	39	15
V	п/ш 31	1,19	0,9	12	54	4,9	373	1,4	266	-8	-1,03

Абсолютное объёмное облегчение и относительное облегчение для других вариантов комбинированного переплетения приводится в таблице.

Анализ полученных результатов показывает, что включением в структуру интерлочного трикотажа элементов комбинированных переплетений приводит к уменьшению материалоемкости, а наличие прессовых набросков и протяжек повышает формоустойчивость трикотажа.

Литература

1. Шалов И.И., Далидович А.С., Кудрявин Л.А. Технология трикотажного производства, -М. Легкая и пищевая промышленность, 1984г.
2. Шалов И.И. Комбинированные трикотажные переплетения. М.: МТИ 1971.

Түйін

Трикожады жайманың материал сыйымдылығының төмендету технологиясын жасау әдістерін зерттеу

Summary.

The preparation of the decreasing technology of the knitting materials capacity, the basis of the capacity

М.А.Усманова - магистр, Ж.Ж.Ескараева - магистр, Г.Т.Тилемисова - оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ФИЗИКАНЫҢ ЭВРИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аннотация: Қазіргі таңдағы мемлекетіміздің алдына қойған мақсат-мүддесіне жету жолдарындағы әрекеті – болашақ жас ұрпақты дұрыс жетілдіріп, дамыту жолдарына қадамдарының бірі мектеп курсына оқушылардың білім деңгейіне талдау жасалып, физиканы оқытуға физикалық есептерді шығартудың қосатын үлесі, физикалық есептердің классификациясы мен оларды шығарудың әдіс тәсілдеріне талдау жасалды. Физикалық есептерді құрастыру әдісі қарастырылып, әдістемелік әдебиеттерге шолу жасалынды.

Эвристикалық тәсілдердің типтері мен түрлері анықталып, осы тәсілді мектеп курсына оқушылардың физикалық есептерді шығартуға тиімділігі көрсетілді. Бұл тәсілдердің мақсаты: оқушылардың шығармашылық потенциалын шығармашылық қызықты есептердің көмегімен ашу, физиканың кез келген адам үшін терең мәнді пән екендігін түсіндіру, физикалық ғылымның үлкен мәдени аспектісін көрсету, физиканы оқып үйренуге тұрақты қызығушылықты қалыптастыру, сонымен қоса өз көзқарасын қорғай алатын, өз бетімен жұмыс істеуге білікті жеке тұлға қалыптастыру. Шығармашылық есептерді шығаруда эвристикалық тәсілдерді қолдана отырып жұмыс істеу процесінде оқушылар гипотезаларды қозғау, әр түрлі объектілердің қасиеттерін бақылау және сипаттау, құралдарды өздері ойлап табу және құрастыру, қорытынды жасау, дискуссияға қатысу біліктіліктерін дамытады.

Физикалық есептерді шығартудың эвристикалық тәсілдері мынадай:

Өміршеңдік тәсілі

Мағыналы көру тәсілі

Ойлап табу тәсілі

Егер де... тәсілі

Гиперболизация және «Осборн» немесе «Миға шабуыл» тәсілі

Синектика немесе Гордон тәсілі

Инверсия тәсілі

Осы қарастырылған тәсілдерге шығармашылық қызықты есептер құрастырылып, оларды шығару жолдары көрсетілді.

Жалпы физика курсына оқушылардың білім беретін, политехникалық және тәрбиелік мәнін бағалау қиын. Оларды шығармай физика курсы игеріле алмайды. Оның ішінде жаңа білімнің пайда болу процесі күшті үдетілген, үнемі жаңа кәсіпке қажеттілік туындайтын тез өзгеретін ақпараттық қоғамдағы өмірге өсуші жас ұрпақтарды дайындау басты мәселе болып табылады. “Физиканың эвристикалық есептерін шығартудың” мақсаты тыңдаушылардың шығармашылық қабілеттерін стандарт емес есептерді шешу арқылы дамыту үшін жағдай жасау болып табылады. Тыңдаушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда және физикадан білімдерін тереңдетуде аталған тақырыптың маңызы өте зор.

Кілттік сөздер: физика, оқыту әдістемесі, есептер шығару әдістемесі, физикалық есептер классификациясы.

Қазіргі заманғы педагог – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту әдістерімен қаруланған кәсіпқой мұғалім. Бұл кездейсоқ емес. Яғни қазіргі заманғы адам оны қоршаған социумға бейімделе алатын, өз бетінше білімін жетілдіре алатын шығармашылық тұлға болуы қажет. Өкінішке орай мектептерде педагогтар шығармашылықпен ойлаудың орнына критикалық ойлауды дамытуға көбірек көңіл аударады. Оның дамуына сабақтың уақыты жетпей қалады, бұл мұғалімнің оқушылардың креативтігін қалыптастыру жолдарын білмегендіктің нәтижесі.

Эвристикалық есептерді шығартудың мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілетін стандарт емес есептерді шешу арқылы дамыту үшін жағдай жасау болып табылады.

Шешу тәсілі дәстүрлі емес, проблемалық есептер көбіне олимпиадалық есептер болып табылады. Ал біздің жас өрендеріміз осы олимпиадалық есептерді шешуге келгенде қатты қынжылыс тудырады. Олимпиадалық есептер кәдімгі оқулықтағы есептерге ұқсамайды. Олимпиаданың негізгі мақсаты: физика саласында дарынды оқушыларды анықтау мен қолдау, олардың халықаралық олимпиадаларға қатысуына ықпал ету және Азия елдеріндегі жас физиктердің өзара ғылыми тәжірибе алмасуларына

мүмкіншілік жасау, ғылымға өз үлестерін қоса алатын талантты жастардың ғылыми көзқарастарын кеңейту. [21.70бет]

Әрине, мұндай ерекше есептер үшін ерекше шешу тәсілдері де қажет, бірақ бұл дегеніміз есеп мектеп қабырғасында оқылатын бағдарламадан тыс деген сөз емес, және бұл есептерді шығару үшін өте көп есептеулер жүргізу қажет емес. Бірақ бұл жерде физикалық заңдар мен заңдылықтарды құрғақ қолдану емес, оларды анық түсіну, оларды физикалық құбылыстарды түсіндіруге шығармашылық тұрғыда қолдана алу, оссоциативті ойлау талап етіледі. Олимпиадалық есептер турниріне қатысу үшін баладан қандай да бір жоғары табиғи дарындылық міндетті түрде талап етілмейді. Мұнда тек оқушылардың алған білімдерін дұрыс қолдана білуі талап етіліп, оқушылар мұнда өз білімдерін көбірек еркін қолданып, олардың білімдері тек формулалар және заңдылықтар жинағы емес, керісінше жұмыс құралына айналады. [5.том1. 180 бет.]

Көптеген мектептерде есептерді шешуге көбірек көңіл бөлінеді. Осыған қарамастан көптеген оқушылар бітіруші мектеп емтихандары және жоғарғы оқу орындарына түсудегі емтихандарда есептерді шешуде үнемі қиындықтарға тап болады. Бұл дегеніміз оқушылар үшін бұл сабақтардың берілген түрінің қиындығымен ғана емес, сонымен қатар физиканың мектеп курсы есептерін шешудің әдістемесінің жеткіліксіздігі немесе толыққанды еместігімен сипатталады. [7.12.4]

Физиканы оқытудағы есептердің маңыздылығын түсіне отырып, көптеген мұғалімдер мына принциппен әрекет етеді: неғұрлым есеп көп болса, әсіресе, қиындығы жоғарылатылған, соғұрлым жақсы болады. Көп жағдайларда бұл тұп-тура кері нәтижеге әкеліп соқтырады: оқушылардың жүктемесін арттырып жібереді, өз күштеріне сенімсіздік тудырады, пәннен кері итереді. Сондықтан да орта мектептерде физикалық есептерді шығару әдістемесі қазіргі таңда жоғары мәнге ие. [7.]

Есеп шығару физиканы оқыту процесінің қажетті элементі болып табылады. Оның маңызы көптеген әдістемелік әдебиеттерде жан-жақты көрсетілген. [1.8.9].

Негізгі оқу материалы оқушылардың сабақ үстінде қабылдануы үшін болуы қажет. Сондықтан мұғалімнің сабақ беруіндегі әдістемелік басты мақсаты таныстырылған ұғымдармен, заңдардың бекітілуі (түсініктілігі) үшін қолданылатын болуы керек, яғни физикалық есептерді шығару оқушылардың деңгейіне қарай таңдай алу, оқыту әдістерінің пәнге қызығушылықты арттыру міндетінің басты бөлігі. [7.]

Тыңдаушының пәнге және таңдаған мамандыққа танымдық қызығушылығы оқуда және оның болашақ өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол тыңдаушыны қойылған мақсатқа белсенді ұмтылуына ықпал етеді. Танымдық қызығу жалғызды төмендетеді және оқу еңбегін жандандырады. Сондықтан да физикалық есеп шығару бағдарлама және емтихан талаптары бойынша міндетті түрде қолданылатын оқыту әдістерінің негізгілерінің біріне саналады. [10.]

Оқу практикасында физикалық есеп деп – жалпы жағдайда логикалық ой тұжырымдар, математикалық әрекеттер арқасында шешілетін кішігірім проблема айтылады. [9.14].

Есеп шығару процесі ой процесі ретінде – бұл анализ және синтез процесі. Анализ (талдау) жасау, яғни есептің берілген шартын талдау ондағы сипатталған құбылыстың толық суретін елестетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар шарт пен талаптарды салыстыра отырып қайсы берілгендер маңызды, ал қайсыларын есептерді шығару барысында ескермеуге болатынын анықтауға болады. Есепті талдай отырып, осы қойылған нақты ситуация үшін қайсы ереже, формула немесе заңдылықты қолдану керектігін анықтауға болады. Көбіне оқушыларға қиындық тудыратын жері осы жер болып табылады. [12. 9стр.]

Физикалық есептерді құрастыру мектеп мұғалімінің іс-әрекетінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Олай дейтін себебіміз кейбір тақырыптарға жинақ кітапшаларда есептер аз кездесуі мүмкін т.с.с. оқиғалар болып қалуы мүмкін. Ол жағдайда мұғалім керекті есепті өзі құрастыруына тура келеді. Ал физикалық есептерді құрастыру үшін мынадай талаптарды есепке алу керек. Ол есептерді қай сынып үшін құрастырылуына байланысты оқушылардың жеке мүмкіншіліктері мен жас ерекшелігін ескеру қажет. Қандай тақырыпқа арналуына да байланысты көбі сандық немесе сапалық не болмаса тақырып ерекшелігіне байланысты эксперименттік немесе графиктік есеп болуы мүмкін. Физикалық есептер келесі талаптарды қанағаттандыруы керек.

Оқушылардың логикалық және физикалық ойлауын дамыту. Математикалық амалдар мен түрлендірулерді орындауға жаттықтырып, физикалық заңдар мен эксперименттердің сандық мағынасын ашуға көмектесу.

Физикалық құбылыстардың, заңдылықтардың практикалық маңызына және өмірмен байланысына көз жеткізерліктей болу.

Оқушыларды тапқырлыққа, өз бетінше жұмыс істеуге, еңбек сүйгіштікке, төзімділікке үйрету.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететіндей болу.

Оқушылардың алған білімдерін тексеруге ыңғайлы болу.

Құбылыстар мен заңдылықтарды талдауға, олардың арасындағы байланысты анықтауға көмектесу.

Жоғарыда айтып өткеніміздей физикалық проблемалық-шығармашылық есептер орта мектептерде қолданылатын физика оқулықтары мен физика есептер жинағында аз кездеседі. Мұндай қиыншылықтан шығудың жолы есептерді мұғалімнің өзі құрастырғаны жөн және ондай есептерді құрастыру барысында жоғарыдағы атап көрсетілген талаптарды басшылыққа алған жөн.

«Өміршеңдік» тәсілі

Әдістің мағынасы: сезімдік-образдық және ойлағыштық елестетулерінің көмегімен адам зерттелетін объектіні ішінен тану және сезіну үшін оған «орнығып» алуға әрекет жасайды.

Мысалы:

«Сіз өзіңізді өсуші ақ қайыңмын деп елестетіңіз. Сіздің басыңыз – тәжісі, денеңіз – сабағы, қолдарыңыз – бұтағы, аяғыңыз – тамыры.»

Есеп: өсіп жатқан ағаштың массасын өлшеудің бірнеше тәсілін ұсыныңыз.

Жауабы: ағашты әр түрлі бұрышта цифрлық камераға суретке түсіріп, компьютерде ағаштың моделін жасап, оның көлемін есептеу керек, одан кейін $m = \rho V$ формуласымен массаны анықтау керек.

Кітап сияқты объектіге қатысты физикалық заңдарды мүмкіндігінше көбірек келтіріңдер. Әрбір жағдайға қысқаша түсініктеме беріңдер.

Жауабы:

радиоактивті изотоп көміртегіні талдау бойынша оның жасын анықтау.

Классикалық механиканың барлық заңдары.

(11-сынып оқушылары үшін мынадай жауап мүмкін) кітапты Луи де Бройль теориясы бойынша сәуле шығару деп санап, осы сәуле шығарудың толқын ұзындығынтабындар:

$$\lambda = \frac{h}{m\nu}, \quad m = 0,22\text{кг} \quad \nu = 5,5\text{м/с} \quad \lambda = 5,48 \cdot 10^{-34}\text{м}$$

$$\nu = \frac{\nu}{\lambda} = 1,004 \cdot 10^{-34}\text{Гц} - \text{ешқандай құралмен өлшеу мүмкін емес}$$

(Гейзенберттің анықталмаушылық принципі). Кітап бұл бөлшектерден тұратын дене.

Мағыналы көру тәсілі

Әдістің мағынасы: зерттелетін объектіге көңіл аударулар шоғыры оның себебін, оған бекітілген идеяны, ішкі мәнін көруге (түсінуге) мүмкіндік береді. Оған қолдану үшін өзіне белгілі бір туралау жасау қажет. Қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін: «Ол неден тұрады, оның ішінде не болып жатыр?» Мысалы: бұл зерттеуге арналған есеп болуы мүмкін, құбылыстарды немесе процестерді зерттеу мүмкін.

Кез келген өлшемді металл шардың мүмкін болар физикалық қасиетін қолдық құралдардың (соның ішінде лабораториялық та) көмегімен зерттеңдер. Сіз байқаған мейлінше ерекшеленген фактілерді, өзіңіз қойған сұрақтарды және өзіңіздің жауаптарыңыздың версияларын жазыңдар.

Жауап: физикалық қасиеттері – дөңгелек, қатты, салқын болып сезіледі, темір және т.б.

Массасын табуға болады: а) таразыға тартып, б) өзара әсер арқылы, в) $m = \rho V$.

Меншікті жылу сыйымдылығын табуға болады: $c = \frac{Q}{m\Delta t}$

Шарды тұз ерітіндісі салып коррозиялық төзімділігі жөнінде мәлімет алуға болады.

Сарқырамаға қатысты физикалық құбылыстар мен қасиеттерін қолдық құралдармен (соның ішінде лабораториялық та) көмегімен зерттеңдер.

Электрленген металл шарға қатысты барлық физикалық құбылыстар мен қасиеттерін анықтаңыз.

Жауабы: физикалық қасиеттері: қатты, дөңгелек, жан-жағындағы электрленген денелерге әсер етеді.

Массасын табуымызға болады: а) таразыға тарту арқылы; в) $m = \rho V$.

Қандай текті зарядталғандығын табуға болады. Электрленген шарға сыншы зарядты алып келіп олардың әсерлесуі арқылы.

Меншікті жылу сыйымдылығын табуға болады: $c = \frac{Q}{m\Delta t}$

«Егер де...» тәсілі.

Әдістің мағынасы: әлемде қандайда бір нәрсе өзгерсе – егер де гравитациялық күш 10 есе артып кетсе не болар еді, сол туралы сипаттамалар құрастырады немесе сурет салады. Мұндай әдіс тек қана елестету қабілетін дамытып қоймайды, сонымен бірге нақты әлемнің құрылысын, оның фундаментальды заңдарын жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

1. Мына тақырыпқа гипотетикалық ситуацияны сипаттаңыз: «Егер де жылу суығырақ денеден ыстығырақ денеге берілсе...». мұндай процестің механизмі қандай болар еді?

Жауап: Термодинамиканың екінші заңы кері бағытқа өзгерер еді. Егер екі дене бірдей температурада болса-орныксыз тепе-теңдік күй болады. Егер біреуінің температурасын сәл жоғарылатса, онда ол дене қыза бастағаннан екіншісі суиды. Күн күндіз Жерді салқындатады. Адамдар түнде жылынады, ал күндіз салқындайды. Бірақ асқынөткізгіштік мәселесі шешіледі. өткізгіштердің асқынсалқындығы электр тасымалдауларда қолданылатын еді.

Қорытынды

Қазіргі таңдағы мемлекетіміздің алдына қойған мақсат-мүддесіне жету жолдарындағы әрекеті – болашақ жас ұрпақты дұрыс жетілдіріп, дамыту жолдарына қадамдарының бірі мектеп курсындағы оқушылардың білім деңгейіне талдау жасалып, физиканы оқытуға физикалық есептерді шығартудың қосатын үлесі, физикалық есептердің классификациясы мен оларды шығарудың әдіс тәсілдеріне талдау жасалды. Физикалық есептерді құрастыру әдісі қарастырылып, әдістемелік әдебиеттерге шолу жасалынды.

Эвристикалық тәсілдердің типтері мен түрлері анықталып, осы тәсілді мектеп курсындағы физикалық есептерді шығартуға тиімділігі көрсетілді. Бұл тәсілдердің мақсаты: оқушылардың шығармашылық потенциалын шығармашылық қызықты есептердің көмегімен ашу, физиканың кез келген адам үшін терең мәнді пән екендігін түсіндіру, физикалық ғылымның үлкен мәдени аспектісін көрсету, физиканы оқып үйренуге тұрақты қызығушылықты қалыптастыру, сонымен қоса өз көзқарасын қорғай алатын, өз бетімен жұмыс істеуге білікті жеке тұлға қалыптастыру. Шығармашылық есептерді шығаруда эвристикалық тәсілдерді қолдана отырып жұмыс істеу процесінде оқушылар гипотезаларды қозғау, әр түрлі объектілердің қасиеттерін бақылау және сипаттау, құралдарды өздері ойлап табу және құрастыру, қорытынды жасау, дискуссияға қатысу біліктіліктерін дамытады.

Физикалық есептерді шығартудың эвристикалық тәсілдері мынадай:

Өміршеңдік тәсілі

Мағыналы көру тәсілі

Ойлап табутәсілі

Егер де... тәсілі

Гиперболизация және «Осборн» немесе «Миға шабуыл» тәсілі

Синектика немесе Гордон тәсілі

Инверсия тәсілі

Осы қарастырылған тәсілдерге шығармашылық қызықты есептер құрастырылып, оларды шығару жолдары көрсетілді.

Орта мектептердегі физика курсындағы есептердің білім беретін, политехникалық және тәрбиелік мәнін бағалау қиын. Оларды шығармай физика курсы игеріле алмайды. Оның ішінде жаңа білімнің пайда болу процесі күшті үдетілген, үнемі жаңа кәсіпке қажеттілік туындайтын тез өзгеретін ақпараттық қоғамдағы өмірге өсуші жас ұрпақтарды дайындау басты мәселе болып табылады. “Физикалық есептерді эвристикалық тәсілдермен шығартудың” мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін стандарт емес есептерді шешу арқылы дамыту үшін жағдай жасау болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда және физикадан білімдерін тереңдетуде аталған тақырыптың маңызы өте зор.

Әдебиеттер

1. Абдулғафаров Қ.К. Орта мектепте физика есептерін шығару. Мектеп мұғалімдеріне арналған көмекші құрал. – Алматы: Мектеп, 1986. – 122 бет.
2. Анарбаева А.Т. Бишимов Е.Б. Физика есептерін шығару тәсілдері. Алматы: Мектеп 1983. – 153 бет.
3. Әбдіғапаров Қ. және Қошпанов А. Қызықты физика. Механика, жылу, электр. Алматы. «Қазақстан» 1971, - 120 бет.
4. Беликов Б.С. Решение задач по физике общие методы: Учеб. Пособие. М.: Высшая школа. 1986. – 255 стр.
5. Жапаров Ж.Ж. Обучение физике через решение задач. – Алматы; 1992. – 189 стр.
6. Каменецкий С.Е. и Орехов В.П. Методика решения задач по физике в средней школе. Пособие для учителей. Изд. 2-е, перераб. М., «Просвещение» 1974. – 384стр.
7. М. Құдайқұлов, Қ. Жаңабергенов орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 1998.

8. Ланге В.Н. Экспериментальные задачи на смекалку. М. Наука, 1974.
9. Ланге В.Н. Физические парадоксы, софизмы и занимательные задачи. Пособие для учителя. М.: «Учпедгиз», 1963. – 120 стр.
10. Перельман Я.И. Занимательные задачи и опыты. М. Детгиз, 1959. – 525стр.
11. Перельман Я.И. Занимательная физика. Кн1. парадоксы, головоломки, задачи, опыты, замысловатые вопросы и рассказы из области физики. Изд. 14-е. М-Л, Гостехиздат, 1947. – 271стр.

Резюме:

Решения физических задач в преподавании и при воспитании политехнические и менторские способности обучающегося играет важную роль. Пока они не научатся их решать не освоят курс физики. В данный момент, когда информационное общество требует гибких и быстро развивающихся, самостоятельных, трудоспособное поколение, главным вопросом все еще остается воспитание в них такие качества которые требует промысли экономики. Цель решения эвристических задача курса физики является «Развитие у слушателей курса творческие способности через решение физических задач требующих нестандартного мышления».

Summary

Decisions of physical tasks in teaching and at education plays the polytechnic and mentor capabilities of student important role. While they will not learn to decide them will not master the course of physics. Presently, when informative society requires flexible and quickly developing, independent, able to work generation, a main question is still remained by education in them such qualities requires that economies. Aim of decision heuristic a task of course of physics is "Development for the listeners of course creative capabilities through the decision of physical tasks requiring the non-standard thinking".

ӨОЖ:332.83:537.214(574.57)(043)

М.А.Шүкіралиев, Ж.С. Жуманазарова

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехикалық университеті, Астана, Қазақстан

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АУДИТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Андатпа: Бұл статьяда энергияны сақтау шеңберіндегі ең маңызды мәселелер, энергия тұтынудың төмендеуі стратегиялық мемлекеттік мақсатқа айналғаны, қазіргі заманға лайық энергияны үнемдейтін техника мен жабдықтарды енгізу, энергетикалық аудиттің жүргізілуі, энергия тұтынудың төмендеуі, энергия ресурстарының кемуін - энергияны сақтаудағы шаралардың ең басты мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: Энергияны сақтау, энергетикалық аудит, автоматтандырылған жылу, энергетикалық ресурс.

2012 жылдың 13 қаңтарында қабылданған «Энергияны сақтау және энергетикалық тиімділікті көтеру» заңы энергияны сақтау шеңберіндегі ең маңызды мәселесі болып табылады. Жылу және электр энергиясы сияқты энергия тасымалдаушылардың бағасының көтерілуіне байланысты энергияны сақтау және энергияны тұтынуды төмендету қазіргі уақытта ерекше өзектілік алуда.

Өндіріс сферасындағы шығын анализі бойынша жылу және электр энергиясының тұтыну және тарату шығынының көп бөлігі (70%) энергия тұтыну сферасына тиесілі. Дегенмен, электр энергиясын тасымалдау кезіндегі шығын тек 9-10%-ды құрайды. Сондықтан да, энергияны сақтаудағы басты мәселе электр және жылу энергиясымен тұтыну сферасына жүктелу керек.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы әр адамның өміріне тікелей қатынасы бар, көп салалы кешен болып табылады.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің мәліметі бойынша Республиканың тұрғын үй секторының жалпы көлемі 280 млн. ш. м., оның ішінде 97,4 %-ы тұрғын үй жеке меншік иелігінде.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 50,1 млн. ш. м. немесе тұрғын үй қорының көп пәтерлі тұрғын үйлерге жататын 32 %-ы, тұрғын үй қорындағы үйлер жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуді қажет етеді, ал 3,8 млн. ш. м. (2%-ы) – бұл ары қарай пайдалануға жарамсыз, бұзылуға жататын апаттық жағдайдағы тұрғын үйлер.

Тұрғын үй секторы жіберілген жылу энергиясының 40%-ын тұтынады. Осыған байланысты сараптық бағалауларға жүгінсек, тұрғын үй ғимараттарында жылуды жоғалту 30%-ға жетеді, ал бұл коммуналдық қызметтерге артық төлеу деген сөз.


Бүгінгі таңда отандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық коммуналдық қызметтерді тұтынушылар тарапынан энергияның үнемделуіне немесе басқаша айтқанда, электрдің және жылудың үнемделуіне байланысты көп энергияны жоғалтып отыр. Мысалы, тұрғын үй секторындағы ғимараттар есіктер мен терезелер арқылы 68-70% жылу жоғалтады.

Қазіргі кезде көптеген көп пәтерлі тұрғын үйлерде жылуды үнемдеуге қажетті жылуды есептейтін үйге ортақ аспаптар, автоматтандырылған жылу пункттері орнатылмаған. Сонымен қатар, тұрғын үйлерде жылуды реттейтін қазіргі заманға лайық жүйелер де жоқ.

Статистика бойынша, Қазақстанда бір шаршы метр тұрғын үйді жылыту үшін Швеция, Германия және Финляндия елдеріне қарағанда бес немесе алты есе көп энергия жұмсалады.

Осы мәселе шеңберінде энергияны үнемдеуге бағытталған маңызды іс-шаралардың бірі ғимараттардағы энергияны үнемдеу санаттарын анықтау мақсатында ғимараттарға энергетикалық зерттеулер жүргізу болып табылады.

Бүгінгі таңда энергияны сақтау және энергиялық тиімділік бойынша жүргізілетін шаралар ірі энергия тұтынушыларды ғана емес, мемлекеттік бақылайтын органдарды да қызықтыруда. Энергия тұтынудың төмендеуі стратегиялық мемлекеттік мақсатқа айналды, сондықтан қазіргі заманға лайық энергияны үнемдейтін техника мен жабдықтарды енгізу, энергетикалық аудиттің жүргізіліп отыруы, энергия тұтынудың төмендеуі, энергия ресурстарының кемуін жою- осының барлығы энергияны сақтаудағы шаралардың ең басты мәселелері. Жеке есептеулер бойынша төменде көрсетілген диаграммада қалай және қаншалықты тұрғын үйлерде жылу шығынын төмендетуге болатыны көрсетілген [сурет 1].



Сурет 1- Тұрғын үйлердегі жылу шығындары.

Егер көрсетілген барлық цифрларды қоссақ, 55%-ды құрайды. Біздің тұрып жатқан үйлерде дәл осындай энергия тиімділікті көтеру потенциалы бар.

Үйдің жылулық пунктіне кірерде судың температурасы нормативті көрсеткіштерге сай келетін болса да, кейбір бөлмелерде суық болады. Бұл жылу беру маусымы кезіндегі дайындық уақытында тұрғындардың өз қалтасынан шығатын үй ішіндегі жүйенің шаю және үрлеу жұмыстарының нашар жүргізілетіндігімен түсіндіріледі. Сондай-ақ, жылудың нашар болуының тағы бір себебі құбырлардағы коррозиялар, қақтар және шөгінділер болып табылады. Жылу беру кезеңінде батареялардың суық болу себебін мынадай жылукөріністі түсірілім аспаптарынан көруге болады [сурет 2]:



Сурет 2- Жылу беруші құралдардың жылулық тексерілуі.

Ағынды су элеваторларының негізгі кемшілігі шамамен 10%-ға тең ПӘК төмендігі болып табылады.

Сондықтан сыртқы жылу желілеріндегі қысымдардың айырмасы жылу жүйесі үшін айналым қысымынан 10 есеге асуы керек.

Ағынды су элеваторының конструкциясы жылу автоматикасы жүйесін орнату үшін күрделірек.

Осы проблеманы шешу үшін жылуды есепке алу аспабы бар автоматтандырылған жылу пункті жұмыс істейді.

Көп қабатты тұрғын үй ғимараттарында автоматты реттеу аспаптарын орната отырып, жылу пунктері қайта жаңартылған жағдайда энергияны үнемдеу есебінен айтарлықтай нәтижеге жетуге болады.

Автоматтандырылған жылу пункті сыртқы ауа температурасына және пайдаланушы жылыту реттегішінің мәзіріне енгізген кестеге сәйкес параметрлері автоматты түрде реттелетін жылутасымалдауға және оны жылыту жүйесіне беруге арналған.

Тұрғын үй ғимараттарының жылыту пунктерінде автоматика құрылғыларын орнату нәтижесінде электр тұтынуды жыл бөлінісінде 15...20% және сыртқы ауа температурасы 0° С градустан асқан кездегі ауыспалы кезеңдерде 30...34% деңгейінде іс жүзінде үнемдеуге болады [1].

Жүргізілетін жұмыс көлеміне байланысты энергетикалық тексеру экспресс-тексеру (сканерлеу) және кешенді тексеру (энергетикалық аудит) болып бөлінеді.

Рационалды емес энергия шығындарының себебі мен қайнар көзін, су және энергияның ақталмаған шығынын анықтау; техникалық-экономикалық анализ ұсынымдарының ликвидациясы бойынша өңдеу; энергетикалық ресурстарды үнемдеуі және рационалды пайдалану бойынша техникалық-экономикалық жүйелі программаны ұсыну- энергетикалық аудиттің ең маңызды мақсаттары болып табылады.

Тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығындағы энергетикалық аудиттің жүргізілуі, әдетте, тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығындағы энергиямен қамсыздандыру жүйелерінің экономикалық тиімділігін жоғарылатуға құштар ұйым басшылығымен тікелей шешіледі. Алғашқы байланысты жауапты басшымен орнатады. Энергетикалық аудиттің жүргізілуіне мән берген басшының қызығушылығы жұмыс барысында кездесетін көптеген мәселелерді шешеді.

1 кезең (дайындық кезеңі). Жетекшімен алдын-ала байланыс құрылады. Бұл кезеңде маңызды тұтынушылармен және энергия ресурстарының таратылуы мен өндіріс жүйелерінің структурасымен таныстырылу жүргізіледі.

Жүргізілу мерзімі мен кезеңдерінің құны көрсетілген энергетикалық аудит жұмыстары бойынша программа өңделеді.

Энергетикалық аудиттің жүргізілуіне келісім жасалады.

Энергетикалық аудиттің жүргізілуі барысында алдын-ала берілетін ақпарат тапсырысшыға кестелерді толтыруға мүмкіншілік береді.

2 кезең (бастапқы энергетикалық аудит). Базалық және ағымдағы период кезіндегі тұтыну мен энергетикалық ресурстарын тарату бойынша; пайдаланылатын құралдың технологиялық сипаттамасы, техникалық жағдайы мен пайдалану ұзақтылығы мен режимі туралы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектілерінің орналастыру және ресурстарды тарату туралы схемалар сияқты жалпы деректі ақпараттар жинастырылады. Қолда бар жобалық құжатпен және жобалық тиімділік көрсеткіштерімен танысу жүргізіледі.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының электр, жылу, су, жарық сияқты энергетикалық ресурстарымен қамтитын жүйе жағдайымен танысу өтеді.

Бұл кезеңде энергетикалық аудиттің толық жүргізілу программасының өңделуі мен келісуі өтеді.

Сонымен бірге, энергетикалық аудиттің жүргізілу барысында мазмұнын, мерзімін және келісім бағасын өзгерту осы кезеңде жүзеге асырылады.

3 кезең (толық энергетикалық аудит). Сатып алынатын энергетикалық ресурстарының тарифтері бойынша керекті, қосалқы информациясы жинақталады.

Тұрғын үй-шаруашылығы объектілеріне аспаптық тексеру және энергетикалық аудит программасымен келісілген қолдану режимдері жүргізіледі. Энергетикалық аудиттің ең маңызды мақсаты- энергетикалық ресурстар шығынының төмендеуі, сонымен қатар, оларды өңдеуге және тұтынуға кететін финанстық шығындардың да азаюы болып табылады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектілерінің энергетикалық паспортының дайындалуы энергетикалық аудитті жүргізу барысындағы қорытындылары көмегімен стандартты формада жасалынады. Паспорт және есептеме аймақтық тұрғын үй-шаруашылық Басқармасымен келісіледі.

4 кезең (мониторинг). Әрекеттің жалғасуы мен энергия сақтау жүйелерінде тереңдетілген тексерулер жүргізіледі. Сонымен қатар, энергия сақтау бойынша толықтырулар қосылады және қол жеткізген нәтижелер бойынша анализ жасалынады [2].

Ғимараттарда энергия тиімділігін арттыру Қазақстанда басым міндет болып табылады, тиісті жаңа нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар әзірленуде. Энергия үнемдеу саясатын іске асыру және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін энергетикалық аудитін жүргізу қажет.

Энергетикалық аудитке ғимаратты зерттеу, оның қазіргі ахуалын және энергия үнемдеуді төмендетуге, ғимараттағы микроклиматты жақсартуға мүмкіндік беретін түрлі іс-шараларды бағалау және талдау кіреді.

Нәтижелері энергетикалық аудит жөніндегі есепте көрсетіледі. Онда инвестициялары, үнемдеу және беретін пайдасы анық баяндалған іс-шараларды жүргізу ұсынылады. Энергетикалық аудитін жүргізу кезінде алынған қосымша мәліметтер мен нәтижелерді халықаралық және жергілікті рәсімдер мен талаптарды сақтай отырып, энергетикалық сертификатта көрсетуге болады. Энергетикалық аудиттің арнайы даярланған және тәжірибелі энергия аудиторлары атқарулары тиіс.

Энергетикалық аудитті жүргізуде энергия тұтынуға және үй-жай атмосферасына әсер ететін барлық факторлар бағалануы тиіс. Қабырғалар, терезелер, шатырлар мен едендер, жылыту жүйесі, жарықтандыру, сондай-ақ ас үй, кір жуатын орын және т. б. Тиесілі түрлі жабдықтар мен ауа баптау жүйесі қамтылады.

Сонымен қатар, ғимарат пен оның инженерлік жүйелерінің қалай басқарылып, пайдаланылып жатқандығы (көбіне өз мақсатына сай емес) қаперге алынуы қажет [3].

Көп пәтерлі тұрғын үйлердегі жылулық шығындар негізінен, ғимараттың сыртқы жағдайына байланысты. Яғни, сыртқы қабырғадан 40%, терезеден 18%, шатырынан 18%, еденнен 10% жылулық шығындар жұмсалуды мүмкін.

Артық энергия деген болмайды, ол біздің елімізде де жоқ. Сондықтан бәрімізге энергияны үнемдеуді үйрену керек және де тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың барлық жүйелеріндегі жұмыс істеу философиясын өзгерту қажет. Сондықтан Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде іс-шаралар жүгізу біздің мемлекет үшін өзекті болып отыр[4].

2010 жылы жүргізілген зерттеулердің деректері бойынша Қазақстанда ғимараттардағы жылу энергиясының шығыны жылына бір шаршы метр үшін шамамен 240 кВт болады, бұл жылына 1 шаршы метрге 100-120 кВт деген ортаеуропалық көрсеткіштен айтарлықтай төмен. Сондықтан да жылу, электр энергиясының үлкен техникалық және коммерциялық шығындары тұрғын үй-коммуналдық секторында орын алады.

Жоғарыда айтып кеткендей, соңғы жылдары энергия үнемдеу проблемасы өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл энергетикалық ресурстардың шектеулілігімен, энергия құнының жоғарылығымен, оны өндіруге қатысты қоршаған ортаға кері әсерімен түсіндіріледі. Энергия үнемдеу технологияларын іздеу біздің елімізде де, әлемде де алдыңғы қатарға шығып отыр. Оларды қолдану жылу және электр энергиясын үнемдеудің тиімді әдісі болып саналады. Энергетикада энергия үнемдеу технологияларын қолданудың негізгі мақсаты тұтынуды оңтайландыру және шығындарды төмендету болып табылады.

Мақалада қарастырылған шатыр және жертөле бөлмелерінің жылытылуы, кіретін есіктер мен терезелердің алмастырылуы, желдеткіш жүйелерінің модернизациясы, жылу жүйелерінің реттелуі, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінің жөнделуі, энергетикалық тексерілудің жүргізілуі сияқты энергия сақтау шаралары - бізге энергияны үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал бұл адамзат үшін коммуналдық қызметтерге кететін шығынның айтарлықтай азаюы болса, ел үшін ресурсты үнемдеу, ал экология үшін атмосфераға түсетін зиян газдардың азаюы, энергетикалық компаниялар үшін отынға кететін шығындар мен құрылысқа кететін шығындардың азаюы болып табылады.

Осылайша, мақалада айтылған энергияны үнемдейтін шараларды жүргізу энергетикалық ресурстардың тиімді пайдалану жөніндегі мәселелерін шешуге мүмкіндік береді [5].

Әдебиеттер

1. Закон Республики Казахстан «Об энергосбережении и повышении энергоэффективности» .
2. Фокин В.Н. «Основы энергосбережения и энергоаудита»- Москва, 2006.
3. Методические указания по проведению энергоаудита в жилищно- коммунальном хояйстве- Астана, 2011.
4. Государственная программа модернизации ЖКХ Республики Казахстан на 2011-2020 годы.
5. Методическое пособие для повышения уровня зданий об энергоэффективности среди молодежи- Астана, 2011 г.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

А.Ш.Абенова

№5 «Нұрсәт» бөбекжай-балабақшасының саз жетекшісі, Шымкент, Қазақстан

БАЛАЛАРДЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘУЕНДЕРІНЕ БАУЛУ

Аңдатпа: Баяндамада балаларды халық әуендеріне баулу жолдарының тиімділігі баяндалған. Бала бойында музыкалық мәдениетті қалыптастыру қарастырылған.

Қоғам адамның эстетикалық даму деңгейін қамтамасыз етпейінше, еш уақытта рухани және материалдық бай бола алмайды. Жеке адамның эстетикалық талғамы мен мақсаттарын қалыптастыру нені ұйғарады? Оның қабілетінің дамуы ақиқат құбылыс пен өнер туындыларын, шығармашылығын қабылдауынан өмірдің асқан әсемділігін түсініп, қабылдай білуге тәрбиелеуі қажет. Баланың рухани мәдениетін, құнды эстетикалық талғамын қалыптастыруда музыка үлкен рөл атқарады.

Музыка – эстетикалық тәрбие беру арқылы өнердің басқа түрлері сияқты ол да өмірдегі әсемдікті, табиғат сұлулығын бағалауға және адамдар арасындағы жағдайларды түсініп, білуге үйретеді. Эстетика саласынан балаларға тұрақты білім беру, өнер жөнінде, оның ішінде музыка саласынан білім беріп, әнді айту, музыкадан күйді тыңдау дағдыларына үйретіп, музыканың өзі практикалық іспен еңбекпен пайда болатынын сезіндіру, дүние әлемнің тынысын байқау, аңғару, баланың сана-сезіміне әсер етіп, оларды білгірлікке, тапқырлыққа, өнерге де сүйіспеншілігін одан да тереңдетіп, адамгершілік бағытында тәрбие беру.

Білім мен тәрбие беру ісін ойдағыдай жүргізу үшін алдымен әрбір пәннің бағдарламасын жетілдіріп, қазіргі уақыт талабына сай етіп жасау міндеті күн тәртібіне енгізіліп отыр. Сондықтан да музыка мамандары осы бағытта еңбек етуде. Бүгінгі қайта құру кезеңінде балалардың тәрбиесін жетілдіру мәселесіне аса зор көңіл бөлініп отыр. Қазақ халқы басқа халықтар сияқты өз тіршілігінің сан ғасырлық тарихының ішінде өскелең ұрпаққа музыкалық эстетикалық тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін қалыптастырған. Сонымен бірге балалардың тәрбиесі көшпелі малшы отбасының күнделікті тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болады. Содан болар, қазақ халқы бала жұбатса да, ойнатса да, жақсы көріп сүйсе де, оның жақсы қасиеттерін бағалағысы келсе де, өзі кәсіп еткен малдардың жақсы қасиеттеріне көркем тұлғасы мен көрінісіне теңеп «Қошақаным», «Құлыншағым», «Ботакөзім», «Ақмаралым», «Марқақозым», «Марғауым», «Ботам» деп еркелетеді. Қазақ халқы өздерінің кең жазира даласына, табиғаттың әсем, таңғажайып көрінісіне, оны мекендеген құстар мен жануарларға басқа да табиғи байлықтарға деген мақтаныш сезімін көркем образды сөздермен, өнегелі істерімен балалардың санасына жеткізіп отырған. Оларды сақтай білуге үйреткен. Міне, қазақтың халық педагогикасындағы бала тәрбиелеу дәстүрінің өзіндік ерекшелігі. Сондай-ақ осы бай мұраны балабақша практикасында музыка сабағында қолдану тиімді. Өнермен сабақтастырылған жаңа бағдарламалардың негізгі мақсаты- балалардың бойында рухани мәдениеттің аса маңызды саласы-музыкалық мәдениетті қалыптастыру. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті ежелден-ақ келе жатқан. Қазақ халқы тегінен әнге, күйге бай халық. Ән салмайтын, күй тартпайтын жан кемде-кем. Халықтың әр түрлі, жиын, той демалыстарда ән айтылмай, күй тартылмай қалмайды. Той бастаушы құйқылжытып тойды ашады, жыршы жырын, қиссасын айтып, домбырашы күй шертеді. Содан кейінгі кезек әншілерге тиеді. Әдетте әнді 2 не 3 кісі бірігіп айтады. Мұндайда топтан жеке дара шығатын шын өнерпаз танылады. Ал, жас балалар, аға - апаларының, өнерлерін қызықтап, беріле тыңдап, жаттап алып, қай кезде де дауыстап санасына тоқуды армандайды. Мәдениетіміздің күн сайын өсуіне байланысты жас сәбилерге, балалар үшін ойнап, айтып, билеп әрі тыңдауға арналған әр түрлі аспаптық көркем шығармалар да туа бастады. Өткен ғасырдың аса бағалы ән-күйлері, термесі, жырлары халықтық музыканың творчествосын негізге алған, қазақтың жастарға, бала-бақша балаларына музыкалық мәдениеті қазіргі дәуірде өркендеп, балаларды адамгершілік рухта, музыкалы-эстетикалық нәзік сезімге тәрбиелеуде музыка үлкен рөл атқарып отыр. А.В.Затаевичтің қазақ музыкасы мәдениетіне сіңірген еңбегін бағалай келіп, француз жазушысы Ромен Роллан қазақтың ән-күйлерін: «Кең даланы құлпытқан тамаша да, таза ән-күй саздарының гүлдері екен», - деп шексіз масаттанған пікірін айтқан «Жас шақта берілген тәрбие өмірлік аңыз» - дейді халқымыз. Осыған орай музыкалы-эстетикалық түсінік сәбидің жас кезінен-ақ пайда болады. Сөйтіп баланың есту қабілетіне байланысты үздіксіз дами түседі. Жас сәбилер алғаш өзінің сүйікті анасының әуенін тыңдап өседі, соның қарапайым да қоңыр сазын құлағына сіңіреді. Есейген сайын ән айтуға, әуен тыңдауға

құмартады. Өстіп музыка баланың қанына, санасына сіңеді. Әдетте жасөспірімдердің музыкалы-эстетикалық талғамы бірдей бола бермейді. Тіпті олардың бірі музыканы тез қабылдап, екіншісі орташа, үшіншісі баяу қабылдайды. Бұл табиғи жағдайға байланысты болады да, кейіннен баланың өскен ортасына, музыкалы-эстетикалық талғамының жетілуіне, қабылдау қабілетіне және табиғи дарындылығына байланысты дамиды. Осыларға орай, шәкерттердің музыка өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, музыка өнеріне жөн сілтеу, ең әуелі отбасы болса, одан соң музыка тәрбиесі мен сабағының міндеті деп білеміз.

Ән-күй сабағында балабақша балаларын мәдени рухта елді құрметтеу, халықтар достығына, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуді іске асырушы тұлға музыка мұғалімі. Сонымен қатар музыкалық тәрбиені қазіргі заман талабына сай көтереміз деп жүргенде техника қаншама қарыштай дамыса – дағы баланың аты бала екенін ұмытпауымыз керек. Олардың сезім тазалығы, шыншылдығы, табиғатты шынайы қабылдауы секілді негізгі қасиеттері ескерілгендігі ләзім. Оның үстіне, ең үлкен мәселенің бірі, адам өмірінің әсем де әсерлі көктемі – баланың дәуренді баланың музыкалық сезімталдығын кеңейту және талабын байқау, есту қабілеттілігін, ырғақтық сезімін, музыкаға деген ынта-ықыласын дамытып өрістету қажет.

Жас сәби анасының құрсағында бола тұра ананың әніне бөленіп өседі. Әнмен балбырап ұйықтайды да, жыласа әнмен әлдилеп жұбатылады да, оның әнге деген сүйіспеншілігі қалыптаса бастайды. Ананың әсем даусы баланың есінде мәңгі сақталады. Оған қосымша әкенің, аға мен әпкесінің әні де домбыраның үні т.б. музыкалық аспаптардың да әсері тиіп, көркемдік ортасында өскен баланың бойында адамгершілік қасиеттері мен эстетикалы нәзікті мінез қалыптасуына тікелей ықпалы тиеді.

Жас сәбидің дүниетану сезімталдығының ең бір қымбат кезеңі 5-6-7-жас арасында жан-жақты тәрбие негізі көпшілік қасиеттері қалыптасады. Бұл жайда өнердің атқаратын орны үлкен. Осы айтылған ойға Абай Құнанбаев шығармашылығынан жауап алғандай сезінеміз.

«Жақсы ән мен тәтті күй, құлақтан кіріп бойды алар, әнді сүйсең менше сүй», - деп халқымыздың бүкіл болашағын Абай өз бойындағы эстетикалық-әсем қасиеттерді өз сөзімен, өз әнімен, «әнді, күйді менше сүй», -деп тұрса, екінші бір өлеңінде:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,

Ойласаңшы бос қақпай, елең салақ - деп Абай адамның бүкіл өмірі мен шығармашылығы, өлеңнің, әннің, өнердің үлкен орын алатындығын, оның тәттісі мен тұщысы, қызығы мен тұжырымдайды да, сол өмірде бос қалушылық, елең-селеңдік жолынан аулақ болып, өмірде із қалдыру, өсиет пен өнер қалдыру жағын мықты ескертеді. Бері келе сазгер, композитор ағаларымыз Е. Брусловский, А.Жұбанов, Л.Хамиди, М.Төлебаев, Д.Бәтбаев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Бейсеуов, Б.Ғизатов, Жүсіпбаев т.б. балаларға және жас өспірімдерге арнап музыкалар жаза бастады.

Б.Байқадашовтың «Айгөлек» сөзі Н.Баймұханбетовтікі атты балалардың Отанды сүю жана тұрмысын шаттық бағытын оның өнер, білім, еңбекке деген талабын жыр етеді.

Көлдей шалқып жас өмір,
Тасып жатқан шағында.
Кемерінен шалықтап,
Асып жатқан шағында.
Ойын ойнап, ән салмай,
Өсер бала болар ма.
Күміс күлкі көрмей ол,
Көмейіне толар ма?

Сол сияқты А.Жұбановтың «Отан туралы жыр», Е.Жұбановтың сөзіне жазылған «Көгершін», К.Әзірбаевтың «Бесік жыры», М.Төлебаевтың «Соқ барабан», Л.Хамидидің «Отан» туралы әндері балаларды Отанды, елін сүйіп, музыкалық-эстетикалық талғамын дамытудағы құдіреті ұшан-теңіз болғанына дау болмас дейміз.

Қазақстан Республикасының халық әртісі, халық қаһарманы композитор Нұрғиса Тілендиев Абай өлеңдерінің бәрі тәрбиелік мәні жоғалмаған бүгінгі ғылыми-техникалық музыкалы-эстетикалық рухани байлыққа қол созған балаларға «Абай арманы» жар салып:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,

-деп әдемі сазды ән жазып, Абайдың болашақ жастарға, балаларға бағыттаған ойларына жаңа бағыт, терең сезім, педагогикалық тәрбие, эстетикалық нәрімен, көркемдігін халқымызға дәріптеп отыруы жай болмас. Бұл туралы академик Б.Асафьевтің айтқан ойлары дәлел. «Ән әуенін осы ерекше әсерлілігі өлеңнің образды мазмұны, нәзік интонациялық жаймен бейнелеуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде музыка мен ақындық бір-бірімен жымдаса отырып, жүрекке жылы, ұнамды бірлік жасайды», - дейді.

Академик Б.Асафьев айтқандай екі өнер саласы ән мен өлеңнің бірлестігінің арасында ән табиғаты өмірде кең тараған өнердің біріне айналып отыр. Ән айтпайтын, құлақ қойып тыңдамайтын адам болмайды. Ән тыңдап, дауыстап айту адамға біткен табиғи керектілік. Ол адамның дүниеге келген кезеңінен бастап, сөйлей білуден бұрын үлкендердің көмегімен санадан орын алатын табиғи құбылыс. Бүгінгі өмірде ән, күй табиғатының шеңбері кеңейген кез. Баланың жасына сәйкес үлкендердің еңбек пен мамандық ерекшеліктеріне де арналып әндер айтылып жүр. «Бөбек әні», «Әлди-әлди бөпешім», «Ақ ботам», «Бөбектер әні» т.б. балалардың бақытты болашағы Отанға, өскен жерге, әке мен анаға деген сүйіспеншілігін жырласа, басқа әндерден еңбекке, өнерге, білімге, спортқа құмарлығын тәрбиелейтіндігін білеміз. Халқымыздың әсем сазды әндері мен күмбірлеген күйлері балаларды әдемі әнімен болашақ мамандыққа, әке мен ананың, аға мен әпкенің іс-әрекеттеріне қызықтыра отырып: «Мен болашақ әкем сияқты диханшы», «Малшы», «Машина айдаушы», «Ғарышкер», болам десе, анасының мамандығына сүйсініп отырып, «Мен сауыншы», «Мұғалім», «Дәрігер», «Тәрбиеші», «Әнші» болам-деп болашағын аңсап болжайды, армандайды жас бүлдіршін балалар.

Осы арманды орындап жүргендері аз емес. Баланың эстетикалық сезімін қалыптастыруда аспаптық музыканың да алатын орны өте зор. Мысалы; халық күйі кеңес, «Кеңес», «Айжан қыз», Құрманғазының күйі «Алатау», «Балбырауын», Дәулеткерейдің күйлері «Қосалқа», Д.Нүрпейісованың күйлері «Той бастар», А.Жұбанов «Би күйі», т.б. Олардың сүйсініп тыңдайтын күйлері арқылы олар елін, жерін танумен қатар, халықтың мұң-мұқтажын, болашағын сезгендей бойларын эстетикалық сезім билейді.

Көрнекі құралдар; Күйсандық, ойыншық күйсандық аспаптары ойынның тақырыбына қолданылатын және ұпай санын көрсететін көрсеткіш тақта, «Әуенді тап» ойынның эмблемасы. Әрбір ойыншының алдында шағын үстел және оның үстіне күйсандықтар қойылуы тиіс.

«Әуенді тап ойынының мақсаты»; Балаларға халық сазгерлерінің бұрынғы және бүгінгі сазгерлердің балаларға арналған ән-билерін, көршілес халықтардың ән-билерін тыңдатып, таныстырып және олардың сол әуендерді қаншалықты білетіндіктерін байқау арқылы өнерге баулу.

Тәрбиелік мәні: Балалардың халқымыздың музыкалық қазынасына яғни ән-биіне құрметін тәрбиелеп, сұлулыққа құштарлық эстетикалық сезімін күшейтеу.

Ойынға ересектер тобының 3 тәрбиеленушісі және естияр тобынан бір ойыншы шығады.

Ойын шарты: Мынау көрсеткіш тақтадағы қатарда балаларға орындалатын әндердің қандай тақырыпта екендігі жазылған. Олар көлденең оқылады.

1. Балабақша әндері.
 2. Отан туған өлке.
 3. Табиғат әуендері.
 4. Аналарға арналған әндер.
2. Сабақтың тақырыбы: «Домбыра дастан».

Сабақтың мақсаты: Күй атасы Құрманғазымен оның шәкірті Дина жөнінде терең мағлұмат беру, өнер адамына құрмет сезімін туғызу, сөздік қорларын молайту.

Тәрбиелік мақсаты: Құрманғазының туындылары арқылы, халқымыздың дамуына үлес қосуға тәрбиелеу.

Дамытушылық мақсаты: Балалардың өнерге деген эстетикалық қызығушылығын арттыру, қиялын арттыру.

Сабақтың барысы: Балаларға домбыра аспабымен таныстыру. Аспапты көрсету, ойнау әдісін, тәсілдерін көрсету, домбыра аспабында ойналатын шығармаларды айтып өту.

Құрманғазы ағамыз қос ішекті домбыраға күш беріп, адамша сөйлеткен, «Балбырауын», «Адай» және «Сарыарқа» атты күйлері де әрі мазмұнды әрі әсерлі.

Ал, қазір «Сарыарқа» күйін тыңдаймыз. Бұл күйде қарапайым халықтың той-тамашаларын, бәйге мен қыз қуу сияқты ойын сауықтардың, сондай-ақ кең байтақ дала бейнесін елестетеміз. Балалар Құрманғазының күйлерінен үзінділер тыңдады.

Асқан дарынды күйшінің құдіретті саусақтарынан тамылжып шыққан музыка үнін тыңдап, ерекше ләззат алған орыстың белгілі этнографы Савичев 1868 ж. «Уральские Войсковые ведомости» атты газетінде былай жазды: «Құрманғазы домбыраны жедел күйіне келтіріп, құлағын сәл бұрай түсті

де, бірден құйқылжытып тарта жөнелді. Мен алғашқы кезде таңданып едім, кейін оның домбыра тартысына қайран қалдым. Екі ішекті, мұндай жұпыны аспаптан музыкаға ұқсас бірдеңе шығады ғой деп күтпеген едім, бірақ адам қабілетінің күші сол емес пе, домбырадан соншалықты таза музыка естілді. Мен оның домбыра тартысын бозторғайдың немесе бұлбұл құстың еркін сайрауы деп айтар едім, бірақ артист қиялының ұшқырлығын біраз тежейтін аспаптың қарапайымдылығына қарамастан, бұл теңеу де тым жеткіліксіз. Қорыта айтқанда Сағырбаев сирек кездесетін жан, егер Европалық білім алса ол музыка дүниесінің шолпан жұлдызы болар еді».

Бірде өзінің 7-жасар қызын әкеп тұрып апасы музыка мұғалімінен: «Қызымды музыкаға оқытуға тұра ма? Оған қабілеті жетер ме екен?» деп сұрапты. Жауап орына мұғалім өзі сұрақ қояды: «Сіз физика, география, тарих пәндерінің мұғалімдерінен қызыңыздың сол сабаққа қабілеті бар ма деп сұрадыңыз ба? Келешекте қызыңыз физик, географ, тарихшы болмауы мүмкін екенін біле тұрып, мектепте осы сабақтардың бәрін оқитынына таңданбайсыз. Сонда физик те, географ та, тарихшы дабұнсыз өмір сүре алмайтын адам баласы данышпандарының ойлап туғызған музыкасын тек сұрыпталған өте талантты балалар ғана оқуы керек пе? Қандай дана мұғалім, белгілі педагогтардың өздері айтысып қалатын осындай мәселені қарапайым әрі дәл шешті» – дейді композитор Кабалевский. Баланы жастайынан музыкаға баулып, оған жағдай жасап келешекте музыка мектептері арқылы жалғастырсақ келешекте Қазақтардың арасында Құрманғазы, Дина сияқты неше Шолпан жұлдыздарымыз шықпасына кім кепіл. Ендігі мақсат, егеменді Қазақстан Респубоикасы көлеміндегі жасөспірімге эстетикалы тәрбиені күшейту деген бетбұрысты еске ала отырып, музыкалы тәрбиенің болашағын жан-жақты ойластырғанымыз жөн. Оны тек балабақшадан бастау керек деген ойдан аулақпыз. Жас сәбилердің музыкалы-эстетикалық тәрбиесін ұйымдастырып, жоғары дәрежеде жүргізу дегеніміз бүкіл халық болып әр бір азаматтың баланың эстетикалық тәрбиесі баршаның ісі музыкалы эстетикалық тәрбиесін жаңарта, қайта үру жүйесіне тікелей кірісу деген сөз.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ халық музыкасы және жастар» М.Х.Балтабаев.
2. «Отбасы және балабақша» журналы.
3. «Ән өнері және уақыт» М.Ахметова.
«Бала мен балабақша» журналы.

Резюме

В докладе показано обучение детей к народной музыке. Опираясь на музыку народных композиторов и поэтов, содержание доклада направлено на развитие у детей музыкальной культуры.

Summary

This report deals with the teaching of folk musical education for children leaning on music of folk composers and poets, the content of the report is directed to musical culture of children.

ӘОЖ: 371. 72

А.Р.Ахмаднйзова, С.Қ.Баратова

№13 А. Навоий атындағы жалпы орта мектебі, №65 А.Музрапов атындағы жалпы орта мектебі,
Сайрам ауданды, ОҚО

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісінде жүктеліп отырған жаңа талап, міндеттер оқытушыларға қойылып отыр. Сондықтан оқытушы іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бастауыш сыныпта пәндерді оқыту барысында теориялық білім негіздерін меңгертумен ғана шектелмей оқу үрдісінде оқушылардың шығармашыл әлеуетін дамыту, бәсекеге қабілетін арттыру, ақпаратты өзі тауып өзі іздеп тәжірибесіне қолдана білуге үйрету өмір талабы болып отыр. Аталған қажеттіліктердің оқыту үрдісінде кей жағдайда іске аспауын қалыптасқан дәстүрлі оқыту жүйесі мүмкіндігін шектеулі екендігімен түсіндіруге болады. Бұл мәселе тек оқыту үрдісінде оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру арқылы шешімін таппақ. Осындай тиімді оқыту тәсілдерінің бірі – Дидактикалық ойындарды оқу үрдісінде пайдалана отырып оқыту. Ойын - оқытуда жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады.

Ойын бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп ұғынады.

Белгілі психолог Е.А.Аркиннің пайымдауынша, ойын және ойыншық балалар өмірін сипаттайтын бірден-бір жалпы ұғым.

"Балақан өсімдік сияқты өз ішінен өсіп жетіледі және бұл үрдіс қатаң түрде әр жеке баланың өзіне ғана тән. Бала тіршілігінің негізгі заңдарының бірі осындай".

Кезінде К.Д.Ушинский, В.А. Сухомлинский: оқушы-балалық үшін оларды тәрбиелейтіндей орта туғызу, жағдай жасау керектігін атап көрсеткен болатын.

Оқу мен тәрбиеге байланысты жұмыстарды үйлестіруде іздестіру барысында С.Т.Шацкий қазірге дейін маңызды жоймаған мынадай пікір айтқан еді: "Біздің қолымызда күш пен қаржы болғандықтан, біз тек қана арнаулы мектеп ғимараттарындағы емес, одан тыс жерлердегі педагогикалық үдістерді зерттеуіміз керек". Өкінішке орай, бұл идея мектепті толғандыруды қойды, теория мен практиканың басты назарында тек сабақ қана қалып отыр. Мыңдаған балалар сабақтан тыс уақытта не шаруамен, қандай іспен айналысуды білмейді. Балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруды қалай жақсартуға болады, бұл мәселе педагогикалық үрдісте қандай орын алады. Ойын әрекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ маңызды орын алады. Алайда, жақсы, дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады, ойын бастауыш сынып мұғалімдерінің бірден-бір көмекшісі болуы керек.

Ойын екі түрлі уақыттық бағытта әсер етеді: қазіргі және болашақта. Бір жағынан бала бірден, осы мезетте бірден қуанышқа бөленеді, екінші жағынан ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені онда, ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін сапалық қасиеттер мен дағдылар, қалыптасады.

А.С.Макаренконың айтуы бойынша, ойынға біржақты көзқарас қате педагогикалық үрдісте ойынды дұрыс пайдаланбауға әкеп соғады, көп ретте мұғалімдер ойынның негізгі мәні балаларға қуаныш сыйлау екенін ұмытады. Ойын бала үшін жаңа ортаға тезірек үйренуіне мүмкіндік береді. Жаңа ортаға, оқу үрдісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді. Ал,

Ю.К.Бабанский ойынды бастауыш сынып оқушыларының барлық әрекеттерін ынталандырудың түрлері мен әдіс түрлерінде ұсынады.

Н.К.Крупская бала жас болғандықтан ғана ойнамайтынын, балалықтың өзі оған ойнау үшін, яғни жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілетінін айтқан болатын. Сабақты ойын түрінде жүргізу шәкірттердің білімге ынта-ықыласын арттырады. Ойын арқылы ұйымдастырылатын сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты - оның сапалы болуы. Яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге оны әдіскерлік танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру. Оқытудың тәрбиелік қызметімен практикалық бағытымен күшейту де осы міндеттерден туындайды. Сабақта ойын түрін пайдалану - сабақтың әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны.

Ойын түрін оқу үрдісінде пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңінде, қайталау сабақтарында пайдалану тиімді. Ойын түрі, материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасымен қызығушылығын арттырады. Дидактикалық ойындар барлық сыныптарда қолданылады. Әсіресе алты жастан бастап оқытудың ойын әдістеріне көп көңіл бөліну керек. Демек, ойын деген аты ғана, ал, шынында, ол сабақтың еңбектің жиынтығы. Ойын түрлерінен тәрбиенің түп мақсатын байқауға болады. Ойын барысында бүлдіршіндер бірін-бірі сыйлауды, үлкенді құрметтеуді, мектеп мүлкін қадірлеуді үйренеді. Аңыз ертегілер, мысалдар тыңдау арқылы адамгершілік қасиеттерге, ерлікке, батылдыққа ден қояды. Оларды адамгершілік қасиеттерге, ерлікке, шыншылдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелейді.

Ойын - оқушылардың ойынға деген ынтасын арттырудың маңызды құралы. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бастауыш сынып оқушылары әлі ойын баласы. Сондықтан да бастауыш сынып оқушылары сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Яғни алты жасар балалармен ойналатын ойынның мазмұны жеңіл болады, ал сыныбы жоғарылаған соң, яғни, екінші, үшінші, төртінші сыныптарда бұл ойынның мазмұны күшейеді. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан бұл ойынды балалардың жас ерекшелігіне және өтілетін тақырыбына, мазмұнына сай етіп таңдап алғаны дұрыс.

А.В.Сухомлинский "Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз - ұшқын білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанар оты"- деген болатын.

Біздіңше, педагогика теориясы мен практикасында сыныптан тыс жұмыста ойын әрекеттеріне жаңаша, тәрбие үрдісінің ажырамас бөлігі ретінде қарау керек, тарихи қалыптасқан тәжірибелерді

ескере отырып, оны ұйымдастырудың кейбір алғышарттарын пайымдап, саралау қажеттігі туады. Бастауыш сынып оқушыларының ойынәрекетін ұйымдастыруды зерттеудің көкейкестілігі әсіресе қазіргі кезеңде өсіп отыр.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және міндетті атқарады. Ойынның мақсаты-бағдарламада анықталған білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту, қайталау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, белсенділігін арттыратындай іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады. Сонымен қатар мұндай ойындар мен жаттығулардың мазмұны, мақсаты, қолданылатын көренекіліктер ұйымдастыру мен орындаудың әдіс-тәсілдері баяндалған.

Дидактикалық ойынды пайдаланудың жиілігін мұғалім анықтайды және шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде өтілген материалды қайталағанда білімді тиянақтау мен тексеру кезінде яғни сабақтың кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құрамды бөлігіне айналдыруға болады. Бірақ, ойын процесі мен оқу процесін бір-біріне етене ұластырып, ұйымдастырған жөн. Бала ойын іс-әрекеті үстінде қандай да білімді игеріп жатқанын, ал оқу процесінің өзінде қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және оқу іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік, және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Осы шарт орындалған жағдайда дидактикалық ойын шын мәнінде оқыту әдістеріне дейін көтеріледі.

Ойынды ұйымдастырудың өзі қандай да бір дидактикалық мақсат пен міндетке бағындырылуы керек.

Дидактикалық ойындардың тиімділігі олардың сабақтың әр кезеңінде орны мен міндетін және мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын мұғалімнің жетік игеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдың жиынтығын алдын-ала дайындап алуға, ойын процесіне оқушыларды белсенді қатыстыруға байланысты.

Жоғары білім беру мәселесі қоғамды дамытуда, ұдайы өндірісте, ақыл –ой, шығармашылықты қабілетті жетілдіруге аса маңызды рөл атқарады. Жеке адамның дамуының қозғаушы күші экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге, құбылыстар мен дәйектерді талдай білуге, шығармашылық түрде ойлап, тез арада шешім қабылдауға үйрету- өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан , жоғарғы оқу орнында болашақ мамандарды сапалы даярлау үшін білім беру жүйесінде ғылым мен тәжірибенің ұштасу үрдісіне тарихи түрде қалыптасқан көптеген дәстүрлі қарама –қайшылықтарды шешуге тура келеді.

Педагогтың балалар ойындарындағы ролі өте маңызды және өзінше ерекше. Ол көбіне ойынды ұйымдастырушы, ойынның мазмұны жөніндегі ақыл – кеңесшісі, балалардың даулы нәрселерін шешіп беретін әділ төрешісі, сонымен бірге ойын барысында олардың жолдасы да бола алады.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін, осы жастағы психикалық дамуын ескере отырып өздерінің сабақтарын, тәрбиелік іс-шараларын жоспарлағаны дұрыс болар еді. Алайда, әр түрлі мектептердің бастауыш сыныбындағы оқу тәрбие жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуын ұзақ зерттеу ойындардың әдетте білім және тәрбие мақсаттары үшін жеткіліксіз пайдаланып, келе жатқанын, сонымен қатар, ойын элементтерін оқу үрдісінде қолдану технологиясын әлі де жетілдіре түсудің қажеттігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптарда дидактикалық ойындарды кең түрде қолдану оқушылардың ой-өрісін дамытып, ауызша сөйлеу қабілетін жетілдіруге, байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, сауаттылыққа үйретуге мүмкіндік беретін әдістемелік әдіс-тәсілдерді іске асырудың ең тиімді құралы болып табылады.

Әдебиеттер

1. И.П.Подласый Педагогика . М., 2000.
2. М.М.Мұқанов «Жас және педагогикалық психология» Алматы 1981ж.
3. В.В.Серигов «Субъетивная реальность педагога» // Педагогика №10.,2005

А.Р.Абдусаметова, Л.А.Джалалова

№13 А.Навоий атындағы жалпы орта мектебі,
№57 И.В.Панфилов атындағы жалпы орта мектебі, Сайрам ауданды, ОҚО

БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМУ

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан 2030 бағдарламасында, Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында, “Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру” тұжырымдамаларында республиканың елемдік білім кеңістігіне енуін ескере отырып, білім беру мазмұны мен оқытудың барлық едістемелік жүйесін қайта қарау қажеттігін атап көрсетеді.

Яғни, «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында – ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық ғылыми қамтылды, өндірістер мен мекемелер үшін мамандар қорын жақсартуымыз керек. Қазақстан жоғарғы оқу орындары әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру қажет және жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемге танылуға тиіс. Олар мұны істеуге міндетті. Бәрі де мектептен басталады» - деген.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі, себебі келешек еліміздің сауатты да, салауатты азаматының түрлі қасиеттері осы бастауыш сыныптан қаланады.

Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл – ауқатының артуы» туралы Қазақстан халқына жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттері асыру үшін білім мазмұнын жаңарту мен қатар, оқытудың әдіс –тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру қажет. Сондықтан ұстаз өзінің ғана іс – әрекетінің дұрыс болуына қанағаттанып қоймай оқушылардың да танымдық белсенділігін дамытуға ерекше көңіл бөлгені жөн.

Кез-келген сабақтың нәтижесі, оқушының білім сапасымен өлшенеді. Оқушының алған білімін есіне сақтап қалуы үшін көбінесе ойын сабақтарының маңызы зор. Ойын-бастауыш сынып баласы үшін ең негізгі іс-әрекет. Олар біртіндеп ойын іс-әрекетінен таным іс-әрекетін орындауға бейімделеді.

Ойын - балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, іздемпаздық, тапқырлығы ой белсенділігі саналы ойлана білуін дамыту - жетілдіру тәрбиешінің негізгі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, түрлі дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды.

Дидактикалық ойындарды психология пәні біріншіден ой-өрісін дамытып, ойлауын арттырумен қатар, екіншіден педагогикалық үйретілген, өтілген, тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру мен қатар, сөздік қорларын молайтып сауатты жазуға да баулиды.

Қазіргі заманғы оқыту технологиялары педагогикалық және психологиялық ілімдер негізінде жасалған дамытушы, жеке бағдарлы мақсатты технология болып табылады.

Педагогикалық-психологиялық дидактикалық ойындарда оқушының оқу-танымдық қызыметің аса маңызды құрылымының бірі болғандықтан, сол балалар меңгерген дағдыларды бекіту немесе үйрету үшін ғана емес, сол алған білімдерін іс-әрекетте пайдалана білуге, жұмыс барысында икемділік-дағдыларымен қарулануға, ақыл-ойының дамуына, белсенділігінің артуына, өз бетінше әрекет етуіне жәрдемдеседі. Дидактикалық ойындар арқылы жүргізілетін жаттығулар мен қайталаулар баланы жалықтырмайды, өйткені олар біркелкі болмайды. Мұндай ойындар әртүрлі балабақшада түрлі мақсаттарға қолданылуы мүмкін.

Оқушылардың математикаға деген ынтасын арттырып, оны дамыту көптеген әдістемелік жұмыстардың нәтижесінде ғана іске асады. Соның ішінде сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз ететін бір әдіс -дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындар - көп саналы, күрделі педагогикалық құбылыс. Оны балаларды оқыту әдістерінің бірі, оларды жан-жақты тәрбиелейтін құралдардың бірі деп айтуға болады.

Дидактикалық ойын оқыту процесінде ойын әдісі ретінде екі түрлі мақсатта қолданылады: ойын түрінде және дидактикалық немесе автодидактикалық ойындар.

Ойын түрінде мұғалім үйрететін тақырыпқа балалардың қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, тәрбиеші ойын ситуацияларын туғыза отырып, әртүрлі заттарды көрсету арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады.

Дидактикалық ойын математика сабақтарында ғана қолданылып қоймайды, табиғаттану, қоршаған ортамен таныстыру мақсатында да қолданылады.

Дидактикалық ойын оқыту процесінде мынадай екі түрлі мақсатта қолданылады оқу (танымдық) мақсатта, екіншісі - ойын ойнау мақсатында. Тәрбиеші өзі де ойынға қатысады, баланы үйретеді. Бала ойнап отырып үйренеді.

Бастауыш сыныптарда математика сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, есептеу сабақтарында да пайдалануға болады. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалықтырмай әртүрлі ойын түрлерімен сабақты қызықты өткізуге тырысуы қажет. Ойындар балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға тәрбиелейді.

Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймайды, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер берері сөзсіз.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдар да шұғылданды. Көптеген балалар жазушылары бала ойының психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім.

Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі – ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендерің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгіді.

Сондықтан да математикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат – мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес.

Бастауыш мектеп оқушыларына дидактикалық ойындар жеке басының дамуына игі ықпал ететін мұғалім, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді.

Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог-ғалымдар «жақсы ойын-жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын-жаман жұмыс сияқты» деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Өйткен, әрбір жас кезінде ойын тиісті дәрежеде ақыл мен қажыр-қайрат жұмсауды керек етеді. Белсенді іс-әрекет пен күш-жігер жұмсалмаған ойын, жақсы ойын болып табылмайды.

Бүгінгі таңда балалардың көпшілігі басын ауыртып есептегеннен гөрі дайынды көшіруге әуес. Бар ойы компьютерлік клубтарға бару, бала психологиясына кері әсеті беретін атыс-шабыс ойындарын ойнау. Сондықтанда әр мұғалімнің алдында Қазақстанның болашақ азаматын өз деңгейінде оқытып шығару міндеті тұр.

Математиканы оқытуда қолданылатын ойындарға ерекше мән беріледі. Программаның негізгі тақырыптарын оқып-үйренуде қолданылатын ойындар оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтеді, оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырады, есептеу дағдыларын шындай түседі. Баланың тапқырлығын арттырып, қызығушылығын туғызады, теориялық мәселелерді меңгеруге және оларды практикада қолдануға машықтандыруға себебін тигізеді. Ойын әрекетінде өткен сабақ қызықты да, тартымды.

Қорыта келгенде бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу процесінде үздіксіз дамып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін мұғалім түсіндіріп отырған материалды оқушылар зор ынтасымен тыңдап, берік меңгеруге көмектеседі. Түптеп келгенде оқыту мен тәрбие құралдарының басқа түрлері сияқты ойынның да білімдік, тәрбиелік мүмкіндіктері

балалардың жас ерекшеліктеріне, сабақ мазмұнына жақсы үлестіре қолдану және қойылатын талаптарды мұғалім жете білуге тиіс.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан ҚР президентінің халқына жолдауы Астана 2007
2. К.Қ. Қуантаева, А.В.Алшымбаева Бәсекеге қабілетті қоғамның негізі-сапалы білім.// Бастауыш мектеп, 2007 №1 3-бет
3. М.Н.Скаткин Проблемы современной дидактики: -Москва,1992 96-стр.
4. В.Шаталов және т.б. Педагогикалық ізденіс: -Москва, 1989 -146 бет.
5. Занков Л. Развитие учащихся в процессе обучения:-Москва1987-263 с

УДК 45 – 789

Г.С.Артикова, Х.Ш.Эшимович,

№47 жалпы орта мектебі, №13 А.Навоий атындағы жалпы орта мектебі, Сайрам ауданды, ОҚО

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

This theme is very actual today. The teacher can not ensure pupils learning a foreign language if he uses only a textbook, a piece of chalk, and a blackboard. To teach a foreign language effectively the teacher needs teaching aids and teaching materials. During the last few years important developments have taken place in this field. And a lot of people began to pay attention to many effective methods that can help to foreign learners to learn language more quickly.

As a result there is a great variety of teaching aids and teaching materials at the teacher's disposal. Teaching aids are various devices which can help the foreign language teacher in presenting linguistic material to his pupils and fixing it in their memory; in testing pupils' knowledge of words, phrases, and grammar items, their habits and skills in using them. Absence or insufficient quantity of visual aids reduces quality of knowledge by reduction of cognitive interest and difficulties in comprehension and graphic perception of material. It is necessary to single out that a great number of demonstrations causes entertaining mood and will be obstacle for disquisition. It is suggested to use 4-5 demonstrations for one lesson in studying difficult theme.

There are a lot of things in the classroom such as pens and pencils of different sizes and colors, books, desks and many other articles which the teacher can use in presenting English names for them and in stimulating pupils' activities to utilize the words denoting objects they can see, touch, point to, give, take. Toys and puppets may be widely used in teaching children of primary schools, which is the case in the specialized schools.

The teacher can use flashcards for developing pupils' skills in reading and pronunciation. A flashcard is a card with a letter, a sound symbol or a word to be used for quick showing to pupils. Flashcards are usually made by the teacher or by the pupils under the teacher's direction, though there are some ready-made flashcards.

For reading and analyzing the sentences, for using these sentences in speaking, for compiling an oral composition using the sentence as a starting point the teacher can use sentence cards. They bear sentences or sentence patterns which can be used with different aims. These cards are prepared by the teacher and distributed among the pupils for individuals work during the lesson. A wall-chart is a big sheet of paper with drawing or words to be hung in the classroom and used for revision or generalization of some linguistic phenomenon. Though there are printed wall-charts, the teacher should prepare his own wall-charts because he needs more than he can get for his work.

For some forms of work the foreign language teacher will be well advised to divide the class into small groups, or teams of 5-8 pupils, and appoint in each group a temporary leader from among the best pupils. The leader will ask questions, correct gross mistakes, issue commands, and control their execution. The work in the small group will at first be carried on in turn, under the immediate supervision of the teacher, with criticism and appraisal by all the groups of the work of each group, and with emulation among the groups. Later when the work will fairly have been set on foot, the exercises in the groups will be performed simultaneously, thus allowing of more than one pupil being actively engaged in productive oral work at a time. The pupils performing in turn the part of leader will, as they do so, be intensively active, and will greatly profit by their performance. It is recommended to work in pairs, when pupils sitting at the same desk have an opportunity to talk in the target language: reciting a dialogue of their own. It is also recommended to use individual work in programmed instruction, when each pupil can work with the program he receives either through visual or auditory perception at his own pace.

Teaching English to speakers of other languages is both challenging and rewarding. More and more internationally minded people are choosing to teach English as a second language both in the United States and abroad. Whether in the United States, another English-speaking country, or in countries around the world, the teacher of English as a second language will need to keep in mind the following simple guidelines:

- Use non-verbal cues. Facial expressions, hand gestures, and other non-verbal cues are a great way to overcome the language barrier. For example, when explaining the concept of cold, shiver and chatter your teeth.

- Use visual aids. Sometimes a picture is worth a thousand words, and this is particularly true when teaching English as a second language. Visual aids can be used to teach everything from vocabulary to prepositions. In addition to instructional advantages, visuals keep lessons interesting for the learners. If possible, get access to an overhead or slide projector for effective presentations.

- Put students in groups. If the teacher is constantly talking, learners of English as a second language will never get a chance to practice. Group work gives students an opportunity to practice the language. . Groups work the best with 2 to 5 people; with any more people, not everyone gets a chance to participate. It is also a good idea to group students with different first languages together when possible.

- Use bi - lingual materials. If the teacher speaks the same language(s) as the students, the situation will be greatly simplified. But not many teachers have the luxury of speaking the same language(s) of his/her students. Bi-lingual materials can help a teacher of English as a second language to draw on a student's native language without knowing it him/herself.

- Repeat and rephrase. Teachers of English as a second language need to repeat everything at least three times. They should also vary the wording of their remarks. A student may know one set of vocabulary but not another – even when the topic of discussion is the same. Even if the student does understand a concept upon first explanation, he/she will still benefit from the repetition and variation of language. It will expose him/her to new words and phrases.

- Don not over-corrects. Our first instinct as teachers of English as a second language is to correct student language errors. Over-correction, however, can make students reluctant to use the language. If afraid of being corrected every time they speak, students will simply stop speaking – and therefore learning – the language. Of course, there are appropriate times to correct language mistakes. If a concept – for example the past tense – has been discussed at length in class, it is appropriate to correct students when they form the past form the past tense improperly.

- Create a safe atmosphere. Learning English as a second language is not an easy thing emotionally. Students will feel self-conscious about their lack of English ability and will thus be reluctant to use the language. The job of the teacher of English as a second language is to create a safe and supportive environment, one in which the student will be comfortable experimenting with the language. That means that laughing at or putting down others can not be tolerated in any way, shape, or form.

Bibliography

1. "95 oral themes of English language", Elena Zainina; Moscow, Airis press, 1999;
2. "How to make a career?", Igor Novikov, St.Petersburg, New star, 1995;
3. "Business courses of English", Igor Bogatskii, Nina Dukanova, Logos, 1999;
4. "Practice courses of English", V.V.Popova, Vlados, 2000.
5. "Third year English", Starkov A.P., Dixon R.R., Rybakov M.D., St.Petersburg, 1991;
6. "Basic English in practice", L.P. Hristorozhdestvenskaya, Popurri, 1997;
7. www.google.com

Л.А.Богатова - оқытушы, **Ә.А.Сейдуалиева** - ПМНО-10-2 тобының студенті
М.Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты, Шымкент, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАЗУҒА, ОҚУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа: Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Кілттік сөздер: сауат ашу, жаңа технологиялар, жаңа үрдістер.

Қазіргі заман талабына сай оқыту үрдістері де өзгеруде. Осыған орай шағын жинақталған мектептердің оқу сапасын жақсартуда әр-түрлі технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, өз деңгейінде нәтижелер беруде. Ғалымдарымыз бен әдіскерлеріміз қазіргі кезде қолданылып жүрген педагогикалық технология терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Осы орайда бастауыш сыныптардың алғашқы кезеңінде балаларды әріп үйретуге, жазуға төселдірудің де өзіндік ерекшеліктері бар екендігін есте ұстанған жөн болар еді. Бастауыш сыныпта жазу үрдісін меңгерту, оқушының алдында тұрған күрделі де қиындығы мол білім жолын ашады. Сондықтан, мұғалім әріптерді жазуға үйреткенде еріксіз жаңа технологиялық тәсілдерге сүйенуіне тура келеді. Әрі заман ағымына сәйкес, жаңа үрдістен қалмауға, жаңадан оқытудың тиімді жолдарын пайдаланудың да маңыздылығы бар екендігі шындық.

В.Л.Беспалько " практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе-жоба " десе, Монахов " педагогикалық технология- оқыту үрдісіне жобалау, ұйымдастыру және өткізудің ойластырылған моделі" (1) деген анықтама береді.

Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, ұлттық мектептердің кеңінен ашылуы - пән мұғалімдеріне күрделі міндеттерді жүктеп отыр. Мұндай міндеттердің бірі - оқытуды жаңаша ұйымдастыру, әрбір пәннің ғылыми сипатын арттырып, ұлттық деңгей дәрежесіне жеткізу.

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Соңғы кездерде мектептерде, соның ішінде бастауыш сыныптарда оқытудың әр түрлі жаңа технологиялары пайдаланылып, тәжірибеге енгізілуде. Осындай заман талабы ана тілін, оның жеке бір саласы болып табылатын әліппені және көркем жазу әдіс-тәсілдерін жаңаша жолмен оқыту қажеттігін көрсетіп отыр. т.б.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатын белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты - балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сауат ашу - аса жауапты да күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге (фонетика-графикалық жазуға) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса, солай жазбай, оңға қарай біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті де тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы қалыптасады.

Мектеп табалдырығын аттағалы отырған бүлдіршіндердің сауатын ашу мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілер мен қосалқы мамандардың әрекет етуінен нәтиже берері сөзсіз. Соның ішінде логопед маманының ролі орасан зор. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың (СТЖД) тіл байлығын кеңейте отырып ойындар арқылы өз ана тілінің грамматикалық құрылымын меңгеруге ықпал етеді. Сауат ашу барысында берілетін білім және іскерлік пен дағды дәрежелерін жетілдіріп, баспа түрде жазу мен оқуға үйрету көзделеді.

Әріп, дыбыс танытуда балаларға айнала қоршаған дүниеде кездесетін заттар мен құбылыстар туралы мысалдар айтқызып, түрлі сөздік ойындар ойнату тиімді әдістердің бірі. Сол себепті мектеп алды даярлық тобындағы балаларға әріп, дыбыс таныту кезінде бұрын үйренген дыбыстар сөз ішінде сөз шумақтарын, мақал – мәтелдер оқып беру, жұмбақ жасыру, ауызша мысалдар айтқызып жаттықтыру сауат ашу кезеңі үшін де пайдалы.

Жас ерекшелігіне орай 5-7 жастағы балалардың ойлау қабілеті, тілінің жетілуі, зейіннің дамуы осы жаста қалыптаса бастайды.

Әрбір жекелеген баланың жазып үйрену мүмкіндігі оның функциональдық және психикалық дамуы деңгейінен, денсаулығы жағдайына тәуелді, егер сіз асықпай және баланы асықтырмасаңыз, қиындықтар болмайтынын есте сақтай отырып, бір қадамды бекітпей жатып екіншісіне көшпеңіз.

Жазуға үйрету принциптері жазу жүйесімен анықталады, біздің жазуымыз дыбыстық-әріптік болғандықтан, оқытудың негізгі принципі дыбыстық, дәлірек айтсақ, фонематикалық болып келеді, ал негізгі оқыту бірлігі графикалық элементтерді (әріптерді) меңгеру болып саналады.

Жазу дегеніміз ауызша сөз элементтеріне сәйкес элементтерді қағазға немесе басқа материалға түсіру арқылы жүргізілетін сөйлеудің ерекше формасы. Жазу процесіне ми қабаты, көру, есту, сезім мүшелері және көптеген бұлшық еттер қатысады. Бұл процесс мектепке дейінгі дайындық топтарына баратын 6-7 жасар балалар үшін өте қиын.

Психологтар мен физиологтардың зерттеулері жазуға үйрету барысында (бірінші сатысында) балалар назарын көптеген бөлшектерге аударатындығын көрсетті. Сондықтан балалар ден қоя, баяу жазады, оларды асықтыруға болмайды, олар «нені қалай жасау» керектігін ұғынуы тиіс. Сондықтан «әрекет образы» әріптің көру – әрекеттік образын қалыптастыруға көңіл қойған жөн.

Жазу дағдыларының қалыптасуының нәтижелілігі, баланың жазу мінері жазу барысында негізгі гигиеналық ережелердің сақталуына тығыз байланысты. Бұл ережелерге тек бастапқы кезде ғана назар аударылады, ал кейбір бала қалай болса солай отырады, қаламды да ұстауы қадағаланбайды. Әрине, баланы дұрыс отыру мен қаламды дұрыс ұстауға үйрету оңай шаруа емес. Тәрбиешінің тек анда-санда ғана емес, тұрақты, жүйелі, дауыс көтермей, жұмсақ қана үнемі еске салып отыруы, ата – аналармен арнайы жұмыстар ғана нәтижесін береді.

Оқушыларды көркем жазуға үйретуде үш нәрсені басшылыққа алу керек: біріншісі - әріптерді мәнерлі жазуға және жеке әріптерді өзара құрастыра білу, екіншісі - әріп элементін дұрыс жазуға дағдыландыру, үшінші - жазу жұмысына өте ұқыпты, мұқият болуды қалыптастыру.

Сауат ашудың дайындық кезеңінде оқушының қол икемділігі мен көз мөлшерлеу қабілетін жетілдіру, графикалық дағдыларды қалыптастыру үшін суретті және сызықты жаттығуларды орындатады. Сонымен бірге бұл кезде штрихтау жаттығуларын орындатудың мәні зор. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті - ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. «Өртүрлі зат бейнесін,» геометриялық фигураларды штрихтау баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеу мен ойлауын активтендіреді. Штрихтер арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн. Сурет альбомы беттеріне жазу сызықтары сызылады да, жаттығулар жазу дәптерінде үлгідей орындалады. Оқушылар үшін геометриялық фигуралар мен өртүрлі зат бейнесінің трафареты дайындалады немесе олардың өздері дайын геометриялық фигуралар трафаретынан зат бейнесін құрастырады. Мұғалім альбомға салынған бейнелерді штрихтауды талап етеді. Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, «оң», «сол», «шеті», «жоғары», «төмен», «түзу», «қисық», дөңгелек» т.б. ұғымдарды меңгереді.

Ал, сауат ашудың әліппе кезеңінде әріптерді жазып үйренеді. Әріптің толық таңбасы оның элементтерін ретімен жазу арқылы орындалады. Демек, әрбір әріпті жазып шығу дегеніміз - көп қырлы талдау процесін атқару деген сөз. Ал, мұның өзі мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала үшін аса күрделі іс-әрекет. Әріп элементтерін ретімен жазып үйрену ең алдымен, оның неше элементтен тұратынын, екіншіден, ол әріпті қай жерден қалай бағыттап жазуды меңгеруіне септігін тигізеді. Жазуға үйретудің алғашқы күнінен бастап балаларды үзбей жазуға дағдыландыру қажет. Тұтас әріпті үзбей жазғанда оның әр элементін жазудағы қимылдың аяқталуы келесі элементтің басталатын жерінде бітіп, әрі қарай келесі элементке жалғастырылады. «Үзбей жазуға жаттықтыру жұмыстары балаға қызықты тапсырма ретінде берілуі тиіс» деп бағдарламада көрсетілгендей, қызығушылықты оятатын түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу мұғалімнен ізденушілікті талап етеді. Тәжірибеде қолданылып жүрген өртүрлі жаттығулар, айталық, әріптің тұтас бейнесін көрсетіндей суреттер салғызу, штрихтау, зат бейнесін әшекейлеу т.б. тапсырмалар оқушылардың көркем жазу дағдыларының сапасын арттырады.

Мысалы жаттығуға орай, қолды жаттықтырудың келесі түрлерін де қолдануға болады:

«Орнын белгіле» жаттығуы. Дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді.

«Әріпті тап» жаттығуы. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады да, оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді.

«Ғажайып алаң» ойыны. Тақтаға сөз жасырылады. Мұғалім жасырылған сөздің әрбір әрпін элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы: бүтін құрсау мен оңға иілген қармақшадан тұратын кіші әріп десе, «а» әрпі екенін табады.

Баланың әлемі - бұл нақты заттың әлемі, егер баламен жақын болам десеңіз, оның жасы мен психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріңіз. Ойын түріндегі бұндай жаттығулар жас жеткіншектің ойлауын дамытып, қызығушылығын арттырады. Олай болса, баланы ойын арқылы көркем жазуға жаттықтыратын жаттығу түрлерін қолдана білу - мұғалімнің төл ісі.

Сонымен жазуға үйретудің жазба түрі мен ауызша түрінің едәуір айырмашылығы бар. Дегенмен, бастауыш сыныпта бұл аталған негіздемелерді бөліп қарау мүмкін емес.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс – тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді.

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда “Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу” дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан: әдістерінен тұрады.

Әдебиеттер

1. Матюшонок. Жас ерекшелік физиология. Алматы, 1986.
2. Н.Кенжебекова. Оқушылардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру. // Бастауыш мектеп,
3. Ұ.Бейсенбиева. Сауатты жазуға үйрету.// Бастауыш сыныпта оқыту,2005,№2 .
4. Ғ.Абашықова. Сауат ашу. // Бастауыш мектеп, 2004, № 11.
5. Ғ.Тұрманбекова. Әліппе сабағы. // Бастауыш мектеп, 2004, № 7.
6. Қ.Бозжанова. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру. Алматы, 1998.

Резюме

В статье рассматриваются возможности использования новых инновационных технологий в общеобразовательном процессе.

Summary

In clause are considered examined an opportunity of use of new technologies in general educational process.

ӨОЖ 377.5:378:37.03

А.Қ. Демеуов, А.Ғ.Сандыбаева, М.Б.Дүйсеев, М.У. Маханбетов
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНДЕГІ МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫҢ МӘНДІК СИПАТТАМАЛАРЫНДА ОНЫҢ БАСҚА ОҚЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі уақытта білім беру және мұғалімдерді даярлау саласындағы қалыптасқан жағдайды кәсіби -педагогикалық даярлықты зерттеу процесін жеке тұлғалық деңгейге көтеретін, яғни мұғалім - педагогикалық процестің негізгі кейіпкері болып табылатын ізгілікті педагогика мен психологияның идеяларына бағдарланған деп анықтауға болады. Өйткені білім берудің тәрбиелік, дамытушылық, дидактикалық және сауықтырушылық аспектілері мұғалім тұлғасына байланысты.

Мұғалімдерді даярлаудың ізгілікті тұжырымдамасы іс-әрекетте табысқа жету үшін шынайы мұғалімдер өз пәнін жақсы білумен, адамдарды нақты түсінумен қатар өз дамуының мүмкіндіктеріне шынайы баға да бере білу қажеттілігін қарастырады. Мұнда болашақ мұғалімдердің біртұтас тәрбиесі үшін олардың жеке өз тәжірибесіне, рухани, дене және кәсіби мүмкіндіктеріне өздері баға бере білуі өте маңызды.

Мұның барлығы дене тәрбиесінің мәнін шынайы түрде сөз жүзінде көтеріледі. Сайып келгенде, пәндік тілдерді меңгеру, студенттің оқытушымен тең дәрежеде сөйлесу қабілеті «Дене тәрбиесі» пәнін игеру табыстылығының аса маңызды көрсеткіші болып табылады.

Қазіргі уақытта соңғы өлшемге отандық педагогиканың үлкен назар аударып отырғандығын атап өткен жөн. Анықталған денсаулықты қалыптастырушы әлеуетті жүзеге асыру үшін және денсаулыққа құндылықты қарым-қатынас негізіндегі дене тәрбиесінің тиімді жүйесін дайындау үшін бірегей ғылыми іргетастың болуы қажет. Біздің зерттеуіміздегі денсаулықты қалыптастырушы теориясы ғылыми танымның жалпы принциптерін ұстанады.

Мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіндегі оқу процесінің әлеуметтік-мәдени әлеуетінің жүзеге асырылу моделі мынадай элементтерді қамтиды:

- нақты оқу пәндерін оқыту процесіндегі оқыту мен тәрбиенің нормативті мақсаттарына түзету енгізу;

- әлеуметтік-мәдени құндылықтарды пайдалануға байланысты өзінің күшейтілуін талап ететін негізгі пәндердің тақырыптарын, тарауларын, фрагменттерін таңдау;

- әрбір пән үшін әлеуметтік-мәдени компонентті құрайтын сабылық мәліметтер банкіні құру;

- өлкелік, ұлттық-аймақтық, салалық деңгейлерді ескеру негізінде білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестендіру;

- негізгі пәндік және әлеуметтік-мәдени компоненттерді интеграциялаудың қисынды сызбасы;

- келесі принциптерге негізделу: а) қажеттілік және жеткіліктілік; ә) түсініктілік; б) тартымдылық; в) оқушылардың шынайы, әлеуметтік, болжамдық қызығушылықтарының және әлеуметтік-мәдени бейімділіктерінің арақатынасы; г) оқушылар тұлғасының әлеуметтік-мәдени таптаурындарының динамикалық басымдылығы және т.б.

Зерттеу объектісінің танымдылық принципі белгілі бір уақытта «зиян келтірме» парызын сақтау арқылы білімдердің қатыстылығына түзету енгізуге байланысты қолданылады.

Детерменизм принципі денсаулық феноменінің салдарлық байланысын тек тәуекелділік факторын тану және жоюмен ғана емес, сонымен қатар тұрақтылық факторын іздестірумен байланысты анықтауға да бағыттайды.

Дамыту принципі адамның онтогенездік ерекшеліктерін ескеруді ғана емес, сонымен қатар өзгермелі жағдайларға және қол жеткізілген нәтижелерге сәйкес салауатты өмір салтының даму стратегиясын ескеруді де қарастырады.

Тарихилық принципі адам денсаулығының және салауатты өмір салтының іргелі негіздерін зерделеу бойынша әртүрлі кезеңдердің теориялық мұрасына талдау жүргізуді міндеттейді.

Білім берудің мазмұны тек пән бойынша білімдер мен қабілеттер, типтік пәндік міндеттерді шешу ғана емес, сонымен қатар студенттердің өзін-өзі өзгертуінің, дамытуының тәсілдері, механизмдері болуы қажет. Өзін-өзі өзгерту, дамыту үшін тек прагматикалық нәтиже емес, ең алдымен, педагогикалық процестің өзі – осы нәтижеге жетудегі қозғалыс маңызды болып табылады.

Модульдік оқыту нақ осы міндетті шешуге мүмкіндік беретін оқыту технологиясы болып табылады.

Модульділік оқытудың принципі және технологиясы ретінде отандық және шетел дидактикасында кеңінен дерлік зерттелген (Юцявичене П.А., Шамова Т.И., Третьяков П.И., Сенновский И.Б., Чошанов М.А. және т.б.).

Модульдік оқыту технологиясын ендіру әрбір студенттің тәрбиелік, кәсіби, валеологиялық қажеттіліктерін оның бейімділіктеріне, қызығушылықтарына және мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқыту жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Модульдік оқытудың мәні - білім алушы толығымен дербес (немесе белгілі бір көмек мөлшерімен) модульмен жұмыс істеу барысында оқу-танымдық іс-әрекеттің нақты мақсаттарына қол жеткізе алатындығында.

Оқу модулі – анық анықталған мақсатымен, зерделеу объектінің құрамымен, зерделеудің басталуы шарттарымен, зерделеудің жоспарлы ұзақтығымен, игерудің бағытталуы мен нәтижелерінің маңыздылығымен, есеп беру формаларымен және нәтижелердің бағалануы шкалаларымен сипатталатын білім беру мазмұнының фрагменті.

Модульдік оқытудың мәндік сипаттамаларында оның басқа оқыту жүйелерінен ерекшелігі көрсетілген.

Біріншіден, оқыту мазмұны игерілуі мақсатқа сәйкес жүзеге асырылатын аяқталған дербес кешендерде (ақпараттық топтамаларда) беріледі. Дидактикалық мақсат білім алушы үшін қалыптастырылады және игерілетін мазмұнның көлемін көрсетуді ғана емес, оның игерілу деңгейін де қамтиды. Сонымен қатар әрбір студент оқытушыдан жабаша түрде қалайша ұтымды әрекет етуге болатындығы, қажетті материалды қайдан алу кееректігі туралы және т.с.с ақыл-кеңес алады.

Екіншіден, мұғалім мен оқушының қарым-қатынас жасау формасы өзгереді. Ол модульдар мен жеке қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады. Нақ осы модульдар оқытуды субъект-субъектілік негізге көшіруге мүмкіндік береді. Қарым-қатынас ынтымақтастық негізде болады.

Үшіншіден, білім алушы мейілінше көп уақыт дербес жұмыс істейді, ол мақсат қоюды, өз бетінше жоспарлауды, өзін-өзі ұйымдастыруды, өзін-өзі бақылауды және өзіне-өз баға беруді үйренеді. Бұл өзін іс-әрекетте сезінуге, білімді игеру деңгейін өзі анықтауға, өз білімдері мен қабілеттеріндегі олқылықтарды байқауға мүмкіндік береді. Әрине, оқытушы да студенттердің оқу - танымдық іс-әрекеттерін басқарады (модульдер арқылы және тікелей), дегенмен бұл – анағұрлым жұмсақ басқару, ал ең бастысы –мақсатқа сай ерекше басқару.

Модульдік бағдарлама кешенді дидактикалық мақсаттан және осы мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін модульдер жиынтығынан тұрады. Оқу мазмұны курстың негізгі идеясының маңында белгілі бір топтамаларға құрылымданады. Мұнан соң кешенді дидактикалық мақсат қалыптастырылады. Оның екі деңгейі болады: студенттің оқу мазмұнын игеру деңгейі және оны тәжірибеде пайдалануға,

сонымен қатар оқу мазмұнын келешекте зерделеуге бағдарлау. Сонан соң кешенді дидактикалық мақсаттан интеграцияланатын дидактикалық мақсаттар ерекшеленіп, модульдар қалыптастырылады, яғни әрбір модульдің өзінің дидактикалық мақсаты болады. Осы мақсаттарға жету кешенді дидактикалық мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді.

Дегенмен модульдерге оқу мазмұнының ауқымды топтамалары кіреді. Сондықтан әрбір интеграцияланатын дидактикалық мақсаттар жеке дидактикалық мақсаттарға бөлінеді және олардың негізінде оқу элементтері ерекшеленеді. Әрбір дидактикалық мақсатқа бір оқу элементі сәйкес келеді. Нәтижесінде «мақсаттар ағашы» құрылады: ағаштың ұшында – модульдік бағдарламаға арналған кешенді дидактикалық мақсат; орта тұсында – модульдерді құруға арналған интеграцияланған дидактикалық мақсаттар және төменгі тұсында – оқу элементтерін құруға арналған жекелеген дидактикалық мақсаттар орналасады.

Педагогикалық жоғары оқу орнындағы студенттерді оқыту процесінде қалыптастырылуы қажет шығармашылық педагогикалық қабілеттердің мазмұнын анықтау үшін біз мұғалімнің шығармашылық педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анықтап, оның компоненттерін ерекшелеуіміз қажет. Мұнан педагогикалық жоғары оқу орны студенттерін педагогикалық шығармашылыққа даярлау мәселесін зерттеуге компоненттік тұрғыдан келу идеясы туындайды.

Әрине, бұл компоненттер бірлікте өмір сүреді, олар өзара әрекеттесіп, өзара бірін-бірі байытады және аталмыш іс-әрекеттің түрінде оқшау өмір сүре алмайды, өйткені шығармашылық процесс – бұл біртұтас, ықпалдасқан процесс. Демек, ерекшеленген компоненттерді бірлікте қарастыру қажет, сонде шығармашылық педагогикалық қабілеттерді қалыптастыру процесінің өзі біртұтас, бірегей, ықпалдасқан болып табылады.

Осылайша, интеграция тұрғысынан келудің мәні, біріншіден, аталмыш іс-әрекеттің компоненттерін ерекшелеуге, оларды бірлікте және өзара байланыста қарастыруға, екіншіден, біртұтас, интеграция процесс ретіндегі аталмыш іс-әрекеттің қабілеттерін қалыптастыру процесін жүзеге асыруда болып табылады.

Шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеленген компоненттерімен біз шығармашылық педагогикалық қабілеттердің аттас топтарын сәйкестендіреміз.

Мақсаттық бағдардың өзгертілуі оқыту мен тәрбие әдістеріндегі басымдылықты да өзгертеді.

Әдістердің әртүрлі белгілеріне сәйкес олардың бірнеше жіктемесі бар. Олар бір-біріне қарама-қайшылықсыз оқыту процесін әртүрлі жағынан ашып көрсетеді. Біріншіден, білім алушының танымдық белсенділігінің сипатын естілгенді немесе көргенді қарапайым түрде қайталау. Екіншіден, мұғалімнің өз білімдері мен қабілеттерін сөз, көрсету немесе демонстрациялау арқылы жеткізуі. Үшіншіден, оқушылардың білімдер мен қабілеттерді тыңдау, бақылау және қозғалыстарды орындау арқылы алу тәсілдері.

Үш жіктемеден дене тәрбиесі теориясы мен тәжірибесінде кең тарағаны - соңғысы. Бұл білім алушыдан тек қана білімдерді ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, қозғалыс іс-әрекеттері жүйесін меңгеруді талап ететін оқу материалының өзіне тән ерекшелігін сипаттайды.

Осыған орай студенттер қозғалыстар жүйесін іс-әрекеттер деңгейінде емес, операциялар деңгейінде (мақсат, оған жетудің құралдары белгіленген және рефлексияға жатпайды) меңгереді. Бұл оқыту мен тәрбиелеу процесінің тиімділігіне ықпалын тигізбейді. Білім алушыларға қажеттілік-мотивациялық буындағы ішкі өзара байланысты ашып көрсетудің маңызы зор. Біз болашақ мұғалімдердің рухани және дене тәрбиесін интеграциялау процесінде дене тәрбиесі іс-әрекетінің ішкі құрылымын негіздеу аясында нақ осыларды ашып

Тәуелді ауыспалының өзгеруін бақылау кесінді – әсер ету – кесінді – әсер ету сызбасы бойынша жүзеге асырылды. Педагогикалық әсер ету процесін – болашақ мұғалімнің рухани және дене тәрбиесін интеграциялауды былайша түсінуге болады: - әсер етуге дайындық – акция – салдары. Мұнда салдар – нәтижелер – интеграциялауды ұйымдастырудың келесі кезеңінің шарты мен негізі болып табылады. Эксперимент нәтижелері кестелер мен сызбаларда көрсетілген.

Сонымен қатар студенттердің эксперименттік тобында оқу орнындағы 4 жылдың бойын жеке тұлғаның педагогикалық мәдениеті, денсаулық мәдениеті деңгейін өзін-өзі бағалау динамикасы өлшеніп, дене дайындығының көрсеткіштері зерттелді.

Педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің педагогикалық, рухани, дене мәдениетінің, денсаулық мәдениетінің көрсеткіштеріне талдау жасау олардың бастапқы деңгейінің төмен екендігін көрсетті. Бұл міндет мынадай шарттарды сақталғанда жүзеге асырылуы мүмкін: әртүрлі пәнаралық жобаларды дайындау;

оқу бағдарламаларындағы тақырыптарды арнайы пәндермен өзара байланыста үлестіру; оқу-тәрбие процесінің әртүрлі формаларын (интеграцияланған сабақтар, кәсіби іскерлік ойындар және т.б.) ұйымдастыру.

Эксперимент барысында пәнаралық дидактикалық кешенді дайындауға әртүрлі пәндердің оқытушылары тартылды. Барлық пәнаралық тапсырмалар студенттерді «Дене тәрбиесі» пәнін, педагогикалық пәндерді және нақты ғылымдарды игеруге, қосымша ақпаратты алу жолымен білім көлемін кеңейтуге, дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруға, шығармашылық ізденіске итермелейді. Әртүрлі пәнаралық жобаларды дайындауда оқу бағдарламасындағы тақырыптар бөлініп, бейіндік пәндермен ұласатын жалпы курстың тұтастығы сақталды.

Бірінші кезеңде жаңа денсаулықты қалыптастырушы ұғымды қабылдауға деген дайындық қалыптастырылады. Екінші кезеңде түсінік қалыптастырылады, ал студенттер оған талдау жасайды. Үшінші кезеңде – студенттердің назары ұғымның құрылымына және негізгі элементтеріне аударылады, бұл өз кезегінде оның өзіне тән белгілерін анықтайды. Төртінші кезеңде ұғымның бұрын игерілгенмен байланысы қарастырылады. Соңынан жаңа ұғымды педагогикалық тәжірибеде қайда және қашан қолдануға болатындығы туралы мәселе зерттеледі.

Екінші және төртінші кезеңдерде студенттермен диалог арқылы олардың ұғымды қаншалықты нақты меңгергендігі, оның өзіне тән белгілерін анықтауы және оның зерделенген ұғымдардың жүйесіндегі орнын көре білуі анықталады. Бұл қандай да бір кезеңде студенттер ұғымның мәнін және оның құндылықтар жүйесіндегі байланысын жеткілікті дәрежеде нақты ұғынбауы жағдайында оны нақтылауға оралуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. –Астана, 2007.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. –Алматы: Ғылым, 1973. -251 б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. / Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. -613 б.
4. Ұмытылмас есімдер (Ұлы ғұламалар өмірінен) / құрастырған Б.Ысқақов. –Алматы: Қазақстан, 1994. -224 б.
5. Ы.Алтынсарин Таңдамалы шығармалары. –Алматы: Ғылым, 1994.- 288 б.
6. А. Құнанбаев Шығармалары (екі томдық). – Алматы: Жазушы. 1977.
7. Ш. Уәлиханов Таңдамалы. –Алматы: Жазушы, 1990. -201 б.
8. А.Байтұрсынов Ақ жол. (Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу). / құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. -464 б.

Summary

This article is considered peculiarities of describing modular training from other educational systems

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности описания модульного обучения от других образовательных систем

UDK -285.17

A.A.Yegemberdy, Sh.N. Nasirov

Senior lecturers, master of pedagogics, M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent

SOME ACTIVITIES TO INCREASE STUDENT'S VOCABULARY THROUGH LISTENING

Annotation: Listening has rightly assumed a central role in language learning. Listening comprehension has a number of roles to play within a language course, and its importance clearly depends on the aims of the program as a whole.

Key words: Listening, material, techniques, conversation, speaker, vocabulary, audiotape, videotape.

Many learners find it more difficult to listen to a taped message than to read the same message on a piece of paper, since the listening passage comes into the ear in the twinkling of an eye, whereas reading material can be read as long as the reader likes.

The listening material may deal with almost any area of life. It might include street gossip, proverbs, new products, situations unfamiliar to the student. Also, in a spontaneous conversation speakers frequently change topics.

In many cases listeners cannot predict what speakers are going to say, whether it is a news report on the radio, an interviewer's questions, an everyday conversation, etc.

Messages on the radio or recorded on tape cannot be listened to at a slower speed. Even in conversation it is impossible to ask the speaker to repeat something as many times as the interlocutor might like [4, 190-191 p].

What materials, if any, do you have available for teaching listening? Do you have special supplementary materials, or is listening practice incorporated into a main course book? Is it necessary to devise your own listening exercises?

Traditionally, much classroom practice consisted of the teacher reading aloud a written text, one or more times, slowly and clearly, and then asking a number of comprehension questions about it. The skills itself was not given much attention, nor were the characteristics of natural spoken English. The objective was to provide an alternative way of presenting language and testing that it had been understood.

The first thing to say is that the components of listening – processing sound, organizing meaning, and using knowledge and context – provide a convenient way of laying out the issues, but they are not there to be transferred directly to a teaching sequence. The way they are used depends on the objectives and levels of particular courses, although certain kinds of tasks draw more heavily on some micro-skills than on others. It is now conventional – and helpful – to divide activities into pre-, while- and post – listening [1, 127 p].

The widespread availability of audiotape, videotape, CD-ROMs, DVDs and internet downloads of sound and video files has vastly increased potential input material for language learning. Consequently, selection of the most appropriate input, chunking the input into manageable and useful segments, developing support material learners in the best uses of this input is ever more important.

The development of computerized speech synthesis, speech enhancement and speech –recognition technology has also enabled learners to “interact” with computers in ways that stimulate human interaction. Here also, the use of intelligent methodology that helps students focus on key listening skills and strategies is vital so that “use of technology” is not falsely equated with instruction [3, 13 p].

Two of our earlier observations are relevant here. Firstly, we distinguished ‘interactional’ and ‘transactional’ listening. Secondly, we saw that listeners can have a number of roles, on a scale from participant to addressee to over hearer. Both these elements are represented in listening materials. The most straightforward case is where the learner is an addressee or over hearer in a transactional context, such as:

Attending a lecture Following instructions or directions Listening to an interview, or a story, or to people describing their jobs

At the same time, it is clearly important that learners are exposed to the interactional nature of everyday conversation (quite distinct from fixed ‘dialogues’ to be read aloud). This is rather more difficult to construct in the classroom environment, except artificially. In a way it is a paradox that students may over hearer on tape what others say when it would be more ‘natural’ for them to participate. (This is not always negative, however: learners have the opportunity to listen to the spoken language in an unthreatening situation) [2, 129-130 p].

By this we mean tasks carried out during or after listening that directly require comprehension of the spoken material. We find here a basic and quite standard distinction between ‘extensive’ and ‘intensive’ listening.

Extensive listening practice, or whatever term is used, is mainly concerned to promote overall global comprehension, and encourages learners not to worry if they do not grasp every word. The range of possible activities is enormous, and which ones are selected will depend largely on proficiency [2, 128 p].

Learners tend to be used to their teacher's accent or to the standard variety of British or American English. They find it hard to understand speakers with other accents.

Spoken prose, as in news broadcasting and reading aloud written texts, is characterized by an even pace, volume, pitch, and intonation. Natural dialogues, on the other hand, are full of hesitations, pauses, and uneven intonation. Students used to the former kinds of listening material may sometimes find the latter difficult to understand [4, 129 p].

Listening comprehension has a number of roles to play within a language course, and its importance clearly depends on the aims of the program as a whole. It may only be a minor feature, just to give learners exposure to what English sound like: alternatively, it may have a major function for someone planning to study in an English-speaking country or to interact extensively in the language. Whatever its purpose, we have tried to show in this chapter how views on the learning and teaching of listening have developed from a growing understanding both of the nature of the skill itself, and of the variety and range of language on which it can be practiced [1, 130 p].

Just as learning vocabulary by guessing from context is important in reading, so is it important in listening. An advantage that occurs in guessing from context in listening is that a skilled and sensitive speaker can easily provide extra information if necessary to help with guessing of an unknown word [2, 89 p].

Listening has rightly assumed a central role in language learning. The skills underlying listening have become more clearly defined. Strategies contributing to effective listening are now better understood. Teaching methodology in the mainstream has not yet caught up with the theory. In many language curriculums, listening is still often considered a mysterious “black box”, for which the best approach seems to be simply “more practice” specific skill instruction as well as strategy development still need greater attention in order to demystify the listening process. Similarly, materials design lags behind current theory, particularly in the areas of input selection and strategy development. Also, the assessment of listening, especially, remains, far behind current views of listening. Although there have been marked advances, still in many areas (e.g. curriculum design, teaching methodology, materials design, learner training and testing) much work remains to be done to modernize the teaching of listening [3, 13 p].

If learners have a very limited vocabulary, then vocabulary needs to be taught through listening. The first requirement is that the teacher must be able to simplify and control.

Vocabulary control while speaking is an important skill for a teacher to master. This can be set as a goal for learners and can also be used by teachers as a base for introducing new vocabulary. Some courses for teachers of English as a foreign language train course members to be able to speak within a limited vocabulary. Vocabulary control is a way of making sure that teachers repeat words. Teachers who know the members of their class well and are sensitive to them do not have great difficulty in suiting their spoken language to their learners' understanding. There are, however, several other ways of simplifying spoken language in addition to structure and vocabulary control. Among these are the use of a slower rate of speaking with clear pronunciation and plenty of pauses, stressing and pausing before important words, increasing the redundancy of the message by repetition using the same words of different words, providing definitions, using writing, gestures, pictures, or real objects to explain unknown items, giving opportunity for feedback between the speaker and the listener, and giving possible answers within questions, such as alternative questions and yes/no questions [2, 88-89 p].

Bibliography

1. Material and methods in ELT. Blackwell Publishing. Swanston street, Australia. 2003. P-280.
2. Teaching and learning vocabulary. 1990. By Heinle Publishers. P-270.
3. Teaching English to speakers of other languages. Ronald Carter, David Nunan. Cambridge University Press. 2001. P-290.
4. Teacher development. Thomas Kral. 2004- Brand X Pictures. Washington DC.

Резюме

В этой статье рассматривается развитие навыков слушания у студентов изучающих иностранный язык.

Түйін

Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында студенттердің тыңдау қабілетін арттырудың жолдары қарастырылған.

UDC 37.013=111

P.A. Esbenbetova - преподаватель, **G.Zh. Tastanova** - ст. преподаватель.
SKSU by M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan.

APPLICATION OF METHODS IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Annotation: The very article is about the importance of using verified methods in foreign language teaching. Also, individual abilities, differences of the students are considered. A more detailed consideration will be given in various aspects of the language and language skills.

Key words: a foreign language, the aims of learning, cultural aims, means of communication, educated person.

The content of foreign language teaching or what to teach is one of the main problems the Methods deals with. In this article an attempt is made to touch on the chief components which should constitute the content of foreign language teaching in universities; a more detailed consideration will be given in various aspects of the language and language skills.

The first component of «what to teach» is habits and skills which students should acquire while learning a foreign language. According to the aims of learning this subject they are: hearing (listening comprehension), speaking, reading, and writing. The level of habits and skills is determined by the syllabus for each form. However, quantitative and qualitative characteristics of skills, or the so-called terminal behavior, are not defined yet for different types of schools and stages of instruction. This is one of the problems for methodologists to investigate and solve. Nevertheless, some attempts have been made in this respect.

The second component of «what to teach» is a linguistic one. It includes, on the one hand, language material, such as sentence-patterns, utterance-patterns, pattern-dialogues, and texts different in style arranged in topics and serving as starting points for the development of oral language and written language, which allows the teacher to reach the practical, educational, and cultural aims set by the syllabus.

Topics for speaking and reading are developed from form to form; the student's ability to read and speak on a certain topic is widened as his vocabulary and grammar are enriched.

The third component of «what to teach» is a methodological component, students should be taught how to learn the foreign language, how to work at the subject to attain the aims. For example, how to memorize words and keep them in memory, how to perform drill exercises in a most effective way, how to perform creative exercises which require a personal approach on the part of student.

To sum up what has been said above, the content of foreign language teaching, what to teach involves three main components.

1) psychological component, habits and skills which ensure the use of the target language as a means of communication in oral and written forms;

2) linguistic component, language and linguistic material which should be assimilated to be used in language skills;

3) methodological component, the techniques which students should acquire to learn the foreign language is taught in difficult circumstances, as is the case in our ordinary universities, this component is of great importance because students should know how to work independently, how to learn for themselves.

One of the main methodological principles is the principle of practical or communicative approach. It means students should be involved in oral and written communication throughout the whole course of learning the foreign language.

The following methodological principle – the principle of a differential approach in foreign language teaching, each language activity requires special attention on the part of the teacher. The principle is observed in modern methodology and realized in teaching materials and teaching aids.

Also such principle as the principle of an integrated approach to language study: firstly, when teaching beginners, this principle is observed in assimilating various aspects of the language. Students do not assimilate phonetics, grammar, lexis, but they grasp, them in sentence-patterns, pattern-dialogues, related to certain situations, for example, classroom situations, and in this way pronunciation, grammar and lexical habits are developed. Secondly, students should use hearing and speaking, reading and writing, shortly the four skills as interdependent parts of a language experience in order to exercise their communicative competence in as many ways as possible.

One needs a lot of practice in the use of the language to master it. Consequently the problem arises how to enlarge the real time available for each student during the class to make him an active participant of the lesson, of the work done during the lesson. It is students who should work, and not the teacher as is often case.

Methodologists and teachers are searching for ways to solve this problem. They are as follows:

-work in unison, when students are told to pronounce a sound, a word, a phrase, a sentence, or to read something put loud in chorus in imitation of the teacher, or a speaker if a tape-recorder is used;

-mass work, when students are invited to listen to a text, to read a text silently, to do some exercises in written form, in other words, when they learn for themselves, and each does the same work as his classmates;

-work in small groups when students are divided into four-five groups, and each group receives a special assignment either for reading or speaking; the work results in conversation between group 1 and the class, group 2 and the class;

-work in pairs, when students sitting at the same desk have an opportunity to «talk» in the target language: reciting a dialogue they are to learn, doing an ask-and-answer exercise or making up a dialogue of their own;

-individual work in programmed instruction, when each student can work with the program he receives either through visual or auditory perception at his own pace.

In conclusion it should be said that, the student willingly and actively learns the subject if he understands its social and personal meaningfulness. Not all students can realize the necessity for learning a foreign language. The teacher's task is to show them how important a foreign language is to every educated person, how people can get new information from various fields of human activity through foreign languages.

Besides, the teacher should promote his students' interest in studying the language and stimulate their desire to learn.

Literature:

1. Rogova G.V. Methods of teaching English.
2. Classroom Observation Tasks. A resource book for language teachers and trainers. Ruth Wajnryb. Cambridge teacher training and development. (Series Editors: Marion Williams and Tony Wright).
3. Concept-Based Curriculum and Instructions. Teaching Beyond the Facts. H. Lynn Erickson. (Foreword by Carol Ann Tomlinson).
4. Materials and Methods in ELT. Second edition. A Teacher's Guide. JO McDonough and Christopher Shaw.
5. Teaching English to Children. Wendy A. Scott and Lisbeth H. Ytreberg.
6. 700 Classroom Activities. Instant Lessons for Busy Teachers. David Seymour & Maria Popova. Macmillan books for teachers. (Series Editor: Adrian Underhill).
7. Content-based instruction in foreign language education. Models and methods. Edited by Stephen B. Stryker and Betty Lou Leaver.

Түйін

Бұл мақалада қаралатын басты мәселе шет тілі сабағында қолданылатын түрлі әдістер. Студенттердің шет тілін үйренудегі қызығушылығын арттыруға септігін тигізетін іс жүзінде тексерілген әдістер келтірілген.

Резюме

В данной статье приведены разные методы, используемые на уроках иностранного языка. А также были приведены методы, которые используются на практике в целях повышения интереса к изучению иностранного языка у студентов.

А.И.Елшібаева

№5 «Нұрсәт» бөбекжай-балабақшасының әдіскері, Шымкент, Қазақстан

КӨПТІЛДІЛКЕ БАУЛУ - ЗАМАННЫҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

Аңдатпа: Мақалада 2013 жылғы Елбасының ҚР халқына Жолдауында Үштұғырлы тілде білім беру басымдықтары жайлы айтылғандығы басты назарға алынған. Балабақша бүлдіршіндеріне көптілді білім беру мәселелері қарастырылған.

Бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі – «Тілдердің үш тұғырлылығы» тіл саясаты бағдарламасы Елбасымыздың «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлық та сондай дәрежеде болады. Орыс және ағылшын тілдерін оқып үйрену білімнің, ұлттың, экономикалық мүмкіншіліктерімізді арттыратын бірден-бір тетігі», - дей келе жаһандануға бейімделуді, замана көшінен қалмай, осы үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз, - деді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2007 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек деген болатын. Олар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі. Яғни, мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Міне, осы көздеген мақсатымызға қол жеткізу еліміздің ағарту саласында қызмет ететін мамандарының парызы. Елдегі барлық білім ордаларында үш тілде білім беру мықтап қолға алына бастады. Осы үлкен қызу жұмысқа балабақша педагогтары да атсалысып келеді. 5-6 жастағы баланың ой-танымы мен сөздік қорын ана тілімізбен қатар орыс және ағылшын тілінде дамыту мектепке дейінгі білім беру мекеме педагогтарының басты міндеті. Балабақшадан тіл үреніп шыққан бала мектепке киналмай үйреніп кететіні даусыз.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға тіл үйрету өте жеңіл. Балалар тілді табиғи түрде тез меңгереді. Тіл үйрену арқылы бала айналасындағы дүниені таниды және өзгелермен тіл табысуына оңай болады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың білім саласына арнайы тапсырған мектеп жасына дейінгі балаларды оқытумен және тәрбиемен қамтамасыз етуге бағытталған «Балапан» арнайы бағдарламасы

аясында 2009 жылы қаламызда алғашқы балабақшалардың бірі болып біздің №5 «Нұрсәт» бөбекжай-балабақшасы өз бүлдіршіндеріне есігін айқара ашты. Балабақша педагогтары түгелімен білім жетілдіру курстарынан өткен жоғары білімді мамандар. Бүгінде балабақша педагогтары 300-ден аса мектепке танымы мен тілге қызығушылығы мол бүлдіршіндерін шығарып салды. Балабақшаның тіл мамандары орыс тілі мұғалімі Қасымбекова Гүлнар Әмірешқызы, ағылшын тілінің мамандары Жолбарыс Әйгерім, Жанқожаева Жанна мен Әріпбек Мадиналар балабақша бүлдіршіндерімен тиянақты және нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді. Балалардың тілге қызығушылығы өте жоғары. Бұл - балабақшада тіл мамандарының балалармен ерекше жұмыстар жүргізуінің нәтижесі. Әр пән мұғалімдері балалармен өз жоспарлары бойынша топтық қосымша оқу іс-әрекеттерін жүргізіп отырады. Балабақшада өткізілетін түрлі іс-шаралар үш тілде жүргізіліп келеді.

Бүлдіршіндерге тіл үйрету мәселесіне балабақша ата-аналары да ерекше көңіл бөліп отыр. Жыл сайынғы балабақша бүлдіршіндерінің қорытынды ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне ата-аналар мен мектеп бастауыш сынып мұғалімдері қатысып пікір алмасу өткізіледі. Балабақшада «Тілдер патшалығында» атты қалалық семинар өтті. Семинарға қалалық білім бөлімінің мамандары мен қала балабақшаларының педагогтары қатысып, семинар өорытындысын өте жоғары бағалады. Семинарда тіл мамандары мен тәрбиешілердің бірлесе отырып өткізген кіріктірілген іс-әрекеттері өтті. Балалар үш тілде еркін сөйлеп, қойылған сұрақтарға қызығушылықпен жауап беріп отырды.

Жалпы елімізде мектеп жасына дейінгі білім беретін мекемелердегі әдістемелік оқулықтар мен дидактикалық материалдар өз ұлтымыздың құндылықтарын танытуға бағытталуы тиіс. Бірізді жасалған оқу бағдарламасы болса, балабақша тіл мамандарының үш тілде қатар білім беруі жүйелі болары сөзсіз. Жуырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанындағы «Мектепке дейінгі балалық шақ» әдістемелік орталығының жариялаған «Үштұғырлы білім беруді дамыту бағдарламасы» конкурсына балабақша педагогтары тәрбиеші Ақышбаева Жанат, орыс тілі мұғалімі Қасымбекова Гүлнар мен ағылшын тілі мұғалімі Әріпбек Мадинаның «Мектепке даярлық топтарындағы тілдер бағдарламасы» қалалық бас жүлдеге ие болып, облыстан үздік деп танылып, республикалық конкурсқа ұсынылды.

Байқау материалдары балаларды мемлекеттік тілмен қатар орыс және ағылшын тілдеріне үйрету, ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру, сөздік қорын байыту және бір-бірімен диалогқа ене білуі мен ертегілерді бірнеше тілде сахналанған түрде көрсете білетін балабақша бүлдіршінін тәрбиелеуге негізделген. Бағдарламадағы тақырыптар үш тілде бірдей алынған. Даярлық тобында стандарт талаптары бойынша оқу іс-әрекет кестесінде орыс тілі мен ағылшын тілі жүргізіледі. Орыс тілі мен ағылшын тілі мұғалімдері қосымша жоспар бойынша күрделі тақырыптарға кеңінен тоқтап тіл үйрету жұмыстарын жүргізеді. Балаға сөздік жұмыстарымен терең жұмыс жүргізу отырып, тілдің мағынасы мен дыбысталу ерекшеліктерін танытады. Үш тілді қатар меңгерту нәтижесінде баланың тіл үйренуге қызығушылығы артады, баланың жеке тұлғасын қалыптастырады, айналадағы әлемге көзқарасын артырады.

Көп тілді меңгеру - заманның басты талабы. Ұрпағым ұлағатты болсын деген ұлтымыз бала тәрбиесі мен біліміне аса зор мән берген. Сондықтан да бәсекеге қабілетті елу елдің алдыңғы қатарына шығу бірнеше тілде еркін сөйлей білетін сауатты жастар мен мамандарды қажет етеді. Білімді, көптілді меңгерген ұрпақ тәрбиелеу - педагогтардың басты міндеті.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2013ж.

Резюме

Главным приоритетом статьи является Послание Президента РК народу 2013 года в частности «Образование на трех языках». Главная задача детского сада наряду с родным языком дать знания детям на русском и английском языках.

Summary

The main task of the report is to give education in three language. The main task of the kindergarten along with knowledge of the mother tongue to the children to the in English and Russian languages.

А.А.Жиенбекова, А.Т.Қадірғалиева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ-ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МӘДЕНИ АСЫЛ МҰРАСЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ халқының ойын-сауық мәдениетінің ерекшеліктері мен ойындардың тәрбиелік мәні туралы сөз қозғалады.

Кілттік сөздер: Сауықтық мәдениет, ойын, дәстүр, мәдениет, дүниетаным.

Ата-бабамыз ерте заманнан бастап-ақ ойын-сауыққа көп мән берген. Сәбиінің дүниеге келгенін сауықпен бастап, қарт адамның өмірден кетуін жоқтау айтып, әндетіп, шығарып салған. Абай атамыз «туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңменен жер қойнына кірер денең» деп тегін айтпаған. Қазіргі таңда ұлттық ойындарымызды кез-келген сауық-кештеріне, ұлттық мерекелерге қолдана аламыз. Қазақтың ұлттық ойындары аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар.

Ахмет Жүнісовтың айтуынша «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен» деген. Ойын-сауықтарды бірнеше түрге бөліп қарастырамыз.

Аңға байланысты ойындар: ақсерек-көксерек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

Малға байланысты ойындар: аларман (қойға қасқыр шапты), асау көк, бура-котан, көксиыр, соқыр-теке, түйе мен бота.

Соқыртеке. Ойыншылар дөңгелене тұрады. Ортаға орамалмен көзі байланған адамды – «соқыртекені» шы-ғарады. Шеңбер бойынша тұрған ойынға қатысушылар «соқыртекені» түрткілейді. Ол сол кезде түрткен ойыншыны ұстап алып, атын айтуға тиіс. «Соқыртекенің» тыныш тұрған ойыншыны да ұстап алуына болады. Ұсталынып қалған ойыншы «соқыртекеге» айналып, ойын жалғаса береді.

Түйе мен бота. Ойын көгалды жерде немесе спорт залда өтеді. Балалардың санына шек қойылмайды. Бұл ойын орыс халқының «мысық-тышқан» ойынына ұқсас. Оның басқарушының нұсқауымен бір бала түйе болады, екіншісі ботаның роліне сайланады. Қалған ойыншылар өзара қолдарынан ұстап, шеңбер бойына қатарға тұрады. Түйе шеңбердің сыртында, ал ботасы ішінде қалады.

Түйе шеңбердің сыртында жүріп ботасына үйге жүр дейді. Бота жоқ, үйге бармаймын дейді. Түйе ботасын әкетпек болып қуа бастайды. Ал бота шеңбер бойымен айнала қашады. Ойын шарты бойынша бота шеңбердің ішіне кіріп-шығып, еркін қозғалып жүре алады. Ал түйені аса еркіне жібермей, кей кездерде шеңбердің ішіне еркін кіріп-шығуына әртүрлі кедергілер жасалады, яғни шеңбер бойындағы ойыншылар қысып қалады. Ақырында түйе алдап жүріп ботасын қолға түсіргенде, бота жібер дейді. Түйе жібермеймін дейді. Осы сәтте шеңбер бойында тұрған ойыншылар түйені қоршап, ұстап алып: - «шөк, шөк» деп түйені шөгеруге тырысады. Түйе оған көңісі келмегенімен көпшілік болып шөгереді, яғни жүресінен отырады.

Содан кейін ойыншылар сапқа тұрып, кезек-тесіп ботадан бастап шөккен түйенің үстінен бір-бірлеп секіре бастайды. Ойын шарты бойынша түйе жүресінен екі қолын жерге тіреп отырады да, үстінен секіргендерді орнынан қозғалмай қолымен ғана ұстай алады. Осы кезде түйе үстінен секірген ойыншылардың қайсысын бірінші ұстаса, сол түйенің ролін ойнайды да, екінші ұстағаны ботаның ролін ойнайды. Осылайша ойынды қайта жалғастыруға болады.

Түйенің үстінен секірген ойыншы оған қолымен, болмаса аяғымен тиюіне болмайды. Түйенің үстінен секіргенде мүмкіндік болғанша алысқа түсуге тырысады.

Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, алақүшік, алты-бақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ, әйкел, әуетаяқ, батпырауық, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, қамалды қорғау, қараше, қимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің дауысы, таяқ жүгірту, тепе-теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік, хал қалай?

Алтыбақан. Бұл – жас-тардың кешкілік бас қосып, ән айтып, домбыра тартып, қыздар, жігіттер болып айтысып, бір-бірімен әзілдесіп көңіл көтеретін ойын-сауығы. Қазір де үлкен тойларда алтыбақан құрылады. Алтыбақанды құру мынандай тәсілмен жүзеге асырылады: алты бақанды сырықтың екі басын үш-үштен қосактайды да мосы тәрізді етіп байлап тастайды. Бақанның аша тармағы сырыққа кигізіліп тұруға тиісті. Алты бақанды құрастырып болғаннан соң оның екі басына 3 қатар арқан байланады.

Ақшамшық (сақина салу). Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он –он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр», — деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», — деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді. Кейбір кітаптарда сақина тастау ақшамшық емес, ақшымшық деп те жазылып жүр.

Ақсүйек. Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойнаушылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуға тырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойнаушылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ ұтқан болады да, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын кезектесіп отырады.

Сықырлы таяқ. Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек, ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.

Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріктастамақ, бұғнай, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, біз де, егер..., жасырынбақ, жаяу жарыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық-сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ-жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи-тымпи, ұшты-ұшты, үй үстіндегі кім?, шымбике.

Аударыспақ. Ол – қазақ, қырғыз халықтарының арасында кең тараған ойын. Атқа мінген екі жігіт жекпе-жекке шығып, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысады. Аударыспаққа үлкен тойларда арнайы жүлде тағайындалады. Оған он сегіз жастан асқан қарулы жігіттердің қатысқаны жөн. Аударыспақ ойынының ережесі бойынша сайысқа қатысушылар салмақтарына қарай үш топқа бөлініп, күш сынасады. Ептілікті, күштілікті, тапқырлықты, батылдықты талап ететін спорттық ойын.

Арқан тартпақ. Оны арқан тартыс деп те атайды. Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойнаушылардың саны 10 баладан көп болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он –он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады.

Айгөлек. Оны қыз-жігіттер екі топқа бөлініп, қаз-қатар тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап тұрып ойнайды. Бір топтың ойын бастаушысы: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек, бізден сізге кім керек?», деп сұрайды. Екінші топтың ойын бастаушысы: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек, сізден бізге Ақерке керек!», — деп, бір адамның атын атап шақырады да, аты аталған адам бар пәрменімен жүгіріп келіп, шақырған топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Тізбекті үзіп кетсе, ол топтан қалаған адамын алып кетеді, үзе алмаса сол топта қалып қояды. Ойын екі жақтың бірінің адамдары таусылғанша жалғаса береді.

Соңғы кезде қалып-тасқан ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, нөмір, пароль, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып

саналады. Ал енді, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар.

Алтын қабақ. Мергендер сайысы. Жігіттер садақ жебесін нысанаға әрі тез, әрі дәл тигізуге тиісті. Бұл сайыс үлкен тойларда арнайы жүлде тағайындалып өткізіледі. Алтын қабақ сайысының түрлері: жаяу немесе ат үстінен сы-рық басындағы теңгені атып түсіру, жоғары лақтырылған қалпақты, басқа да заттарды атып түсіру, ат үстінде шауып келе жатып нысанаға дәл тигізу. Мергендер сайысының тағы бір түрі – жамбы ату, садақ тарту.

Ат сайысы. Спорттық ойын. Оның түрлері: ат омырауластыру, аударыспақ, жорға жарыс, көкпар тарту, теңге алу, қыз қуу, қыз жарыс, сайысу т.б. Олар үлкен тойларда ұйымдастырылады. Сайысқа түсетін аттар алдын-ала жаратылады. Ат сайысындағы кейбір ұлттық ойындар Олимпиада ойындарының жоспарына енгізілген.

Аламан бәйге. Мұнда жүйрік, жарыс аттар 25-100 шақырымдық қашыққа шабады. Оның жолында айналып өтетін көл, сай-сала, бел-белестер тәрізді кедергілі жерлер болуға тиісті. Аламан бәйге үлкен тойда, үлкен аста, торқалы тойлар мен зор мерекелерде жарияланады.

Теңге алу. Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу үлкен ептілікті, ат құлағында ойнайтын шабондоздық тәжірибені талап етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі. Бұрындары қазақ жігіттері атпен шауып келе жатып қолындағы қылышымен жерде жатқан тезекті түйреп алып көкке лақтырып жіберіп, оны жалма-жан қылышымен екіге бөліп шауып түсіретін.

Қыз қуу. Ол – ұлттық ат спорты ойыны. Қазір бұл ойынның ережесі жасалып, бір жүйеге келтірілді. Қазақстан-да қыз қуудың алғашқы спорттық жарыстары 1923 жылы өткізілді. Содан бері мерекелік бағдарламаларға енгізіп келеді. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт айналып қайтатын жерге дейін алдында атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүюге тиісті. Бұл – жігіттің жеңгені. Қуып жете алмаса, қайыра шапқанда қыз жігітті, оның атын қамшының астына алады. Бұл – қыздың жеңгені.

Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған. Қазақ халқы- ұлт ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты тағы басқа қуаты молдылығын, білек күшін дененің сомданып шынығуын қажет етеді.

Сонымен бірге, бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген. Өйткені, ойынға қатыспай тұрып-ақ оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Мысалы, бәйгені алайық. Ол үшін алдымен бәйгеге қатысатын атты таңдап алады. Ол атты баптап, бағып-күтуге тура келеді, оның ішетін суы мен жейтін жеміне дейін белгілі бір мөлшерге келтіреді. Сондықтан, қазақтың ұлттық ойындары сауықтық жағынан ғана емес, ол-спорт, ол- өнер, ол- шаруашылық тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы.

Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, алтын табақ ату т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәжірибелік маңызға да ие болды.

Көшпелі қазақтардың өмір-салты денсаулыққа аса зор мән берген. Атқа міну өнері жас баланы сезімі мен денесін жаттықтырудың басты және ортақ дәстүріне айналды. Бозбала да, қыз бала да жастайынан аттың құлағында ойнауға бейімделді, соған тырысты.

Ойымызды қорыта келе қазақ сауықтық мәдениеті, ойын дәстүрі және ойнай білу мәдениеті ертеден біздің қанымызға сіңген дүние. Әрқашанда ойын ережесін және тәртібін біліп, өз өмірімізге қажетті деңгейде ойнай білейік дегіміз келеді. Қазақ атам әр ойынға үлкен мән беріп, бала және ересектер ойыны өмірдің қажетті тұстарында ғана қолдана білген. Сол сияқты біздер де қазақ ойын-сауық мәдениетінің қадірін біле жүрейік.

Әдебиеттер

1. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл, 209б
2. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» 2003 жыл, 198 б.
3. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, 275 б.
4. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», «Алматы» 1995 жыл,98б
5. Жүнісов А. «Фәниден бақиға дейін», — Алматы: «Қайнар», 1994.

Резюме

В статье рассматриваются игровые культуры казахского народа и их особенности. Основные выводы направлены на воспитание молодежи.

Summary

The article considers the culture of kazakh festive events. Osnonye views aimed at raising generations

С.П.Заманханова

Шымкент университетінің «Майлықент» колледжі, Шымкент, Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САХНАДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІГІ

Аңдатпа : Қазақстанның әлемдік деңгейдегі жетістігінің бірі ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуі және индустриалдық инновациялық жетістіктерге қол жеткізу шаралары қарастырылған.

Кілттік сөздер: әлемдік көрме, балама энергетикасы, отын көздері, ғылым мен техника, инвестиция.

Н.Назарбаев 2014 жылғы жолдауында Астанадағы Дүниежүзілік ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындықты болашақтың энергиясын іздеу және жасау жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерделеу мен енгізу орталығын құру үшін пайдалану керек-деп атап көрсетті. Мамандар тобы Назарбаев университетінің қолдауымен осы жұмысқа кірісуге тиіс. Біз қоғамдық көлікті отынның экологиялық таза түрлеріне көшіруге, электромобильдерді енгізуге және олар үшін тиісті инфрақұрылым қалыптастыруға жағдай жасауымыз қажет. Еліміз бензинді, дизель отынын, авиация керосинін молынан өндіруді қажет етеді. Жаңа мұнай өңдеу зауыттарын салу қажет екендігін мәлімдеді.

Жалпы, ЭКСПО дегеніміз - бұл халықаралық көрме. Мұнда тек Қазақстанның мәдениеті мен өнімі ұсынылмайды. Экспоға мүше барлық елдер (160 мемлекет) тақырыпқа сай өз өнімдерін тарту етеді. Оны 5 млн. жуық адам тамашалайды. Осыдан-ақ, ЭКСПО-ның бір апта, немесе бір ай емес, 3 айдан астам уақыт жүретінін айтып өткен абзал. Үш айдан астам уақытта 5 млн. емес, одан да көп адам келуі ықтимал. Ендігі ретте Астана соншалықты мейманды күтіп алуға дайындық үстінде.

ЭКСПО-ның баяғыдан қалыптасқан екі түрі бар: бірі – әрбір 5 жылда бір болатын – әлемдік әмбебап көрме, екіншісі – екі ірі көрме арасындағы халықаралық арнайы көрме. Біздің жеңіп алғанымыз – осы аралық көрме. Ірісі – 6 айға созылып, көрме өтетін орынның құрылысын қатысушылар өздері жобалап, өздері павильондарын құратын болса, біз ұтып алған жағдайдағы талап – ұйымдастырушы көрме залдарын қатысушыларға тегін ұсынады. ЭКСПО-2017 шарасының бас ұйымдастырушылары көрмені өткізуге 1 млрд. еуро қаржы кетеді деп есептейді.

2010 жылы Қытайда "Тамаша қала – тамаша тіршілік" атты тақырыппен көрме ұйымдастырғанда 70 млн. халық тамашалады. Сондықтанда, Астанадағы бұл шараға шамамен 5 млн. адам келеді. Бірақ, Астананың аты әлемге шарықтайтынын айта кету керек. Әлемдің озық телеарналары мен жүйрік сайттары, белді басылымдары Астана туралы жарыса жазады. Ал, біздікі аралық көрме болғандықтан, тамашалайтын адамдардың аясы да аз болады.

Осы уақытқа дейін 64 көрме өткізілген 160 жылдан астам уақыт ішінде халықаралық көрменің өзіндік мұрасы пайда болды:

- Лондондағы Хрусталь сарайы;
- Париждегі Эйфель мұнарасы;
- Париждегі Александр III көпірі;
- Венадағы Ротонда - әлемдегі ең үлкен күмбез астындағы павильон;
- Мельбурндегі патшалық көрме павильоны.

Осы ғимараттардың барлығын «ЭКСПО» көрмесі өмірге әкелді. Аталмыш елдер, халықаралық көрме өткізу арқылы өзінің болашағын, мәдениетін қалыптастырып алды. Болашағын дейтініміз, бұл нысандарды, зәулім ғимараттарды көру үшін әлемнің әр түкпірінен келетін туристер көп.

Мәселен, Эйфель мұнарасын бір ай ішінде 2 млн. халық аралап кетеді екен. Мұнда ең атакты қылқалам шеберлерінің түпнұсқадағы картиналары мен полотналары қойылған. Лондондағы Хрусталь сарайы халықаралық көрменің нағыз үлгісі әрі феноменіне айналған. Сондықтан, Астанада өтетін «ЭКСПО» жобасында тек шығындалып қана қоймай, Эйфель мұнарасы секілді ғимараттар салу қажет. Өйткені, Астананың басты миссиясы қалаға туристерді тарту. Жакында, Астана әкімдігі бір жыл ішінде жарты миллионнан астам туристердің келгендігін жариялады.

Елорда үшін бұл мақтанарлық сан емес. Жарты миллион халық Эйфель мұнарасына небәрі бір апта ішінде келіп кетеді.

Әзірге, «ЭКСПО» көрмесіне арналған нысандарды салу жұмысы бастау алған жоқ. Биыл ЭКСПО-2017-ге арналған ғимараттардың қазығы қадалады деп күтілуде.

XXI ғасыр — ғылым мен техника, ақпарат ғасыры десек, өркениеттің көшінен қалмау үшін біз білім сапасын арттырып, адам ресурсын байытуымыз қажет. Қазақстанның дамыған елдердің қатарына

кіру жөніндегі стратегиялық мақсатына жету үшін де ол зор маңызға ие. Осындай жалпы ұлттық ұстанымға қол жеткізу Сіз бен бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Елбасы Жолдауында: «Бізге, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту керек» деді.

«ЭКСПО-2017» бұл процеске серпін беріп, бізге болашақтың энергиясын дамыту үшін жаңа технологияларды таңдап алуға көмектесуі тиіс» деді. Осы орайда, жастардың мамандық таңдау мәселесінде біршама ойлануы керек деген пікірдемін. Байқалатыны, қазіргі кезде гуманитарлық сала мен техникалық мамандықтар арасында тепе-теңдік орнап келе жатқан сияқты. Менің ойымша, мемлекеттің тұрақты дамуы үшін екі бағыт та керек. Жастары жан-жақты жетіліп, әрқилы салада жетістіктерге ұмтылған қоғам ғана алға өрлейді.

«ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің көтеретін тақырыбы «Болашақ энергиясы». Өйткені, еліміздегі көптеген электр желілері, қондырғылары, жабдықтары ескірген. Оларды ауыстыру, тек ауыстырып қана қоймай, шет елдің жаңа қондырғыларын, технологияларын орнату үлкен біліктілікті қажет етеді. Бұл мамандықта еліміздің энергетикалық деңгейін жоғарылатып, сапасын арттырып, баламалы энергетика көздерін оңтайлы пайдаланудың жолдарын іздестіріп жүрген студенттер жоқ емес. Алдағы «ЭКСПО-2017» көрмесі осы саладағы талапты жастарды қолдаудың бір жолына айналады деп сенемін.

Халықтың жан басына шаққандағы шынайы кірістері тағы төрттен бірге артты. Ел экономикасы биыл 5 пайыздан артыққа өскелі отыр. Мұндай жетістіктермен қазір әлемде көп ел мақтана алмаймыз.

Бұл ретте 2017 жылы халықаралық «ЭКСПО» көрмесін өткізетін орын ретінде жаһан таңдауының Қазақстанның бас қаласы - Астанаға түсуі - Мемлекет басшысының бағалауынша, халықаралық қоғамдастықтың «біздің жеңістерімізді ғана емес, сондай-ақ орасан зор перспективамызды мойындауы» болып табылады.

Біздің қазақ мұның маңыздылығын әлі түсінген жоқ, - деді Нұрсұлтан Назарбаев. - Біле білсек, бұл - тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның халықаралық сахнадағы ең үлкен жетістігі!

Шынында, «ЭКСПО - 2017»-мен ауқымы жөнінен елімізде өткен ешқандай іс-шара деңгейлесе алмайды.

«ЭКСПО - 2017» қазақ елінің бұрын-соңды болмаған ең ірі «имидж-жобасына» айналмақ. Қазақстан Президенті «ЭКСПО» енді бес жылдан кейін қайда өтеді?» деген сауалдың жауабын адамзат бүкіл әлем болып іздегендігін айтады. Себебі Халықаралық көрмелер бюросына дүниежүзіндегі 161 тәуелсіз мемлекет мүше, сайлауға сол елдердің барлығы қатысты. «Олардың барлығы Қазақстанның қайда екендігін, Астананың не екендігін талқылады, олардың барлығы өз таңдауларын білдіру үшін біздің еліміздегі ахуалды саналы түрде зерттеді. Олардың барлығы ақыр соңында осынау жаһандық ауқымдағы көрмені өткізуді Қазақстанға, Астанаға саналы түрде сеніп тапсырды» деп түсіндіреді Елбасы.

Рас, «ЭКСПО»-ны өткізу үшін ел бюджетіне біраз шығын шығаруға тура келмек. Ел Үкіметі оның аясында мәселен, әлемдегі артта қалған біраз елдерге көмек көрсетпек, бұл үшін бюджетте 50 миллион теңгедей қаражат қарастырылыпты. Ал «ЭКСПО» Қазақстанға қандай пайда бермек? - Біріншіден, әлемнің осыншама елінің Қазақстанды «ең лайықты» деп тануының өзі өте маңызды, - дейді Мемлекет басшысы. - Екіншіден, 100-ден астам ел Астанада өз павильондарын салу үшін келеді. Үшіншіден, «ЭКСПО - 2017» көрмесіне біз ұсынған «Болашақтың қуаты» ұраны негізінде елордамызға жаһандағы мемлекеттер өздерінің жаңа технологияларын жеткізеді, паш етеді. Іс жүзінде Ш-индустриялық революция «жасыл экономикадан» басталмақ. Бұл ретте қай елде «жасыл экономика» болса, соның қолында жаңа технологиялар бар. Ал жаңа технологияларсыз енді даму жоқ. Яғни «ЭКСПО - 2017» Қазақстан үшін экономикалық дамудың түбегейлі жаңа бетін ашудағы бетбұрыс бекетіне айналмақ!

«Жасыл экономика» саласындағы жетістіктер паш етілетін осы жаһандық көрме үшін Астана қаласы жанында арнайы қалашық бой көтермек. Мемлекетіміз ЭКСПО өткеннен кейін оны қалай пайдаланатындығын ендігі айқындап қойыпты. «Онда тұрғызылғанның бәрі бізде қалады, - деді Н.Назарбаев. - Бұл жаңа, «жасыл» технологияларды бүкіл Қазақстанда ендіруге қызмет ететін зертхана-лабораторияға, ғылыми паркке айналады. Өйткені бүкіл әлем осы жолмен ілгері жылжитын болады».

Н.Назарбаев осы жетістік пен жеңіс - «мемлекеттің сарабал саясатының нәтижесі, халқымыздың еңбекқорлығының арқасы» деп бағалады.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, дүниежүзінде дағдарыстың жалғасып, ал әлем елдерінің қиындық кешіп жатқандығына қарамастан, Қазақстан өз халқының өмірін жақсартып, әлауқатын арттырып келеді.

«Өткен жылдың соңында «Болашақ энергиясы» атты тақырыппен «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін Астанада өткізу туралы тарихи шешім қабылданды. Халықаралық көрмелер бюросына мүше 154 мемлекеттің 104-і біздің елорда үшін дауыс берді. Бұл – біздің жас астанамыздың халықаралық

беделін шарықтата түсті», - дей келе ҚР Президенті сөз орайын пайдаланып, шет елдің іскер топтарын ынтымақтастық орнатуға шақырды.

Өнеркәсіптің әртүрлі салаларында жұмыс істейтін біздің компаниялар қазақстандық нарыққа шығуға мүдделі. Олар ауыл шаруашылығы, фармацевтика, кеме құрастыру, машина құрастыру, көлік салаларында жұмыс істеуге ықыласты. ЭКСПО-2017 көрмесінің дайындығына Хорватияның қатысуға әзір. Сондай-ақ «ЭКСПО-2017» көрмесінің дайындығына қатысуға әзірміз. ЭКСПО көрмесі көптеген салаларды алға бастаудың теңдессіз жолы.

«ЭКСПО тұңғыш рет Еуразиялық құрылықтың дәл кіндігінде өтеді және біз бұл құқыққа посткеңестік кеңістікте қол жеткіздік. ЭКСПО дүниежүзілік көрмесі қайта құрылуға қуатты серпін беретініне және біздің елдің өзге мемлекеттердің де дамуының жаңа тақырыбына айналатынына сенімдімін. Қазақстан осы көрме жоғары деңгейде өтуі үшін, ол халықтың жадында тарихи оқиға ретінде қалуы үшін Қазақстан бар күш-жігерін салады», – деді Н.Назарбаев.

«Біз көршілес мемлекет - Қазақстанның ЭКСПО-2017 көрмесін өткізетініне қуаныштымыз. Біз Қазақстан бұл шараны жоғары деңгейде өткізеді деген сенімдеміз. Бұл әлемге елдеріңізді танытудың оңтайлы тәсілі, онымен бірге мемлекеттеріңіздің басқа елдермен қарым-қатынас орнатуына ықпалын тигізеді», - деді қытайлық дипломат.

Құжат Қазақстан аумағында ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелерін реттеуге бағытталған.

Нақтырақ айтсақ, түзетулер Бюджеттік және Салық кодекстеріне, «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңға енгізіледі. Бюджеттік кодекске енгізілетін түзетулерде «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясын мақсатты алым түрінде бюджеттен жедел қаржыландыру мүмкіндігі ескерілген. Салық кодексіне бұл компанияны корпоративтік табыс салығынан, жер салығынан, мүлік салығынан босату бөлігінде түзетулер енгізілді.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» заң ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыру және өткізу жұмысымен айналысатын компаниялардың квотадан тыс шетелдік жұмыс күшін тарту туралы ережемен толықтырылады.

Бұған қоса, заңнама көрмеге қатысу үшін Қазақстанға бөтен елдерден келуші азаматтардың кіру және тіркелу тәртібін белгілейтін нормалармен толықтырылады.

«ЭКСПО-2017 көрмесіне әлемдегі ең озық технологияларды, ең жақсы дүниелердің бәрін жинаймыз және әлемге бізде не бар екенін көрсетеміз. ЭКСПО көрмесін Қазақстанның бүкіл аймағы үшін орталық технологиялық трансферт ретінде қалдырамыз», - деп толықтырды Н.Назарбаев.

Қорыта келгенде, инвесторлармен бірлескен жеке инновациялық технологиялар ашылады. Оның аясында «жасыл экономикаға көшу» мәселесі қаралған, «жасыл экономикаға» көшудегі катализатордың бірі – 2017 жылы Астанада өткізгелі отырған халықаралық арнайы мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесін ойдағыдай өткіземіз деп үміттенеміз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазақстан халқына жолдауы//2014-17 қаңтар
2. Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы //Егемен Қазақстан
3. BAQ.kz - Хорватия мемлекеті 2017 жылы Қазақстанның елордасында өтетін «ЭКСПО» халықаралық көрмесінің дайындығы//BNews.kz.

Резюме

ЭКСПО-2017 Астана - планируемая международная выставка, признанная Бюро международных выставок (МБВ), которая состоится в [Астане, Казахстан](#) в [2017 году](#). Международная специализированная выставка "ЭКСПО" - крупнейшая международная выставка, на которой демонстрируются новейшие научно-технические достижения, перспективы развития, а также история, традиции и культура стран всего мира. Результатом проведения всемирных выставок является расширение международных, экономических, политических, культурных и научных связей. Всемирные выставки проводятся один раз в пять лет, а промежутки между ними заполняют специализированные выставки. Поэтому проведение ЭКСПО-2017-это, одновременно, огромная ответственность Казахстана перед всем миром.

Summary

EXPO-2017-the planned international exhibition, recognized by the Bureau of international exhibitions (BIE), which will be held in Astana, Kazakhstan in 2017. International specialized exhibition "Expo-the largest international exhibition that demonstrates the latest scientific and technical achievements, prospects of development, as well as the history, tradition and culture of countries around the world. The result of the Expos is the expansion of international, economic, political, cultural and scientific relations. Fairs are held every five years, and the intervals between them fill specialized exhibitions. "Therefore, the EXPO-2017 is, at the same time, a huge responsibility of Kazakhstan before the whole world."

ӘОЖ. 378.016.02

М.Д.Мирабдуллаева, А.У.Сайдиқаримов

№13 А.Навоий атындағы жалпы орта мектебі, №57 И.В.Панфилов атындағы жалпы орта мектебі, Сайрам ауданды, ОҚО

**МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ
ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Қазіргі кезде ақпараттың қарқындап өсуі мен техниканың соңғы жетістіктері, математика ғылымның үздіксіз дамуы мен оның жаңа салаларының пайда болуы 12 жылдық мектепке өту жағдайында математиканың мазмұнын үнемі жетілдіріп отыруды керек етеді. Соған сәйкес математиканы оқыту әдістемесі де ұдайы өзгеріп отырады. Мұнда оқытудың жаңа инновациялық технологиялары мен әдістері, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді математика сабағында тиімді қолдана білу тәсілдері қарастырылады және ол үнемі жаңару, жетілдіру жағдайында жүзеге асырылады. 12 жылдық мектепке өту жағдайында математика пәнін оқыту әдістемелік пән ретінде жетекші орынға ие. Бұл пәнді оқытудың мақсаты оқушылардың кәсіби бейіндік шығармашылық дамуын жетілдіру, олардың логикалық ойлауын дамыту, есепті шығаруда амалдарды дұрыс қолдана алуы, есеп шығару дағдыларын қалыптастыру қажет. Бүгінгі күні оқу, өндіріс, ауыл шаруашылығы, ғылыми- зерттеу жұмыстары, медицина, тағы басқа адам қызметінің барлық салаларына математика элементтері дендеп енгізілуде. Бұл жағдайлар болашақ математика мұғаліміне пәнді оқытудың жалпы заңдылықтарын, мақсаты мен мазмұнын, оқытудың әдістерін терең меңгеріп, оны сабаққа тиімді қолдана білу міндетін жүктейді.

Оқушының іс-әрекетінің күрделі сипаты оған сол уақытта әсер ететін объектімен ғана емес, сонымен бірге оның сол объектіге тәжірибе негізінде қалыптасқан қарым-қатынасымен анықталады. Осы жағдайға байланысты оқушының жеке тұлғасындағы қасиетінің мүмкіншілігін анықтайтын керекті сапалы түрлеріне, ойлауына, қызығушылығына, бейімділігіне сенімділігіне назар аударуы ретінде қарастыруға болады.

Еліміздің барлық мектептері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Б.Баймұханов, А.К.Казешев, С.А.Соколова, А.Исабаева, Г.Нұрғалиева, А.Тәжіғұлова, Л.Шарабко, Д.Исабеков, Т.Ермакова. 5-сынып. Математика. Электрондық оқулық. ҚР БжҒМ ҰАО.Астана, 2009 [2] даярлаған “5-сынып математика” пәні электронды оқулығымен жабдықталған. 5-сыныпқа арналған электронды оқулық мазмұны 3 блоктан, ал оқыту 4 режимде ұсынылады: қарау; тестілеу; оқытуды бастау; оқытуды жалғастыру. Мұнда Т.Алдамұратованың оқулығы мазмұны басшылыққа алынған және типтік бағдарламадағы барлық тарау қарастырылған және ол жалпы саны 10 сабақты құрайды. Оқытуды бастау режимі бірден теориялық материалдан, жаңа сабақты бекітуге арналған сұрақтардан тұратын, тестік бақылау жұмысы және жаттығулармен аяқталады.

5-6-сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда көрнекілік принциптің маңызы зор екендігін әдіскер-ғалым А.М.Пышкало ерекше атап өткен болатын. Математика пәнін оқытуда логикаға көңіл бөлген чех педагогі Я.Коменский оқушыларды қысқа ой тұжырым жасауға оларды өмірмен байланыстыра білуге үйретіп, ары қарай логикалық ойлауын жетілдіру керектігін айтқан. Бұл көзқарастарды ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің еңбектерінен кездестіруге болады. Оқушыны логикалық ойлауға үйрету – айнала мен табиғатты бақылаумен көрнекі оқыту болу керек. Олардың ойлау қабілетін А.Запорожец, А.Леонтьев, А.Люблинская, Г.Минская, Д.Эльконин және т.б. зерттеген. Мектепте шығармашылық ойлауды дамыту арқылы логикалық ойлауды дамытуға болады. Бұл мәселені шешудегі басты міндет негізгі мектепке, әсіресе, 5-6-математика пәнін оқытуға жүктеледі. Сонымен, көрнекілік адамның заттар немесе құбылыс жайлы ақпараттың берілуі мен оны қабылдауды оңайлату қажеттілігінің туындауымен бір мезгілде пайда болды. Оның куәсі бізге ертеден жеткен

жартастағы суреттер болып табылады. Көрнекілік – оқыту, жазу өнері пайда болғанға дейін туындаса керек. Ежелгі Египет, Рим, Грек елінде ол кеңінен қолданысқа ие болған.

Ақпаратты ауызша және жазбаша сөйлеу тілі арқылы жеткізудің жетілуі, сонымен бірге абстрактілік ойлаудың дамуы, көрнекі оқыту әдісінің кең тарауына ықпал етті.

Оқытудағы көрнекілік принципінің мәні туралы Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев былай дейді [3]: «Оқыту үдерісінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Мысалы, жоғары сыныптарда сабақты демонстрациялап өткізу өте тиімді және нәтижелі болады. Көрнекілік абстракты ұғымды игеруге әсер етеді. Сонымен, көрнекілік принципінің оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді терең оқуда, берік есте сақтауда алатын орыны ерекше».

Ә.Бидосов [4] көрнекілік принципін жүзеге асыру нақтылық пен абстрактылықтың бірлігі ретінде атап көрсеткен. Мұның мәні оқытудың әрбір сатысында, білім игеру логикасының желісін басшылыққа ала отырып, сол білімдердің айрықша фактілері мен оқушылардың байқауларының немесе аксиомалардың ғылыми ұғымдар мен теориялардың алғашқы бастамаларын тауып, жеке затты қабылдаудан жалпылыққа, нақтылықтан абстрактілікке және керісінше жалпылықтан жекелікке, абстрактіліктен нақтылыққа көшу заңдылықтарын анықтау болып табылады. Сонымен қатар оқу үдерісіне көрнекілікті пайдаланғанда бірқатар әдістемелік талаптарды орындаған жөн екені ескеріледі: көрнекі құралдар сабақтың мақсатына сәйкес іріктелуі тиіс, көрнекі құралдарды пайдаланғанда оқушылардың оларды дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету үшін, құралдың неғұрлым маңызды жақтарына назар аударған жөн; сабақта көрнекі құралдар шамадан тыс көп болмағаны яғни мақсатқа жетуге қажеттілерін ғана пайдаланған маңызды. Егер сабақ кезінде бірнеше көрнекі құрал көрсетілуі керек болса, олардың бәрін бір уақытта емес, әрқайсысын қажетінше кезегімен пайдаланған орынды. Сабақ кезінде мұғалімнің өзінің баяндауы мен көрнекілікті үйлестіруі елеулі роль атқарады. Дидактикада үйлестірудің екі тәсілі белгілі. Біріншісінде көрнекі құрал мұғалімнің түсіндіруінен бұрын көрсетіледі. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың іс-әрекетін, байқағыштығын бақылай отырып, керегінше мағлұмат алуына жетекшілік етеді. Екіншісінде көрнекі құралды көрсетуден бұрын мұғалім оқу материалын түсіндіреді.

Бұл екі тәсілдің біріншісі тиімдірек, себебі ол қажетті білімді меңгеруді қамтамасыз етумен бірге, оқушылардың байқағыштық қабілеттерінің өрістеуіне көмектеседі. Бірақ, көрнекі құралдарды шамадан тыс қолдану оқушылардың ойлау қабілетіне кері әсер ететінін ескерген жөн.

Д. Рахымбек былай дейді: Оқушылардың оқу материалын қабылдау - талдау және жалпылау үдерісінің мәнінен туындайды. Оқу барысының әр түрлі кезеңдерінде көрнекілік түрліше функциялар орындайды. Математиканы оқыту практикасы бұл принципті жүзеге асыруға бағытталған арнайы құрал-жабдықтар жасауды қажет етеді (геометриялық фигуралардың модельдері, кестелер, оқу диафильмдері, кинофильмдер, теледидар, микрокалькуляторлар т. б.).

Ескеретін бір нәрсе, көрнекілікті қалай болса солай қолдана бермей, тек қажеттілігіне, тиімділігіне қарай пайдалана білудің маңызы зор. Мысалы, стереометрияның алғашқы сабақтарында фигуралардың әр түрлі моделін көрсету оқушылар үшін пайдалы болады да, кейінірек олардың кеңістік қиялын дамытуға кері әсер етуі мүмкін, яғни стереометрияны үйретуде нақты көрнекілік біртіндеп «абстрактылық көрнекілікке» (жазық сызбаларды қарастыру) орын беруге тиіс. Я.А.Коменскийді (1592-1670) «Дидактиканың алтын ережесі» деп аталатын көрнекі оқыту принципінің негізін қалады. Ол көрнекілікті адамның әртүрлі сезім мүшелері көмегімен қабылдайтын объекті немесе құбылыс жайлы сенімді ақпаратты алуға мүмкін болатын компонент ретінде түсінеді, «...барлығын тек сезімдік қабылдаулармен, атап айтар болсақ: көруді - көру сезімдерімен, естуді - есту мүшелерімен, иісті - иіс сезу мүшелерімен, дәмді - дәм сезу мүшелерімен, жанасуды – сипау арқылы сезінуге болады. Егер қандай да затты бірнеше сезім мүшелерімен қабылдауға болатын болса, онда ол бірден бірнеше сезімдік қабылдауларды қамтиды». Чех педагогы табиғаттағы заттарды тікелей қабылдау арқылы үйренуден бастауды, ал егер мұндай зат (құбылыс) болмаса, онда оны оның кескінімен немесе көшірмесімен алмастыруды ұсынды. Я.А.Коменский адам білімді өзіндік бақылау жасау жолымен алуы тиіс деп үйретеді. Ол көрнекілік мәселесіндегі негізгі орынға көру қабілетін қойды. Оның «Суреттердегі сезімтал заттар әлемі» оқулығы көрнекілік принципі негізінде жазылған алғашқы кітап болды. Осылайша, Я.А.Коменский көрнекілікті сезімдік таныммен байланыстырса, ал бақылауды кез-келген білімді алудың негізі деп есептеді. Қ.Жарықбаев: «Байқау дегеніміз – белгілі мақсат пен объектіні әдейілеп қабылдау. Байқау үшін белсенді ой жүгірту, арнайы зейін қою, байқау нәтижесін сөзбен айтып отыру ерекше маңыз алады» деді.

И.Г.Песталоцци сезім мүшелерінің қоршаған әлемді тікелей қабылдауы жайлы айта отырып: «...сезімдік қабылдау адамдық танымның жалғыз негізі болып табылады. Бұдан кейінгі келетіндердің

барлығы да осы сезімдік қабылдаудың қарапайым нәтижесі немесе абстракциясы» деп жазады. Ол көрнекілік балалардың ақыл-ой қабілетін арттырып, сөйлеу қабілетін дамытудың құралы деп ұйғарды. Оның пікірі бойынша, бақылау үш сатыны қамтиды: бала алдында қанша зат бар; олардың формалары қандай; бұл заттар қалай аталады. Көрнекі оқыту мәні оқушының ойлау мен сөйлеу қабілетін дамытуға көмектесіп, бөліктен бүтінге біртіндеп көшуге мүмкіндік беретіндігінде болып табылады.

Неміс педагогтары И.Ф.Гербарт, А.Дистервег, Я.А.Коменский білімін дамыта отырып, көрнекі оқыту әдістемесін мұғалімнің сабақта пайдалануының талаптарын жасады:

- затты өте ұзақ демонстрациялауға болмайды, бір затты демонстрациялай беру оқушыны жалықтырады;

- сабақта көрнекіліктің сан алуан түрлері қолданылуы тиіс;
- мұғалім көрнекі құралды пайдалана отырып, қабылдау механизмі, көрнекі құралдарды пайдаланудың тұтастығы, бірізділігі мен әдістемесі жайлы мәселелерді есте ұстауы шарт;
- жақыннан алысқа, жеңілден салмақтылығына, қарапайымнан күрделіге біртіндеп сатылай шығармашылықпен оқуға өту керек.

И.Ф.Гербарт қандай да бір объекті мен құбылысты тікелей қабылдау мен зерттеу алдында бастауыш сынып оқушылары бақылайтын затпен танысып, оны айқындаудың қажеттілігін көрсету керек деп есептейді. Сол заманғы барлық педагогтар сияқты көрнекі оқыту жайлы айта отырып, қоршаған ортаны сезім мүшелерімен тікелей қабылдау деген көзқараста болған ол, көрнекі оқыту әдістемесін жасағанымен, бірақ көрнекі оқытуды, мақсат категориялар мен шығармашылықтың өзара байланысы жайлы мәселе ашық түрде қойылған жоқ.

К.Д.Ушинский көрнекілікті оқыту үдерісінде мұғалім жетекшілігімен немесе өзіндік бақылау нәтижесінде қабылданатындығына тәуелсіз түрде баланың тікелей қабылдауымен нақты бейнеде тұрғызылған ілім ретінде анықтады. Көрнекіліктің ең ерекше де маңызды түрлерінің бірі деп ол әсерлі және бейнелі сөйлеуді есептеді. Оқыту үдерісінде мұғалім өз әңгімесін «біріншіден, оқылғандарды еске түсіріп қана емес, сонымен бірге оны тікелей жетілдірумен толықтыра отырып, балаларға оны көрсетуі тиіс; екіншіден, сұрақтарды сан алуан етіп және әсерлі ете отырып, көрнекілікті көрсетуі тиіс».

К.Д.Ушинский үшін көрнекілік - оқытудың әдістері мен тәсілдерінде міндетті түрде қатысып отыратын оқытудағы маңызды дидактикалық принцип.

Педагогикада көрнекіліктің табиғи, кескіндік (фотосуреттер, оқу картиналары) және кескіндік (графиктер, сызбалар, диаграммалар) деп аталатын үш түрін қарастырады. Көрнекіліктің әр түрінің өзіне тән атқаратын функциялары бар. Көрнекілік түрлері: табиғи көрнекілікке коллекциядағы кептірілген өсімдіктер, жануарлар мен құстардың тұлыбы, минералдар және т.б. жатады. Кескіндік көрнекілікке карталар, картограммалар, схемалар, диаграммалар, кестелер жатады. Мысалы кестенің бірнеше түрлері бар. Олар: хронологиялық, синхрондық, тақырыптық, графикалық кестелер. Экранды-динамикалық көрнекілік қоршаған дүниені бейнелейді. Олар: диапозитивтер, диафильмдер, эпипроекциялар, оқу киносы, оқу теледидары. Дыбысты техникалық көрнекілікке грампластинкалар, магнитофильмдер, радиоқабылдағыштар жатады. Көрнекі құралдар оқу материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді есте жақсы сақтау және жеңіл түсіну үшін қолданылады.

Орыс педагогы Н.Ф.Бунаков көрнекілікті оқудың шынайы өмірмен байланыс құралы, өмірлік қажетті білімді алу құралы деп есептеп, көрнекілік түсінігін шығармашылық элементтермен байланыстырды.

Біз оқушыны оқытудың сапалы құралы ретінде математика элементтерін тиімді қолдануына көңіл бөлуін, оқушыға тап осы әдісті қарастыру керек екендігін қарастырамыз. Мысалы, математикалық статистиканы пайдалану мүмкіншілігін оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті ретінде қарастырғанда, оқу сапасын жақсартуды өздерінің ойлау мүмкіншіліктеріне ғана емес, бірінші кезекте тек оған деген балалардың қызығушылықтарына байланысты. Жалпы орта мектептің 5-сынып математика пәнін оқытуда ықтималдықтар теориясы элементтерін енгізгендігі белгілі. Біз бұл мақалада Т.А.Алдәуратова, Е.С.Байшолановтың «Математика. 5-сынып»

(–б.261-265) әдістемесін қарастырамыз:

Сабақтың тақырыбы: Сандардың арифметикалық ортасы, өзгеріс ауытқуы, модасы

Сабақтың мақсаты: Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары. Салыстырмалы жиілік, статистикалық ықтималдық, статистикалық тұрақтылыққа анықтама беру.

Сабақта қолданылатын оқытудың құрал-жабдықтары, көрнекілігі: Компьютер, электрондық оқулық, плакат, кеспе қағаздары.

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ [5-9].

Ауыл шараушылығына қатысты есептерді шешу кезінде, яғни өнімнің шығуын алдын ала математикалық жолмен болжап, есептеуге болады. Мысалы, Көктемгі егістіктен піскен уақытта гектарына неше центнер астық алуға болады? Деген тәрізді есептерді қарастырып, оқушыларды

практикалық мазмұнды есептерді шешуге үйретуіміз керек. Ол үшін оқушыларға математиканың ықтималдықтар теориясы элементтерінен хабардар болғаны жөн.

Ықтималдық деген не? Ықтималдық нөлден бірге дейінгі сандармен көрсетіледі. Нөлдік ықтималдық дегеніміз - нақты болмайтын нәрсе. Бірлік ықтималдық – міндетті түрде болатын нәрсе. Осы екеуінің арасындағылардың барлығы да болуы мүмкін. Мәселен, темір теңгені аспанға лақтырған кезде, оның не цифр жағымен, немесе елтаңба жағымен түсуі мүмкін ғой. Математик-ғалымдар кезінде осы мәселелерге арнайы тәжірибелер жасап, оны өте дәлдікпен есептеген. Сонымен темір теңгенің бір жағымен түсу ықтималдығы 0,5-ті құрайды. Тәжірибе неғұрлым көп жасалынса, есептің дәлдігі де арта түседі, сөйтіп ақиқатқа жақындайды.

Анықтама: Ықтималдықтар теориясы - кездейсоқ құбылыстардың заңдылығын зерттейтін математикалық ілім. Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары: кездейсоқ оқиғалар және оқиғалардың ықтималдығы.

Анықтама: Оқиға – кейбір байқау, тәжірибе немесе эксперимент жасауда белгілі бір шарттардың жиынтығы орындалғанда пайда болатын немесе пайда болмайтын нәтижені айтады.

Оқиғаларды латын әліпбиінің бас әріптерімен белгілейді: А, В, С, ... және т.с.с.

Салыстырмалы жиілікке анықтама беру үшін мынадай мысал қарастыралық: n рет тәжірибе қайталанып жүргізілді делік, әр тәжірибеде А оқиғасының пайда болғанын есептеп отыралық. Сонда n тәжірибеде m рет пайда болсын. А оқиғасының пайда болу санының тәжірибенің қайталану санына қатысатын, $\frac{m}{n}$ бөлшегі, А оқиғасының пайда болу жиілігі деп аталады.

Анықтама: Тәжірибенің қайталану саны мейлінше үлкен болғанда, жиілік тұрақты бір санның төңірегінде тығыз топталады екен. Осы заңдылықты статистикалық тұрақтылық деп атайды.

Анықтама: Салыстырмалы жиілік W (A) деп, жасалынған тәжірибеде А оқиғасының пайда болған санының (m) барлық қайталанған тәжірибе санына (n) қатынасын айтады

$$W(A) = \frac{m}{n}$$

Ықтималдықтың классикалық және статистикалық анықтамаларын салыстыра отырып қорытындыға келуге болады: ықтималдықтың классикалық анықтамасы тәжірибенің шындығында болуын талап етпейді, ал алыстырмалы жиіліктің анықтамасы тәжірибе жасалынған деп ұйғарып есептелінеді.

Ауыл шаруашылығындағы қайсібір шамалардың: егін өнімінің, заттың бағасының, қозғалыс жылдамдығының және т.с.с. сан мәндері әртүрлі болады. Оларды есептеу статистикалық сипаттамалар бойынша жүргізіледі. Статистикалық сипаттамалардың жиі қолданылатын түрлері: арифметикалық орта, өзгеріс ауқымы, мода.

1-есеп. Наурыз айының бірінші аптасындағы ауаның тәуліктік орташа температурасы: $3^0, 4^0, 5^0, 8^0, 6^0, 4^0, 7^0$ болды делік. Осы аптадағы ауаның тәуліктік орташа температурасының өзгеріс ауқымы: $8^0 - 3^0 = 5^0$.

Жауабы апта ішіндегі тәуліктік температураның өзгеріс ауқымы 5^0 .

Халықтың тұрмыстық қажетін өтеудегі, коммерциялық жұмыстардағы моданың бірі – халықтың көп сұрайтын заты.

Есептер шығару. №1275, «А» тобындағы есептер: №1276-1286,

«В» тобындағы есептер: №1287-1296,

«С» тобындағы есептер: №1297-1314.

1-мысалы, комбайншы егін жинау кезінде: бірінші күні 15,2 га;

екінші күні 16,2 га;

үшінші күні 18,6 га;

төртінші күні 16,2 га;

бесінші күні 17,3 га жерден егін жинады.

Комбайншының бір күнді ауқымын есептеңдер, модасы бар ма?

2-мысалы, шарушылық бірлестігі үш жерге бидай егіп, 16,8 га жерден 462 ц., 12,5 га жерден 337,5 ц., 9,6 га жерден 250,8 ц., өнім алды. Шаруашылық орташа есеппен 1 га жерден қанша бидай өнім алды?

Жоғарыда келтірілген есептерді шығару әдістерін оқушыларға үйретуіміз керек.

Сабақты бекіту, үйге тапсырма беру. Оқушылардың білімін бағалау.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті. №445. Астана, 2012. 3-бет.
2. Т.А.Алдамұратова, Е.С.Байшоланов. Математика. 5-сынып. –б.261-265.
3. Интернет материалдары. 2012.
4. Г.С.Нуржигитова. 5-6-сынып математика пәнінен ашық сабақ материалдары. Шымкент, 2012.
5. Ж.Қаратаев. Бқтималдықтар теориясы. Шымкент, 2011. –б.10-11.
6. Ә.Қ.Бүркіт. 12 жылдық мектепте математика пәндерін оқытуда заманауи инновациялық технологияларды қолдану әдістемесі. Оқу құралы. Шымкент, 2011. 78-бет.
7. А.Д.Ниязымбетов, Ә.Қ.Бүркіт. Математика пәндерін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану. «Қазақстанның ғылыми әлемі» журналы. Мақала. Алматы, 2012. 193-бет.
8. Ә.Қ.Бүркіт. Математика пәнін оқытуда заманауи педагогикалық технологияларды қолдану. Оқу құралы. Шымкент, 2012. 250-бет.
9. А.Д.Ниязымбетов, Ә.Қ.Бүркіт. Математика пәнін оқытуда практикалық мазмұнды есептерді шығару. Шымкент, 2012. 202-бет.

ӘОЖ 82.09

У.А.Тойбаева

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ СЫНШЫ МҰРАСЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада сын жанрында ұзақ жылдар табан тіреп, талмай еңбек еткен сыншы Сайлаубек Естайұлы Жұмабектің еңбек жолы мен қазақ баспасөзінде жарияланған мақалалары жайында сөз болады. Тарихи тұлғалар, өзі өмір сүрген дәуірдегі ақын-жазушылар, драматургтер, сыншылар шығармашылығын қарастырған сын мақалаларының танымдық, тағылымдық мәні анықталады.

Кілттік сөздер: баспасөз-рухани-мәдениет-тағылым.

Қазақ баспасөзі - ұлттық мәдениетімізді қорғауда, ата салт-дәстүрімізді сақтауды насихаттауда, халық санасын оятып, мемлекеттің болашағын, ұлт мүддесінің проблемаларын жан-жақты қозғауда, ұлттық мәдениетті келешек ұрпаққа насихаттауда, демократиялық мәдениетті қалыптастыруға зор үлес қосып отырған ерекше күш.

М. Дулатовтың «Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатасыз бір өлшеушісі – баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді» [1] деген тұжырымдамалық пікірі ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы ұлттық басылымдардың мақсаты мен міндетін, олар көтерген жүктің салмағы, жауаптылығы мен ақпараттық ауқымын дәл көрсетеді.

Баспасөз – қашанда шығармашылық тәжірибе мектебі, қалыптасу, өсу мен өрлеу шеберханасы. Осындай мектептен өткен, жан-жақты шыңдалған сыншы – Сайлаубек Естайұлы Жұмабек. Сыншылық – ең алдымен мидың азабы, зердеге сын. Сол азапты шегіп жүрген, сол азаптан рухани ләззат алып, өзін-өзі сынағып жүрген азаматтардың бірі – Сайлаубек Жұмабек. Ол туған әдебиетінің өмірімен бірге тыныстап, соның ойы-қырымен, олжа-табыстарымен бірдей аяқ алып жүруді әу бастан өзіне мақсат етіп алған. Өзі қызмет атқарған баспасөз құралының салмағы, уақыт ықпалы, өмір талабы да сыншының жазған мақалаларында көрініп тұр. Талай жыл осы қиын жанрдың бейнеті мен зейнетін қатар көрген азаматтың бұл жанрда табан тіреп, ұзақ жылдар қажымай-талмай еңбек еткенінің куәсі-осындай сын мақалалары мен кітаптары.

Сайлаубек Жұмабек Естайұлы 1946 жылы 12 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласына қарасты Ащысай қорғасын руднигінде жұмысшы отбасында дүниеге келген. Талапкер жас 1965 жылы жоғарғы оқу орнына түсіп, 1970 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. 1970-1973 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының аспиранты болды. Сыншының алғашқы мақалалары баспасөз беттерінде осы кезде, яғни 70-жылдар ортасында жарық көре бастады. «Замандас келбетіне көз жіберсек», «Дәстүрге айналса екен», «Стиль, Изденіс (Тәкен Әлімқұлов әңгімелерінің кейбір ерекшеліктері)», «Өмір сабағы (Сәкен Жүнісовтың «Қызым, саған айтам» драмасы Қазақ мемлекеттік балалар мен жастар театры сахнасында)», «Қазіргі қазақ прозасындағы көркем творчество адамдарының тұлғасы», «Өмір, өнер адамы және роман» сынды бірнеше мақалалары баспасөз беттеріне жолдама алып үлгеріп, пікір орнықтылығы, талдау мәдениетімен оқырман назарын өзіне бірден аударды.

1974-1979ж.ж. Мемлекеттік кинематография комитетінің сценарлық бөлімінің аға редакторы қызметін атқарған. Бұл жылдарды сыншы Сайлаубек Жұмабектің өзі былайша еске алады: «Мен үшін халқымыздың аяулы перзенті – біртуар тұлғасы, аса көрнекті драматург, қазақ театры корифейлерінің бірі Қалтай Мұхамеджанның қол астында қызмет еткен бес жылдың, яғни 1974-1979 жылдардың маңызы өте зор.

Ең бастысы, дүние-жаһан жаратылғалы бері телқоңырдай егіз болып келетін әдебиет пен өмірдің қарапайым да өміршең дәрістерінен тұратын тағылым университетінен өттім десем де болады». Осы кезеңде С.Жұмабектің әдебиетіміздің бірталай майталман өкілдерімен, соның ішінде Тахауи Ахтанов секілді ұлы суреткермен шығармашылық байланыста болғандығын да байқаймыз.

Кейіннен 1979-1981 ж.ж. «Жас Алаш» газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болды.

Баспа мен журнал редакцияларында қызмет істеген жылдар Сайлаубек Жұмабек үшін сыншы ретінде қалыптасу, қарыштай өсу жылдары болып табылады. Күнделікті әдеби процеске белсене араласады, «Бір романның көркемдік әлемі» («Қызыл Жебе» романына пікір), «Туған елдің тас түлегі» (Б.Момышұлы 70 жаста), «Ақ шаңқан ойлар мен шырайлы бояулар үндестігі» (суретші Ү.Әжиевтің «Алғашқы тың игерушілер» және «Тыңның құрдастары» сериясындағы акварельдік еңбектері) сияқты көптеген сын мақалалар жазады.

Осы жылдары театр сынына да қалам тартқанына «Спектакльдің сыры мен сымбаты» (Б.Мұқаевтың «Қош бол, менің ертегім») пьесасы республикалық балалар мен жасөспірімдер театры сахнасында), «Өмір жыры» (Татар мемлекеттік академиялық драма театрының Алматыдағы гастролі) секілді мақалалары дәлел бола алады.

Сайлаубек Жұмабектің 1981-1990 жылдарда атқарған қызметі – «Қазақ әдебиеті» газетінің сын бөлімінің меңгерушісі. Жеке шығармалар хақында ой айтуға төселген қалам иесі осы жылдары творчестволық тұлғаның тұтас бітім-болмысын айқындайтын зерттеулерге оның сол жылдары жазылған «Ұлы суреткер эстетикасы», «Уақыт жүгін көтерген», «Елу жылдан соң жүздесу», «Шырғалаң кезең шындығы», «Көркемдік шешім парасаты», «Тарих, тарихи тұлға және көркемдік трактовка», «Адамға және адамзатқа», «Әлеуметтік әділет тартысы», «Найзағайдың жарығы» мақалалары осының дәлелі.

Мәселен, «Шырғалаң кезең шындығы» [1] мақаласы жазушы Сәкен Жүнісовтың «Заманай мен Аманай» татты жаңа жинағына арналған.

Баққожа Мұқаевтың «Мазасыз маусым» атты 1986 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген повестер жинағына арнап жазған «Төрт ауыз сөз» [2] рецензиясының да мәні ерекше. Жинаққа енген төрт повестке «Замандастардың моральдық-әлеуметтік бітім-болмыстарындағы, іс-әрекеттеріндегі, мінез-құлықтарындағы, ой-пиғылдарындағы бірде сүйсінерлік биік азаматтық пен бірде жиренерлік күйкі пендешілік иірімдер шыншыл суреттелген» деп бағалап, сол повесть жайындағы ой-пікірін төрт ауыз сөзбен таратып айта білген.

Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романын талдауға арналған «Тарих, тарихи тұлға және көркемдік трактовка» [3] мақаласында өз ойларын жаңашыл бағыт-бағдар іздеген оқырман назарына ұсынудан жалыққан емес.

1990-1993 ж.ж. «Егемен Қазақстан» газетінде әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі, республикалық «Ара-Шмель» журналының жауапты хатшысы, 1993-1996 ж.ж. «Ара-Шмель» сатиралық журналының және осы аттас газеттің бас редакторы болды. 1996 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар Одағының аға референт-әдеби кеңесшісі қызметін атқарды.

Ол уақыт мүддесіне сай көркемдік өмір үрдісіне дер кезінде, керек шағында ат салысуды өзінің басты мақсатына айналдырды. Әдеби процесс, ұлттық сөз өнеріндегі жалт еткен жаңалық, талантты туынды, толымды творчестволық тұлға сыншы назарынан тыс қалған емес. Сайлаубек Жұмабек – өнімді еңбек еткен сыншылардың бірі.

«Мұхтар Әуезовтен кейінгі қазақ прозасындағы (1960-1970 жылдардағы) өнер адамының бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қорғалмай қалғанын естіген Тахауи Ахтановтың: «Көп кандидаттың бірі болғаннан гөрі, біреуге жағарсың, біреуден жау тауып аларсың, сын мақалаларыңды осылай жаза бер. Тәкеннің, Асқардың қанатының астында жүрсең, сірә, жаман болмағаның» - деп айтқан сөздерін әрқашан есте сақтаған сыншы өз қоғамының, дәуірінің перзенті ретінде қоғамдағы елеулі өзгерістерге сергек сыншылық талаппен үн қосты. Әдебиет пен өнердің көкейтесті мәселелеріне арналған материалдары еш үзілмістен баспа бетін көріп отырды. Соңғы жылдардағы мақалалары – соның айғағы. Олар: «Қуатты мемлекеттің бір кепілі – рухани жаңару», «Құдіретті талант – сөнбейтін жұлдыз», «Ой олимпіндегі ойшыл суреткер», «Әдебиеті өскен елдің мәдениеті де, мәртебесі де биік болады», «Таланттың тал түсі», «Халқының бәсіре суреткері», «Менің Мархабатым», «Қазығұрт перзенті» мақалалары. Бұлар 2004-2006 жылдар аралығында шықты.

«Таза сын жанрынан келгенде, тәуелсіз еліміздің тәуелсіз әдебиеті туралы орта буыннан тап Сайлаубек Жұмабектей таратып, талдап жазған сыншы аз, мүмкін жоқ та. Аға буыннан Зейнолла

Серікқалиев, кейінгі буыннан Сайлаубек Жұмабеков кей тұстарда, тіпті әдебиеттің басына түскен қиын да күрделі кезеңде (шамамен 1993-2001 ж.ж.) әдеби сын майданында қалған жеке батырларға ұқсады» [4.104]. Соңғы он бес жыл бедерінде «Алматы ақшамы» газетінде әдеби сыни шолушы болған С.Жұмабек қаламына осы уақыт ішіндегі бірде-бір елеулі әдеби-рухани оқиға ілінбей қалған емес.

«Сайлаубек Жұмабек – әдебиет сынындағы белгілі есім. Мерзімді баспасөз бетінде, әдеби-сын жинақтарында әркез жарық көріп жүрген оның ойлы да оралымды, қадау-қадау мақалалары, әдеби-сұхбат, әдеби-эсселері қалың оқырманға етене таныс. Оның үстіне, бүгінде әдебиет сынының көбіне авторының көсегесін көгерте бермейтін, абырой-атақ әпере бермейтін ауыр жүгі арқасына батқан тұстарда аударып тастап кетпей, асықпай, ақырын жүріп адал арқалап келе жатқан сақа сыншыларымыз саусақпен санарлық десек, солардың бел ортасында Сайлаубек Жұмабектің де аталатындығы көп жайларды аңғартады. Осынау пікір-байламдардың орнықтылығына оның «Жазушы» баспасынан 1990 жылдары жарық көрген «Сын пернесі» атты кітабы бір жолата көз жеткізеді» - деп Қ.Әбдезұлы сындығы еңбегі мен талантын жоғары бағалайды [5.160].

Сыншының зерттеулері мен мақалаларына тән үш нәрсе анық байқалады. Біріншіден, оның еңбектерінен тақырыпты жан-жақты меңгергендік, жүйелілік, дәйектілік әрдайым байқалып отырады. Көңіл аударатын екінші мәселе әдеби фактылардың, деректердің неғұрлым толықтығы. Бұл- әдебиет тарихын жақсы білуден туатын қасиет. Мұнда әдеби көркеюдің әрбір кезеңіне тән есімдер мен шығармалардың көбіне қажетті талдаулар жасалған. Үшінші – баяндау мен сипаттаудағы байсалдылық, құбылыстың мәнін асырмай да жасырмай, өз қалпында айтушылық. Автор шындыққа ғана сүйенеді. Еңбектерін сөз еткенде ондағы зерттеулер мен мақалалар тілінің жатық, ойдың еркін өрнектелетінін атап өту керек. Осы көрсетілген ерекшеліктер сыншының барлық мақалалары мен сын еңбектерінен айқын танылады.

Әдебиеттер

1. Дулатов М. Баспасөз үммесі. \\\ Еңбекші қазақ. – 1923. – 5 мамыр
2. Жұмабек С. Шырғалаң кезең шындығы. \\\ Қазақ әдебиеті. -1987.-21 тамыз.
3. Жұмабек С. Төрт ауыз сөз. \\\ Қазақ әдебиеті. – 1987. – 7 тамыз.
4. Жұмабек С. Тарих, тарихи тұлға және көркемдік трактовка. \\\ Қазақ әдебиеті. – 1982. – 26 ақпан.
5. Бөпежанова Ә. Өрнектер. – Алматы: Жазушы, 1991. 200б.
6. Әбдезұлы Қ. Жазушы және заман шындығы: Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. 185б, 2001. 288б.

УДК 719.904(574.5)

М.А. Кашкимбаева

Преподаватель цикловой комиссии общественно-гуманитарных дисциплин, ШКТКиНТ,
Шымкент, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В КАЗАХСТАНЕ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Ключевые слова: Миграция, мобильные трудовые ресурсы, миграционная политика.

В статье рассматриваются миграционные процессы в Республике Казахстан развиваются под влиянием различных факторов: социально-экономических, политических, этнических, экологических и других.

Миграционные процессы в Республике Казахстан развиваются под влиянием различных факторов: социально-экономических, политических, этнических, экологических и других. С первых лет независимости регулирование миграционных процессов относится к одному из важных направлений государственной политики. В соответствии с динамикой миграционных процессов развивается и миграционное законодательство. В 1997 году были приняты Закон «О миграции населения» и отраслевая Программа миграционной политики Республики Казахстан на 2001-2010 годы, основными целями которой являлись обеспечение устойчивого социально-экономического и демографического развития страны, создание всех необходимых условий по реализации прав мигрантов, а также укрепление государственной безопасности страны.

Дальнейшее совершенствование миграционного законодательства основывалось на Послании Президента Республики Казахстан Назарбаева Н. А. народу Казахстана от 1 марта 2006 года «Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии», в котором были определены основные направления в области миграции. Глава государства отметил, что нужна современная концепция миграционной политики. Сложившаяся в Казахстане благоприятная социально-экономическая

ситуация создает условия для притока иностранной рабочей силы. Поэтому Правительству с учетом опыта других стран нужно проработать механизмы проведения миграционной политики на постоянной основе, создать условия по предварительной подготовке в специальных центрах, адаптации и интеграции оралманов в наше общество, разработать объективные критерии по квоте иммиграции [1].

28 августа 2007 года Указом Президента Республики Казахстан N 399 была одобрена Концепция миграционной политики Республики Казахстан на 2007-2015 годы. Концепция миграционной политики нацелена на совершенствование существующих и развитие качественно новых направлений управления миграционными процессами в Республике Казахстан. Стратегия миграционной политики исходит из того, что в условиях все большей интеграции Казахстана в мирохозяйственные связи конкурентоспособность страны будет во многом определяться количеством и качеством человеческого потенциала. Концепция базируется на долгосрочной стратегии социально-экономического развития страны «Казахстан-2030», разработана в соответствии с международным опытом регулирования миграционных процессов и в целях сохранения национальной идентичности должна реализовываться с учетом полиэтничности Казахстана [2].

Характеризуя основные тенденции миграционного процесса в стране, необходимо выделить следующее. Начиная с 2004 года, отмечается положительное сальдо миграции: в 2004 году - 3,4 тыс.чел., 2005 году - 22,1 тыс. чел., 2006 году - 30,4 тыс.чел, в 2007 году более 10,0 тыс.чел и в 2008 году - более 3,5 тыс. чел. Но, как видим, с 2007 года положительное сальдо миграции сокращается. В рамках стран СНГ основные миграционные потоки связаны с Россией, Украиной и странами Средней Азии; среди стран дальнего зарубежья — с Германией [3].

Центральное место в миграционной политике Республики Казахстан занимает регулирование этнической миграции. Начиная с 1993 года, переселение этнических мигрантов регулируется установлением квоты иммиграции. Квота эмиграции оралманов в последние годы (2005-2008 гг.) составляла 15 тысяч семей. Однако количество прибывающих превышает устанавливаемую государством квоту. Динамику прибытия семей оралманов за период с 1991 года по 2008 год можно проследить по следующей таблице [4].

Как видим, рост численности прибывающих оралманов и их семей увеличивался до 2007 года, затем наблюдается снижение. Характеризуя регионы расселения этнических иммигрантов по состоянию на 1 января 2009 года (ниже дана таблица 2), отметим, что значительная часть оралманов проживают сегодня в трудоизбыточных регионах - в Южно-Казахстанской, Алматинской и Мангистауской областях, тогда как северные регионы страны сталкиваются с дефицитом квалифицированных трудовых ресурсов. В условиях устойчивого роста экономики за счет форсированной индустриализации и развития инфраструктуры, рациональное распределение трудовых ресурсов играет огромную роль, из чего следует необходимость дальнейшей проработки соответствующими ведомствами механизмов распределения трудовых ресурсов.

Анализируя структуру оралманов по возрастным группам, следует указать, что большую часть, а именно 396 708 человек (т.е. 54,5%) составляют люди трудоспособного возраста от 18 лет до 58/63 лет; моложе трудоспособного возраста, т. е. до 18 лет составляют 297 864 человек (41,0%) и пенсионного возраста, старше 58/63 лет составляют 32 717 человек (4,5%). По уровню образования из 396 708 человек трудоспособного возраста имеют: высшее образование - 37 142 человека (9,4%), среднее специальное - 81 938 человек (20,7%), общее среднее - 251 904 человека (63,5%) и имеющие начальное (в т.ч. не имеющее образования) -25 724 человека (6,4%).

Характеризуя динамику привлечения иностранной рабочей силы, необходимо указать, что в 2002 году было привлечено 12 781 человек, в 2004 г. - 17 274 чел., в 2006 г. -40 897 чел., в 2008 г. - 54 204 чел.

В соответствии с принятыми на себя международными обязательствами Республика Казахстан принимает и обеспечивает социальную защиту беженцев. Статус беженца присваивается на один год и ежегодно пересматривается территориальными органами Комитета по миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Количество признанных беженцев в Республике Казахстан за период с 1998 г. по 01.01.2009 г. составило 578 человек. Большинство из них - выходцы из Афганистана. 95 процентов беженцев проживают в городе Ал-маты, остальные - в Южно-Казахстанской области [6].

В условиях урбанизации и структурных изменений в экономике значительные масштабы приобрела внутренняя миграция населения. За последние 6 лет в ней приняли участие более 1,6 млн. жителей. В приведенной ниже таблице дана динамика внутренней миграции за 2003-2008 гг. [7].

Рассматривая динамику миграционных процессов в региональном аспекте на примере Мангистауской области, остановимся на следующих данных. На начало 2010 года из общей численности населения Республики Казахстан -16036 075 человек, население Мангистауской области составляет 446 265 человек (220 666 мужчин, 225 599 женщин). По сравнению с другими областями

страны численность населения Мангистауской области самая меньшая, что обусловлено различными факторами, прежде всего временем образования области.

Интересны данные численности населения региона по отдельным национальностям: казахи составляют - 386 069 человек, русские - 38 160, азербайджанцы - 4 456, украинцы - 3 290, лезгины - 2 433, татары - 2 191, армяне - 1 223, чеченцы - 811, корейцы - 802, белорусы - 427, немцы - 436, другие национальности - 5 967 [8].

Надо отметить, характеризуя миграционные процессы в целом по Мангистауской области, что за 2009 год регион по прежнему имеет отрицательное сальдо миграции с Россией, Беларусью и Украиной, а с другими странами СНГ сальдо миграции населения положительное. Со странами вне СНГ отрицательное сальдо миграции населения в основном сложилось с Германией, США, Канадой, а положительное сальдо - с Китаем, Монголией, Ираном и Турцией. За 2009 год в Мангистаускую область прибыло всего 20480 человек, выбыло 11409 чел, сальдо миграции (т.е. разность между числом прибывших на территорию и числом выбывших) составляет 9071. Большая часть мигрантов прибыла в города Актау и Жанаозен. Область включает пять районов, и если рассмотреть динамику миграционных процессов по районам за 2009 год, можно отметить следующее: в Бейнеуский район прибыло - 2102 человека, в Каракиянский район - 988 чел., в Мангистауский - 433 чел, в Мунайлинский -7807 чел. и в Тупкараганский - 671 чел. [9]. Как видим, наибольшее количество прибывших в двух районах: Бейнеуском и Мунайлинском. Это обусловлено рядом факторов, например, в частности тем, что Бейнеуский район - это район, приграничный с Узбекистаном, Бейнеу - является крупной узловой железнодорожной станцией, соединяющей областные центры Актау, Атырау с городами Узбекистана, соответственно миграционные потоки здесь проходят более интенсивнее. Мунайлинский же район располагается в непосредственной близости к областному центру - городу Актау, имеет железнодорожный вокзал, хорошее транспортное сообщение с городом, что позволяет прибывающим иметь больше возможности найти работу, трудоустроиться.

Следует указать, что из 20480 человек, прибывших на территорию области за 2009 год, большинство составляют люди трудоспособного возраста, а именно - 15172 человека, моложе трудоспособного возраста - 4774 чел., старше трудоспособного возраста - 534 человека [10].

Как указывалось выше, в Мангистаускую область, наряду с Алматинской и Южно-Казахстанской, прибывает значительное количество этнических иммигрантов. На 1 января 2009 года из общего количества оралманов трудоспособного возраста (396 708 чел.) на Мангистаускую область приходится 53 542 чел., из них трудоустроено 49 642 чел. (92,7%). Имеют жилье 20 097 семей (81,0%), обеспечены земельными участками для индивидуального жилого строительства 9 734 семьи (39,3%) [11].

Со стороны главы Мангистауской области, государственных органов региона вопросам миграции уделяется большое внимание, разработаны и реализуются программы по упорядочению миграционных процессов, рациональному расселению иммигрантов, их адаптации и интеграции в казахстанское общество, устройству быта и труда, исходя из интересов демографического и социально-экономического развития региона, регионального рынка труда. Несмотря на предпринимаемые меры и определенные позитивные сдвиги, как в региональном аспекте, так и в целом по стране, в регулировании миграционных процессов сохраняется пока ряд серьезных проблем. Так, снижается положительное сальдо миграции. «Согласно данным статистики, положительного сальдо миграции удалось добиться в основном за счет увеличения потока прибывающих в нашу страну. Количество эмигрантов, хоть и значительно снизилось, но все же продолжает оставаться высоким. Если в 1990 году нашу страну покинуло 729 579 человек, в 1994-м - 804 391, то в 1999 году тенденция выезда из Казахстана снизилась практически вдвое - 397 374 человек. Проследив динамику эмиграционных настроений общества в период с 2000 по 2009 год, можно убедиться, что за первое десятилетие нового тысячелетия колоссальных сдвигов в сторону снижения числа уезжающих не происходит. Увы, несмотря на значительное сокращение эмиграции в Россию и страны бывшего Советского Союза, отток населения в этом направлении продолжается, и его потенциал еще достаточно высок» [12]. Расселение этнических иммигрантов по регионам происходит в основном без учета территориального размещения производительных сил, имеет место вторичная миграция. Значительная часть оралманов проживают сегодня в трудоизбыточных регионах, система социальной поддержки оралманов требует дальнейшего совершенствования.

In his very comprehensive history of language teaching, Kelly (1969) states that pronunciation is the "Cinderella" area of foreign- language teaching. He shows that Western philologist and linguists have studied grammar and vocabulary much longer than pronunciation. For this reason, grammar and vocabulary have been much better understood by most language teachers than pronunciation, which began to be studied systematically only a short time before the beginning of the twentieth century.

When we look at the various language-teaching methods that have had some currency throughout the twentieth century, we must acknowledge that three are methods, such as Grammar Translation and Reading – Based Approaches, in which the teaching of pronunciation is largely irrelevant. In such methods, grammar or text comprehension is taught through the medium of the learner`s native language, and oral communication in the target language is not a primary instructional objective.

The final tool is the set of Cuisenaire rods – small colored blocks of varying length of wood or plastic, with all red rods being the same size, all white the same size, and so on. The rods are used for many purposes, but when the focus is pronunciation, they can be used to build and visually demonstrate intonation patterns and to indicate the differing pronunciations of morphological endings.

Communicative language teaching, also called the communicative approach, took hold in the 1980 and is currently the dominant method in language teaching. It holds that since the primary purpose of language is communication, using language to communicate should be central in all classroom language instruction. This

focus on language as communication brings renewed urgency to the teaching of pronunciation, since both empirical and anecdotal evidence indicate that there is a threshold level of pronunciation for nonnative speakers of English; if they fall below this threshold level, they will have oral communication problems no matter how excellent and extensive their control of English grammar and vocabulary might be.

Today we see signs that pronunciation instruction is moving away from the segmental/suprasegmental debate and towards a more balanced view. This view recognizes that both an inability to distinguish suprasegmental features and an inability to distinguish sounds that carry to high functional load can have a negative impact on the oral communication- and the listening comprehension abilities-of nonnative speakers of English. Today's pronunciation curriculum thus seeks to identify the most important aspects of both the suprasegmentals and segmental, and integrate them appropriately in courses that meet the needs of any given group of learners [3, 1-11 p].

Bibliography

- 1 Penny Ur. A course in language teaching. New York 1991-375p.
- 2 Thomas Krall. Teacher development making the right moves. Washington 1994-278p.
- 3 Marianne Celce-Murcia, Donna M. Brinton, Janet M. Goodwin with Barry Griner. Teaching pronunciation. Cambridge 2011-555p.
- 4 Herrel Jordan. 50 strategies for teaching English language learners. New York 2012-315p.
- 5 Wiley Blevins. Teaching phonics and word study New York 2001-320p.
- 6 Annamaria Pinter. Teaching young language learners. UK 2006-180p.

Резюме

В этой статье рассматриваются пути и методы улучшения произношений у студентов в обучений английскому языку.

Түйін

Бұл мақалада студенттердің дұрыс сөйлеу дағдысын жақсартудың жолдары қарастырылған.

ӨОЖ371.27:04

М.Е.Сыдықов- п.ғ.к., аға оқытушы, **М.А.Джунисбекова-** магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент, Қазақстан

ТҮЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЛЫПТАСУЫНА СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Адамзат дамуының қай кезеңде де болмасын тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келді. Бұл істі жүзеге асыру процесі әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттілігіне бағындырады. Өйткені мемлекет қажеттілігінің орындалуы оның экономикалық күш-қуаты мен саясатына тәуелді екендігі белгілі. Олай болса тәрбие тиімділігінің ең басты шарты мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттікке сай тәрбиенің мақсатын нақты анықтау болып табылады. Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты - әрбір тұлғаны әржақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. Адам - жер бетіндегі тірі организмнің жоғарғы сатысы, қоғамдық-тарихи іс-әрекеті мен қарым-қатынас иесі. Адам іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері оның өмір сүріп отырған қоғамдық-тарихи жағдайларына тәуелді болады. Қоғам дамуының белгілі сатысында педагогикалық, философиялық ой-пікірлер пайда болып, қалыптаса бастады. Тәрбие беру мақсатын анықтау ең басты мәселеге айналды. Осыған орай, балаларға білім мен тәрбие берудің негізгі жолдары белгіленді, тәрбиелік іс-әрекеттердің мазмұны анықталды, білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Егер тәрбие мақсатының қалай өзгеріп отырғанына көз жіберсек, тәрбие мақсатын белгілеудің қаншалықты маңызды екендігін байқауға болады. Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз ешбір қоғамның өмірі ілгері дамуы мүмкін емес.

“Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында” орта білім берудің мақсаты жылдам өзгеріп дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру деп көрсетеді. Осындай күрделі мақсаттың жүзеге асуы білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету жағдайына байланыстылығын да көрсетті. Республикада бұл міндеттердің шешу жолы білім берудің қосымша дамыту бағдарламаларында айқындалады. Сондай

-ақ “ҚР тәлім тәрбие тұжырымдамасында” үздіксіз тәрбиенің негізі – ұлттық тәлім тәрбие деп қарастырады. Мұнда әрбір халықтың тәлім -тәрбиелік мұрасы- мәдениеттің құнды бөлігі немесе қазақ халқының педагогикалық ой -пікірлерін бүкіл оқу тәрбие жүйесінің тірегіне айналдыруды көздейді. Осыған орай, мектепте оқушыларды тек мектепте немесе сыныпта ғана тәрбиелеп және қалыптастырып қана қоймай, сыныптан тыс жұмыстарда да тәрбиелеу қажеттілігі маңызды болып отыр.

Қазақстандағы сыныптан тыс тәрбие жұмыстары мәселесін тереңдете қарастыруда және оны қажетті деректермен байытуда Қазақстандағы мәдени ағарту жұмыстары мен мәдени құрылыстарына байланысты белгілі бір жекелеген тарихи кезеңдерге арналған тарихшылардың (С.Б. Байшиев, Р.Б. Сүлейменова, Х.Бейсенов, М. Абдукадинова, В.Г.Макаров, Б.А. Амантаева, Е.Ш.Қуандықов, А.Ғ.Ибраеважәнет.б.) еңбектерінің маңызы зор.

Тәрбиеториясы мәселелеріне еңбек жазған Қазақстандық ғалымдардың еңбектері де сыныптан тыс жұмыстары мәселелеріне теориялық – әдіснамалық тұрғыдан зерттеуге (С.А. Ұзақбаева, М. Х. Балтабаев, К.К. Жанпейсова, Л. Керимов, Б.Ы. Мұқанова, Г.К. Нурғалиеват.б.) үлкен септік жасайды. Сондай - ақ сыныптан тыс жағдайды тәрбиетүрлерінің әрбір дарасаласын жүргізілген Қазақстандық ғалымдардың (А.Ф.Дайкер, А.И.Бабаков, Ш.А.Әділханов, С. Ешимханов, З.У. Кенесарина, К.Ж.Бұзаубақова, М.Р.Көпжасарова) еңбектерінде тұжырымдар кездеседі.

Оқушылардың ұлттық тәрбиесін дамытуда көркем шығармаларды (Е.А. Серегина), музыка өнерін (В.Г. Кезин), халық білімдерін (Н.Ш. Блягов), халықтың дәстүрлерін (Ю.Ф. Виноградов, Т.Д. Замбалова) халық педагогикасын (Н.С. Иванова, З.А. Хусаинов, С.Н. Черябкина, Б.Х. Қойбағарова, А.Б. Айтжанова және т.б.) пайдалану мәселелері қарастырылған еңбектер де жоқ емес. Сонымен, оқушыларға ұлттық тәрбие беру бағытында орнатылған ғылыми зерттеулерге жасалған талдау сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға ұлттық тәрбие беру мәселесі зерттеушілердің назарынан тыс қалғандығын дәлелдейді. Бүгінгі таңда оқушылардың ұлттық тәрбиесін сыныптан тыс жұмыстарда дамытудың қажеттілігі мен мектепте, мектептен тыс ұйымдардың ұлттық тәлім тәрбие берудегі қызметінің жан жақты жүзеге асырылмауы және мектепте сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға арналған ғылыми негізделген әдістеменің тапшылығы арасындағы қарама -қайшылық нақты көрініс алып отырғандығы байқалады.

Білім беру жүйесі бір-біріне барабар емес екі сала бойынша: дәстүрлі орта мектепте және мектептен тыс ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Дәстүрлі мектепте білім беру жүйесінің тұрақтылықтылығы қамтамасыз етілсе, мектептен тыс ұйымдарда қоғам сұраныстарына сәйкес оқу-тәрбие процесіне түзетулер енгізіліп отырады. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық оқу тәрбие жүйесінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін бүгінгі таңда осы екі саланың іс-әрекетін үнемі үйлестіріп отырудың маңызы зор.

Бастауыш сынып оқушыларына сыныптан тыс жұмыстарда ұлттық тәрбие беру бір ғана сынып-сабақ жүйесінің әрекетімен шектелмей, керісінше, оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға және зерттеуге бағытталған түрлі практикалық іс-әрекетке тартып, мейлінше табиғатпен, ұстаздарымен, бір-бірімен қарым-қатынасын кеңейте түскен дұрыс. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде сыныптан тыс жұмыстардың мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану тиімді нәтижеге қол жеткізбек.

Қандай да болмасын педагогикалық іс -әрекеттің нәтижелілігіне белгілі бір шарттарды орындау арқылы қол жеткізеді. Сондықтан мектепте сыныптан тыс жұмыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде біздер оның ұйымдастырушылық, моральды – психологиялық, әлеуметтік мәдени шарттарын талдауды мақсат етіп алуымыз керек деп есептейміз. Ұйымдастырушылық шарттарды қарастыру, ең алдымен қоғам сұранысын және нақты жағдайларды есепке алу қажеттілігімен және одан туындайтын мақсатты анықтау болып табылады. Педагогикалық әдебиеттерде әрдайым бірлікте болып келетін сыртқы және ішкі шарттарды әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан бөліп көрсету қабылданған. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру бұл тұрғыдан келу оның өсу динамикасын және оған сыныптан тыс жұмыстардың сан қилы ықпал есебін есепке алуға мүмкіндік береді.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру күрделі процесс ретінде сыртқы және ішкі шарттарды есепке алуды талап етеді. Себебі, ұлттық тәрбиені дамыту әлеуметтік сұраныстан туындайды. Яғни, ұлттық тәрбиені дамыту мақсаты әлемдік, мемлекеттік, аймақтық, тұрғылықты жердің, білім беру мекемесінің деңгейінде нақтыланады.

Білім мазмұны - педагогика ғылымында «нені оқыту керек» деген сұраққа жауап іздейтін ең күрделі проблема. Сондықтан ол мектепте сыныптан тыс жұмыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиесін дамытудың мазмұндық шарты болып табылады. Қазақстан Республикасының орта білім беру тұжырымдамасында білім берудің мақсаты мен міндеттерінің әлеуметтік маңыздылығына ерекше мән берілген. Сонымен қатар, білім қоршаған орта өзгерістерінің

салдары мен оның жағдайы, қоршаған ортаға әсер ету саласындағы жүйелі дағдылар мен іскерліктерді, білімді меңгерту нәтижесі және мақсатты да кешенді процесс» екендігі анықталады.

Білім мазмұнын қалыптастыру бойынша педагогикада нақты көзқарастар орныққан. Оның теориялық негіздері М.Н. Скаткин, В.В. Краевский, В.С. Леднев, Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің тиімділігі оның *ғылыми-әдістемелік шарттарын* нақтылауды талап етеді. Бұл сыныптан тыс жұмыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиесін дамытудың міндеттерін жүзеге асыруға қажетті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілгенде ғана мүмкін болады. Ол үшін бастауыш мектеп оқушыларынан құрылған үйірме бағдарламасын, әдістемелік құралдарды, нұсқауларды, ұсыныстарды және мектепте сыныптан тыс жұмыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларын ұлттықтәрбие беруге педагог кадрлар даярлығын қамтамасыз ететін арнайы әдістемелік семинар, әдістеме дайындау қажеттігі туындайды.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде соған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде оқушылардың кең көлемде әрі терең, жан жақты тәрбиелік ықпал ете алады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады.

Біріншіден, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бүгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде жастар арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі. Сондықтан бұл өте өзекті мәселеге айналуға.

Төртіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының формасы тек қана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге оқушылар ұжымында өмір сүруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуде тәрбиелейді. Тіпті оқудан тыс әрекеттің қандай да бір түрі болмасын, танымдық, спорттық, еңбек, қоғамдық пайдалы, оқушылардың өзара ынтымақтастық тәжірибесін белгілі бір салада байытады, қорытындысында үлен тәрбиелік нәтижеге қол жеткізуде ықпал етеді. Мысалы, балалар бірігіп спектакль қойды делік, онда өзара қарым-қатынас тәжірибесін меңгереді. Сыныптың тазалығын ұжым болып атқарса, онда өзара міндеттерін бөлісу тәжірибесін меңгереді. Спорттық әрекетте балалар "бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін" деген қағиданың маңызын жете түсінеді т.с.с.

Бесіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын тандауда ерікті болады. Бұл, бір жағдайда оған өзінің көзқарасы және сенімі тұрғысында әрекет етуде мүмкіндік берсе, екінші жағдайда, оның жауапкершілігін арттырады. Бұған қосымша, оған шығармашылық белсенділікті талап етеді.

Алтыншыдан, сыныптан тыс тәрбие жұмысының нәтижесіне күнделікті бақылау мүмкіндігінің болмауы. Себебі, онда тек жалпы жетістік пен оқушылардың жеке дара даму деңгейін бақылауға ғана мүмкіндік береді. Соған сәйкес қандай да бір форма немесе әдістің нәтижесін бірден анықтау өте қиындықты туғызады. Мұндай ерекшелік сынып жетекшісінен табиғи жағдайда жұмыс жасауды, балалармен қарым-қатынаста немқұрайлылыққа жол бермеуді және оның нәтижесін бағалауда оларда шиеленіскен жағдайды болмауын қажет етеді.

Жетіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқушылардың мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарында) ұйымдастырылады. Сонымен қатар оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылықтың өкілдері қатыстырылады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-

- 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. BNews.kz
- 2 Скалон В.Н. Формирование экологической культуры младших школьников во внеучебной деятельности): автореф. дисс. канд. пед. наук.: 13.00.01. - Саратов, 2001. - 190 с.
- 3 Омар Е.О. Қазақстандағы мектептен тыс мекемелердің қалыптасуы мен дамуы (1917-1990жж):дис.... докт. пед. наук: 3.00.01.-Алматы, 2002. 215б

Резюме

В этой статье рассматриваются некоторые вопросы воспитания школьников в процессе внеклассной работы

Summary

This article is considered some issues to parenting pupils in extracurricular activities

ӘОЖ. 373.2

А.С. Нишанқұлова, М.И.Сайдикаримова

№96 Т.Қурбанов атындағы негізгі орта мектебі,
№57 И.В.Панфилов атындағы жалпы орта мектебі, Сайрам ауданды, ОҚО

БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЕСЕП ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУ

Еліміздің егемендік алуына байланысты жалпы білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі, себебі келешек еліміздің сауатты да, салауатты азаматының түрлі қасиеттері осы бастауыш сыныптан қаланады.

Бұдан балалардың математикалық білімін дамытудың бір жолы - ол есеп шығару. Есеп шығару оқушылардың логикалық ойлауын, теорияны практикамен, оқытуды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді және математикалық ұғымдар қалыптасады, яғни есеп шығаруда көрнекілікті пайдалануда балалар танымдық және тәрбиелік тұрғыдан алғанды маңызды факторлармен танысады.

Математикада оқытуда есеп шығарудың үлкен маңызы бар. Ал есептер шығару тиімді жаттығулардың бір түрі болып табылады.

Есептер шығарудың ең әуелі балаларда толық бағалы математикалық ұғымдарды қалыптастыруда, олардың бағдарлама анықтап берген теориялық білімді игеруде өте маңызды мәні бар.

Егер біз оқушыларда қосу туралы дұрыс ұғым қалыптастырғымыз келсе, онда балалар іс жүзінде жиындарды біріктіру операциясын әрдайым орындай отырып қосындыны табуға арналған едәуір көп жай есептер шығарулары қажет. Мысалы, мынадай есеп ұсынылады: «Қыз баланың 4 түсті және 2 жай қарындашы бар еді. Қыз баланың барлығы қанша қарындашы бар еді?» Есептің шартына сәйкес балалар, мысалы, 4 таяқшаны қояды да, содан кейін тағы 2 таяқшаны жанына тақап қояды да, барлығы қанша таяқша болғанын санайды. Бұдан кейін есепті шығару үшін 4-ке 2-ні қосу керектігі анықталады, 6 шығады. Осы сияқты жаттығуларды бірнеше рет орындай отырып, балалар қосу амалы туралы ұғымды біртіндеп игере бастайды. Мысалы, амалдардың белгісіз компонентін табуға арналған (белгісіз қосылғышты, азайтқышты т.с.с., табу) есептерді шығара отырып, балалар арифметикалық амалдардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты ұғынады. Сонымен,

есептер балаларда жаңа білімді қалыптастыратын және бұрыннан бар білімдерін пайдалану процесінде пысықтала түсетін нақтылы материал болып табылады. Білімді қалыптастыруға арналған нақтылы материал ролін атқара отырып, есептер теорияны практикамен, оқытуды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Есептер шығару балаларда, әрбір адамға оның күнделікті өмірінде қажетті, практикалық білікті қалыптастырады. Мысалы, сатып алынған заттардың құны, пәтерді жөндеуге жұмсалған қаржыны, поезға кешігіп қалмау үшін қай уақытта шығу керек екендігін есептеп шығару.

Есептер шығару арқылы балалар танымдық және тәрбиелік тұрғыдан алғанда маңызды фактілермен танысады. Мысалы, бастауыш кластарда шығарылған есептердің мазмұны балалар мен ересек адамдардың еңбегін, біздің еліміздің халық шаруашылығы, техника, ғылым, мәдениет саласындағы жетістіктерін білдіреді. Осы мәліметтердің біздің еліміздің өткенімен капиталистік елдер жайлы мәліметтер салыстыра отырып, балаларға түсінікті болатын формада социалистік құрылыстың артықшылығына көз жеткізе көрсетуге болады.

Есептерді шығару процесінің өзі белгілі бір методика бойынша мектеп оқушыларының ақыл-ойының дамуына өте игі әсерін тигізеді, өйткені ол анализ және синтез, нақтылау және абстракциялау,

салыстыру, жалпылау сияқты ойлаумен жүргізілетін операцияны талап етеді. Мысалы, кез келген есепті шығарғанда оқушы анализ орындайды: сұрақты – шарттан берілген және ізделіп отырған сандарды ажыратады; есеп шығару жоспарын жасай отырып, ол синтезді орындайды, мұнда нақтылауды, (ойша есептің шартының «суретін» салып шығады), содан кейін абстракциялауды (нақтылы жағдайдан ауытқып, арифметикалық амалдарды таңдап алады) пайдаланады; қандай да бір түрдегі есептерді бірнеше рет шығару нәтижесінде оқушы осы сияқты есептердегі берілген мәліметтер мен ізделіп отырған шама арасындағы байланыс жайлы білімді жалпылайды, соның нәтижесінде осы сияқты есептерді шығару тәсілі жалпыланады.

Балаларды есеп шығаруға үйрету - берілген мәліметтер мен ізделіп отырған мәліметтер арасындағы байланысты тағайындау және соған сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап алу, содан кейін оны орындау.

Есеп шығарудағы оқушылар игеруге тиісті біліктегі негізгі бөлім берілген мәліметтер мен ізделіп отырған мәліметтер арасындағы байланысты игеру болып табылады. Оқушылардың бұл байланыстарды қаншалықты жақсы игергендігі олардың есеп шығару білу білігіне байланысты. Осыны ескере отырып, бастауыш кластарда шешуші берілген мәліметтер мен ізделінде арасындағы байланыстарға негізделетін, тек олардың нақты мазмұны мен берілген сан мәліметтері жағынан ғана айырмашылығы болатын, бір топ есептермен жұмыс жүргізіледі. Мұндай есептер тобын бір түрдегі есептер деп атаймыз.

Есептер шығарып жұмыс істеу оқушылардың ең әуелі бір түрлі есептерді, содан кейін екінші түрлі есептерді т.с.с., шығаруда үстіртіндік болмауы тиіс. Оның басты мақсаты – балаларды өмірде кездесетін түрлі жағдайлардың олардың біртіндеп күрделену жағын ескере отырып берілген және ізделіп отырған мәліметтері арасындағы қандай да бір байланыстарын саналы түрде тағайындауға үйрету. Осыған жету үшін мұғалім есептер шығаруға үйрету методикасында қандайда бір мақсаты бар бір кезеңді ескеруі тиіс.

Бірінші кезеңде мұғалім есептердің қарастырылып отырған түрін шығаруға дайындық жасайды. Оқушылар осы кезеңде осындай есептерді шығарғанда амалдарды таңдап алатындай байланыстарды игерулері тиіс.

Екінші кезеңде мұғалім оқушыларды есептердің қарастырылып отырған түрін шығарумен таныстырады. Мұнда балалар берілген мәліметтер мен арасындағы байланысты тағайындауға және осының негізінде арифметикалық амалдарды таңдап алуға үйренеді, яғни олар есеп түрінде өрнектелген нақтылы жағдайдан сәйкес арифметикалық амалды таңдап алуға үйренеді. Осындай жұмыстың нәтижесінде оқушылар қарастырылып отырған сияқты есептерді шығару тәсілімен танысады.

Үшінші кезеңде мұғалім қарастырылып отырған түрдегі есептерді шығару білу білігін қалыптастырады. Оқушылар бұл кезеңде нақты мазмұнына қарамастан, қарастырылып отырған түрдегі кез келген есепті шығару білуге үйренулері тиіс, яғни олар осы түрдегі есептерді шығару тәсілін қорыта білулері керек.

Осы атап өтілген кезеңдердің әрқайсысымен жұмыс істеу әдістемесіне толығырақ қарастырамыз.

Математикалық есеп оқушылардың ұғымдары, теорияны және математика әдістерін меңгеруді тиімді де, айырбасталмайтын құралы болып табылады.

Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуда, оларды тәрбиелеуде, біліктері мен дағдыларының қалыптасуында, математиканың практикамен байланысын көрсетуде есептің алатын рөлі өте зор.

Әрине есептің бұл дидактикалық мақсатының көлемі тар, оқыту процесінде есептердің атқаратын ролдері мен функцияларының көлемі әлде қайда кеңірек болады.

Барлық есептер оқыту міндеттерін орындамайды. Басқаша айтқанда кез-келген есепті шығарғанда оқушы математикалық білім алады, шығару біліктілігі қалыптасады, дағдыға ие болады, яғни математикалық білім деңгейі жоғарлайды. Көбінесе әр есеп мазмұны арқылы міндеттерін атқарады.

Есеп оқушылардың логикалық ойлау, кеңістікте елестету, жеке бас қабілеттерін дамытуға бірден-бір себепші болатын басты құрал болып табылады.

Есеп дидактикалық мақсаттарына қарай үш түрге бөлінеді:

1. Танымдық есептер, олар арқылы жаңа білім алынады.
2. Машықтау есептері, олар арқылы орнықты білім дағдылары қалыптасады.
3. Дамыту есептері, олар шығармашылық ойлауды қажет етеді.

Есеп шығару кезінде математикалық ұғымдардың көбінің мағынасы ашылып, нақтыланады. Мысалы, бастауыш сыныпта жай мәтінді есептер арифметикалық амалдар мәнін ашу үшін пайдаланады, өйткені бұл сыныптарда ол амалдардың анықтамасы берілмейді. Амалдар мәні оқушыларға әр түрлі заттар жиыны мен практикалық операциялар негізінде түсіндіріледі. Оқушылар жай сюжетті есептер шығарғанда бұл операцияларды ақыл-ойдың іс-әрекеттеріне аударады.

Барлық арифметикалық есептер, оларды шешу үшін амалдар санына қарай, жай есептерге және құрама есептерге бөлінеді. Бір ғана амалмен орындалатын есеп жай есеп деп аталады. Шығару үшін өзара байланысты бірнеше амал (әр түрлі немесе бірдей амалдар болатындығына қарамай) орындалатын есеп құрама есеп деп аталады.

Жай есептерді, не оларды шығару үшін қолданылатын амалдарға байланысты (қосу, азайту, бөлу, көбейту, бөлу амалымен шығарылатын жай есептер) немесе оларды шығару үстінде қалыптасатын түсініктерге байланысты түрлерге бөлуге болады.

Құрама есептер үшін классификациялаудың іске пайдалы болу үшін белгілі бір топтарға бөлуге мүмкіндік беретіндей, бірдей негіз жоқ. Алайда методикалық тұрғыдан алғанда барлық әр түрлі есептерден не математикалық құрлысы жағынан ұқсас (мысалы, қосындыны санға бөлу керек болатын есептер), не шешу тәсілі жағынан ұқсас (мысалы, тұрақты шаманың мәнін табу тәсілімен шығарылатын есептер), не нақты мазмұны жағынан ұқсас (мысалы, қозғалысқа байланысты есептер) кейбір топтарда бөліп алуға болады.

Математикалық бастауы курсына жай есептер және негізінен екі немесе төрт амалмен шығарылатын құрама есептер қарастырылады.

Арифметикалық есептермен тығыз байланыста есеп-сұрақтар деп аталатын жаттығулар болады. Есеп-сұрақтарда, есептердегі сияқты, шарты да (онда сан болуы да, болмауы да мүмкін), сұрағы да болады. Алайда есептен айырмашылығы – есеп-сұрақты шығару үшін берілген шамалар мен ізделіп отырған шамалар арасындағы сәйкес байланыстарды тағайындаса жеткілікті, ал арифметикалық амалдарды орындаудың керегі жоқ. Математиканы оқыту жүйесінде жай есептер аса маңызды роль атырады.

Жай есептерді шығару арқылы математиканың бастауыш курсының негізгі ұғымдарының бірі – арифметикалық амалдар туралы ұғым, тағы басқа бір қатар ұғымдар қалыптасады. Жай есептерді шығару білуді игеруге дайындық басқаша табылады, өйткені құрама есепті шығару бірқатар жай есептерді шығаруға келіп тіреледі.

Жай есептерді, олар шығарылатын арифметикалық амалдарға сәйкес топтарға бөлуге болады.

Жай есепті шығарғанда балалар есеппен және оның бөліктерімен есепті шығарумен байланысты есепке жүргізілетін негізгі әдістерді игеретін болады.

Құрама есеп, бір есептердің ізделінді шамалары екінші есептердің берілген шамалары болатындай байланыстағы, бірқатар жай есептерде тұрады. Құрама есепті шығару, оны бірнеше жай есептерге жіктеу және ретімен олады шығару болып табылады. Сонымен, құрама есепті шығару үшін берілген шамалар мен ізделінді шамалар арасындағы бірқатар байланыстарды тағайындау керек, соған сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап алуға, содан кейін шығаруға болады.

Есепті шығаруда көрнекілікті пайдалану арқылы балалар танымдық және тәрбиелік тұрғыдан алғанда маңызды фактілермен танысады. Яғни бастауыш сыныптарда шығарылатын есептердің мазмұны балалар мен еліміздің ауыл шаруашылығы, техника, ғылым, мәдениет саласындағы жетістіктерін білдіреді. Ал мұндай есептерді шығару балалардың іздемпаздық, еңбек сүйгіштік қасиеттерін тәрбиелеуге жол ашады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан ҚР президентінің халқына жолдауы
3. К.Қ. Қуантаева, А.В.Алшымбаева Бәсекеге қабілетті қоғамның негізі-сапалы білім. Бастауыш мектеп, 2007 №1 3-бет
4. М.Н.Скаткин Проблемы современной дидактики: Москва, 1992 96-стр.
5. В.Шаталов және т.б. Педагогикалық ізденіс: Москва, 1989 146 бет.
6. Занков Л.В. Развитие учащихся в процессе обучения: Москва 1987 263 стр.
7. ФридманЛ.М. Психология-педагогические основы обучения математике в школе: москва, 1988 160 стр.
8. Ж.Б.Қоянбаев., Р.М. Қоянбаев, Педагогика Астана -1998 125-бет.

Б.Ә.Түлкіева, Ұ.Қ.Естөреева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ТҮРКІТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ РУХАНИ – МӘДЕНИ
ПРОБЛЕМАЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕ**

Аңдатпа: Мақалада ортағасырлардағы Қазақстан жеріндегі елдік - мемлекеттілік тарихқа қатысты құнды деректер негізінде саналатын араб, түркі деректемелері, қытай деректемелері, парсы деректемелері туралы баяндалады.

Кілттік сөздер: Қазақстан Республикасы, Мәдени мұра, Орталық Азия, этнос, ұлт, дін, саяси, этносаяси.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бастамашысы болған «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде атқарылған Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, қытай деректемелері сериялары еліміздегі және шет елдердегі көптеген қолжазбалар жинақтарындағы жазбаша жәдігерлерді зерттеп, жариялаудың көкейкесті маңыздылығын айқын көрсетіп берді.

Тарих деректануының негізгі міндеті – бәрінен бұрын жазба ескерткіштерді жүйелеу мен сыни тұрғыдан зерттеу және оларды саралай білу болып табылады.

Қазақстан тарихының негізгі проблемаларының бірі – қазақ халқының тарихи – мәдени дәстүрлері проблемасы, оның тарихының алғашқы кезеңдерінің зерттелуі, моңғолдар тұсындағы және моңғолдардан кейінгі кезеңнің, оның ішінде этностық, саяси, әлеуметтік - экономикалық тарих және қазақ халқының мәдени мұрасының зерттелуі проблемасы болып табылады. Бұл проблема ең алдымен жазба шығыс шығармаларын, өткен заман ойшылдарының еңбектерін жариялауды көздейді.

Вениамин Петрович Юдин (1928 – 1983 жж.) Қазақстан шығыстануының дамуына көп еңбек сіңірген, қазақстандық белгілі шығыстанушы, парсы – түрік тілдеріндегі қолжазбалардың үлкен білгірі, зерттеуші және педагог.

«Шыңғыс - наме» Алтын Орда мен Қазақстан тарихы бойынша әлі де аз зерттелген шығармалардың біріне жатады. Оны В.П. Юдин аударып, зерттеген.

Қазақ тарихының XIV ғасырдағы тарихына арналған бірқатар еңбектерін жазғанда ол бұл шығарманы негізгі дереккөздердің бірі ретінде пайдаланған. «Шыңғыс - наме» зерттеу арқылы ол тарихи материалдардың жаңа тың қабатын ашты. Оқиғалы тарихтың, хронологияның, қазақтардың генеологиясы мен мәдениетінің зерттелмеген мәселелерін көтерді [1].

«Шыңғыс - наме» мәліметтері ортағасырлық Қазақстан тұрғындарының саяси, этносаяси, шаруашылық, әлеуметтік – мәдени өмірін зерттеу проблемаларын және тарихнама мен деректану проблемаларын шешу үшін маңызды мәнге ие» - деп көрсетілген [2].

Өтеміс қажының «Шыңғыс - намесінің» түпнұсқа мәтінін, оның транскрипциясын, аудармасын, оған арналған мақалаларын жариялауы В.П. Юдиннің Қазақстанның ортағасырлар тарихы деректануына қосқан ірі үлесі болып табылады.

«Шыңғыс - наме» мен оның авторы туралы алғаш мәлімет беріп, оның ғылыми маңыздылығын атап көрсеткен В.В. Бартольд болды [3].

Өтеміс қажының Алтын Орда аумағына исламның тараған уақыты жөніндегі мәліметтері де назар аудартқызады. Осы кезге дейін Дешті Қыпшақ тұрғындары исламға XIV ғасырдың бірінші жартысында, Өзбек ханның тұсында қарады деп есептелетін. Ал, «Шыңғыс - наме» авторының айтуынша, бұл тарихи факт бұдан әлдеқайда көп бұрын, Берке ханның тұсында болған, - деп жазылған [2, 16-б.].

«Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» (1 том) атты кітап - «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шығарылған [4].

Бейжің қаласында орналасқан Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты әлемдегі ең үлкен тарихи мұрағаттардың бірі болып саналады. Онда Қытай тарихындағы ең соңғы екі патшалық әулет, яғни Мин патшалығы (1368-1644) мен Цин патшалығы (1644-1911) дәуірінде жазылған он миллионнан астам тарихи құжат сақтаулы екен.

Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы Орталық Азия тарихына қатысты құжаттардың қалыптасуы Цин патшалығының сол өңірдегі басқыншылық саясатымен, әсіресе оның Жоңғар хандығы мен Қашқарияны басып алу тарихымен тікелей байланысты болған.

Көп жылдар бойы Қазақ хандығымен шайқасып келіп, ақыры құлдырай бастаған Жоңғар хандығын Цин патшалығы XVII ғасырдың 50 - жылдарында жойған. Сонан кейін Қашқария жері де Цин патшалығының тікелей билігіне бағындырыла бастады. Осы тарихи оқиғалардың барысында Орта

Азиядағы басқа халықтар да алпауыт айдаһармен бетпе-бет келуге мәжбүр болды да, онымен қарым-қатынастың бейбіт жолын іздей бастады. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы саяси-дипломатиялық және экономикалық байланыс осындай жағдайда басталған[4, 8-9-бб.].

Мұрағаттық мәліметтерге қарағанда XVIII ғасырдың ортасы – XIX ғасырдың басы аралығында қазақ-қытай қарым-қатынастары қарқынды дамыған. Екі ел арасында әсіресе осы кезеңде жүргізілген «жылқыға жібек айырбасы» саудасы қазақ-цин қарым-қатынастары тарихының ең жарқын әрі маңызды мазмұны болып табылады.

Қытай мен Орталық Азия халықтары арасындағы қарым-қатынастар нығайған кезеңдерде көптеген қытай миссионерлері, елші дипломаттар, саудагерлер, тағысын тағылар Ұлы Жібек жолы арқылы Орталық Азияға саяхат жасаған. Сөйтіп олар өздері басып өткен өлкелер туралы көрген-білгендерін қағаз бетіне түсіріп отырған [5].

Бұл деректер қазақ жеріндегі ортағасырлық қала мәдениетінен хабар береді. Жетісу мен Шу өңірі, Сырдарияның төменгі ағысындағы өз уақытында гүлденген Суйаб қаласы, Талас қаласы, Сяогу қаласы, Ақсу және Күнгү қалалары туралы және көптеген елді мекендер мен жер су аттары туралы, ортаазиялық мемлекеттер жайында көптеген мағлұматтар береді [5, 11-30 бб.].

Қазақ жерінде Отырар, Түркістан, Жезд, Сығнақ, Баршынкент, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн секілді үлкенді-кішілі талай-талай мәдени, ғылыми, рухани орталықтар болды. Соның ішінде тек бір ғана Отырарды сөз етсек, ол әлем мәдениетіне өзіндік үлес қосқан Әбу Насыр әл-Фараби секілді үлкен парасат иесін берді. Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, топ жарғаны – Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" ("Әл-Мұғаллим ас-Сани"), "Шығыстың Аристотелі" атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби еді[6].

Ұлы Жібек жолымен діни сенімдер де таратылды, әр алуан дін уағызшылары (миссионерлер) өздерінің діндерін ала келген. Үндістаннан Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы будда діні, ал Сириядан, Иран мен Арабтан әуелі христиан діні, сосын ислам діні таратылды. Осылайша Түркілер даласында түрлі жолдармен, түрлі мақсаттармен келген діни ағымдар мен идеялар тоғысты. Бұлардың негізгілері манихей, христиан-несториан, будда, иудей, ислам діндері түркілер арасында түрлі дәрежеде дамып, тарады.

Бұлардың кейбіреулері түркі қоғамында уақытша болса да жолы болып, ресми-мемлекеттік жәрежеге жетсе, кейбірі тек түркі қоғамының жекелеген билеушілері мен олардың жанұяларының қызығушылығын ғана тудырды.

«Бірақ, осылардың ішіндегі ислам дінінен басқасы түркілер арасында баянды байыз тауып тұрақтамады. Ал, түрлі себептерге байланысты ортағасырлық түркі мемлекеттерінде ресми идеологияға айналған жатжерлік идеялар дәстүрлі түркі дүниетанымымен біте қайнасқан түркілердің саяси-әлеуметтік, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерімен сәйкестене алмағандықтан түркі мемлекеттерінің құлдырап, тарих сахнасынан жоғалуына мұрындық болды»[7].

Будда ескерткіштері Жібек жолының Орта Азияның қиып өтетін күретамырларында тұрған қалалардың көпшілігінен табылған.

Жібек жолымен буддизммен қатар Батыстан Шығысқа қарай христиан діні де таралып жатты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында VII – VIII ғасырларда несториандық діни ілім кең етек алды. Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болды.

«Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларынан несториандарға байланысты табылған олжалар жазба ескерткіштердегі мәліметтердің анықтығын жеткілікті түрде айқындай түседі. Бұған ескі Ақ-Бешім қаласы жұртынан аршып алынған христиан шіркеуінің қалдықтары жатады» - деп атап көрсетеді К. Байпақов[8].

Орта ғасырлардағы қалалық мәдениет мәселелерін зерттеуді бастап берген ғалымдардың қатарына Ш.Ш. Уәлиханов, ал кейіннен В.В. Бартольд, А.Ю. Якубовский, М.Е. Массон, А.Х. Марғұлан, К.М. Байпақов, К.А. Пищулина және т.б. жатқызуға болады.

Әдебиеттер:

1. Юдин В.П. Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI – XVIII вв. – Алма-Ата, 1983.
2. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. I Том. Өтеміс қажы - Шыңғыс – наме. – Алматы: «Дайк - Пресс», 2005. 10-б.
3. Бартольд В.В. Отчет о командировке в Туркестан (летом 1902) // Соч. – М., 1973, Т. 8.
4. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары. I том. – Алматы: «Дайк - Пресс», 2009. 5-21-бб.
5. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I Том. – Алматы: «Дайк - Пресс», 2005. -9-б. / Саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар.
6. Әбсаттар қажы Дербісәлі. IX-XV ғасырлардағы Отырар және Отырарлық ғалымдар.
7. Жеңіс Ж. Ортағасырлық түркілер және әлемдік діндер / Отан тарихы. – 2005, № 2.– 23-34- бб.

Резюме

В статье рассматриваются арабские, персидские, китайские, турецкие источники и исследования ученых - историков, которые исследуют о духовно-культурных проблемах в средневековых тюркских государствах.

Summary

This article is devoted springs of Arabian, Persian, Chinese, Turkish on spiritual – cultural problems in average age Turkish States.

ӨОЖ 811.512.895

Л.Қ.Тұрабаева - ф.ғ.к., доцент
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі таңда білім беру саласында электронды оқулықтарды пайдалану мүмкіндігі артып келеді. Оқу үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану – бұл еліміздегі түрлі сала бойынша білім алып жатқан оқушылар мен студенттерді болашақ бәсекеге қабілетті маман ретінде дайындап шығару. Педагогтар инновациялық технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушылар мен студенттердің өз ойларын жеткізе білуін, шығармашылық ойлау қабілетін арттыруды, бір-бірімен оқушы немесе студент ретінде ғана емес, іскерлік қарым-қатынаста болашақ маман ретінде қызмет барысында туындаған өзекті мәселелерді бірлесіп шешу жолдарын, ақпаратты қалай тиімді пайдалану әдістерін үйретеді.

Технологияны пайдалану әдістерін зерттеумен айналысқан ғалымдардың өздері де түрлі деректерді тәжірибе барысында айқындап берді. Айталық, В.М. Максимов өзінің зерттеулері бойынша келесі жіктеулерді ұсынады: құрылымдық логикалық технология, интеграциялық технология (әртүрлі пәндік білімдердің бір-бірімен байланысы), ойындар технологиясы, тренингтік технология, ақпараттық технология, диалогтық технология.

Осы жіктеулер қазіргі кезде кең қолданылуда. Себебі, білім берудің негізгі жолы – оқыту. Оқыту – ұстаз бен оқушы белгілі бір мақсатты жүзеге асыратын біртұтас педагогикалық үрдіс. Ал белгілі бір мақсатты толық жүзеге асыру оқытуды тиімді ұйымдастырумен сипатталады.

Оқытудың білім беру, тәрбиелік, дамыту функцияларын кеңінен қолдану қажет. Әрбір педагогикалық технология және тұлғаның жеке өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Электронды оқу құралдарының қайсысы болса да, оқу үрдісін жандандыруда, оқушылар мен студенттердің білім меңгеру сапасын жақсартуда оқытушыға зор көмекшілік қызмет атқарады. Дегенмен, ғылыми-техникалық прогрестің дами түсуі оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, техникалық құралдарын, басқаша айтқанда, оқытудың жаңа технологияларын іздестіріп, ұтымды пайдалануды талап етеді. Осыған байланысты, орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқытуда тиімді болатын түрлерін бөліп алу қажет.

Яғни орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқытуда компьютерді қолдану өте тиімді екен деген пікірге келдік. Мұның бірнеше себебі бар:

– біріншіден, компьютердің дидактикалық мүмкіншіліктері, басқа құралдарға қарағанда мол екендігі байқалады;

– екіншіден, компьютер өндірісте бар, ғылыми-техникалық прогрестің талаптарына, сонымен бірге, оқытудың жаңа технологияларына сай келеді;

– үшіншіден, бұл құралдардың кейбіреуін аудиторияда ғана емес, үйде де қолдану мүмкіндігі бар. Ал бұл өзге тілде сөйлейтін оқушылардың қазақ тілін өз бетінше, саналы және тез үйренуі үшін өте маңызды;

– төртіншіден, техникалық жағынан пайдалану қиын емес.

Орыс тілді оқушылардың қазақ тілін үйрену сапасын арттыруда өзіндік жұмыстың маңызы зор. Себебі, нәтижеге өз бетімен еңбектеніп жететіндіктен, оқушы немесе студент материалды саналы түрде меңгереді. Еңбекте оқушының және студенттің берілген мәліметті ұмытпауына, оның әрі қарай толықтырып, бекіте түсінуіне мүмкіндік жасайтын аудиториядан тыс өзіндік жұмыс түрі ұсынылады. Өзіндік жұмысты үйде орындауға мүмкіндік беретін құрал компьютер болғандықтан, аталмыш жұмыстың компьютердің көмегімен орындалатын түрлері көрсетіледі. Бұл өзіндік жұмыстың ерекшелігі: сыныпта, аудиторияда оқылған материалды олардың ұмытып қалмауына, керісінше, оны

әрі қарай толықтыруға, нығайтуға септігін тигізеді, өзіндік жұмыс бір лексикалық тақырып төңірегінде құрылады. Мұның пайдасын былайша түсіндіруге болады: тақырып арқылы сөйлеуге үйрету, біріншіден, тіл үйренушілерге не туралы айту керек екенін аңғартса, екіншіден, қалай айту керек, қандай сөздерді білу керектігіне назар аудартады және соған қатысты өмірлік жағдайды меңгертуге жәрдем береді.

Электронды оқулықтар арқылы **монологтық айтылым, сұхбаттық айтылым, тыңдап түсіну, оқылым, жазылым** сияқты айтылымның барлық түрін қамтитын жұмыстар жүргізіледі. Сонда студент немесе мектеп оқушылары өтілген материалдар негізінде белгілі бір лексикалық минимум көлемінде әңгіме жүргізе алуы және ол толыққанды хабар жасай алуы қажет. [2]

Студенттер мен мектеп оқушылары сабақ соңында:

– таныс грамматикалық және лексикалық материалдар негізінде құралған іскери мәтінде қысқаша, немесе толық оқып, тыңдап түсінгенін баяндай білуі;

– өтілген тақырып бойынша хабарлама жасай алуы;

– жоспарға, тірек сөздерге сүйеніп және сүйенбай оқылған іскери мәтін үзіндісінің мазмұнын айтуы;

– бейнефильмге коментарий беруі;

– осы курстың лексика-грамматикалық материалдары негізінде презентация жасауы;

– компания және фирманың тарихы мен оның әрекеттерін және өнімдерін сипаттай білуі қажет;

Қазіргі таңда республика мектептерін жаңа компьютерлік технологиямен қамтамасыз ету жұмыстары іске асырылып, енді сол ақпараттық технологияны қолдану мен оны мектептерге енгізу саласында, оқушылардың ақпараттық мәдениетін көтеру мақсатында оқытуды жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Соңғы уақытта білім беру саласында ақпараттық технологияларды енгізуге, оқу бағдарламаларын және электронды оқулықтарды жасауға, электронды кітапханаларды құруға, желілік құрылымының дамуына, сонымен қатар дистанциялық білім беруге көп көңіл бөлінуде.

Қазіргі уақытта электронды оқулықтар мен оқу құралдарын жасау мәселесі өзекті мәселе болып отыр. Толық өңделіп жасалған электронды оқулық сабақ өткізу барысында қосымша құрал, компьютерлік кластарда өзіндік жұмыстарды орындау үшін – қосымша көмек беру, емтихан алушы алдында немесе тәжірибелік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау ретінде қызмет атқара алады. Электронды оқулықтар әрбір пайдаланушының білім алуын немесе қабілеттілігін көтеруді, біліктілігін қалыптастыруды жетілдіру үшін үлкен қызмет көрсетеді.

Оқушылардың программалау біліктілігінің жүйелі қалыптасуы соңғы уақытта пайда бола бастаған электронды оқулықтармен оқып үйренуіне кеңінен қолдануында, сонымен қатар электронды оқулықтарды білім беру процесін ақпараттандыру құралының бірі деуге болады. [3]

Электронды оқулық – бұл оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұны көрсетілген магнитті тасымалдаушыда (қатты немесе иілгіш дискіде) орналасқан, компьютер көмегі арқылы өз бетінше немесе оқытушының қатысуымен оқу курсы менгеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін программалық-әдістемелік кешен.

Электронды оқулық жасалғанда ол негізінен үш компоненттен тұруы керек, яғни

- курстың негізгі ақпараттық бөлігін беретін – презентациялық;
- алынған білімді бекітетін – жаттығулар;
- білімгердің білімін бағалауға арналған – тестілеу.

Сонымен, технологияны ұйымдастыру үнемі жаңғырту жайында ұстап тұрып қана мектеп өз бағытын нығайта алады. Сондықтан да мекеме басшылары үнемі өзгерістің болып тұруы бірден-бір дұрыс факт екенін мойындаулары қажет. Жаңалық енгізу кез-келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Бұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Әсіресе, олардың тиімділігі:

1. Қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;

2. Қажетті ақпаратты жедел түрде шешу мүмкіндігі;

3. Білім сапасына әсері зор. Әсіресе, тіл сабақтарын игеруде (қазақ, ағылшын, орыс, т.б. тілдерді) айқын сезіледі;

4. Іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде (би өнері, қол еңбек, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.);

5. Қарапайым көзбен қарап, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері мен әр түрлі физикалық, химиялық, биологиялық, тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;

Инновациялық технология оқушылардың кәсіби шеберлігін шыңдай түседі, атап айтқанда, оқытудың интерактивті әдісі арқылы тек оқушының кәсіби шеберлігі ғана емес, сондай-ақ ол өзін қоршаған ортаға білімін жария ете алады.

Сондықтан да компьютер арқылы электронды оқулық орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқыту үрдісінде жанданып, сапасын арттырады дей аламыз.

Қорыта айтқанда, оқыту үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану арқылы оқытушылар білімді, қабілетті жастарды, болашақ мамандарды дайындайды.

Әдебиеттер:

1. Аяған, Б.Ғ., Әбжанов, Х. М., Махат, Д. А. Қазіргі Қазақстан тарихы: оқулық. – Алматы, 2010г
2. Болатбек Жанасыл. Қазақ тілі. Электронды кітап. Екінші кітап. Алматы. 2010ж.
3. Завязинский В.А. Инновационные процессы в образовании и педагогическая наука. Инновационные процессы в образовании. Тюмень, 2000г.

Резюме

В этой статье рассматриваются методы новых инновационных технологий, а так же виды работы с электронными учебниками в школах и вузах.

Summary

This article research methods new technology and kind of works with electronic textbook in school and universities.

И.В.Пахомова

№33 школа им. Кенесары Касымұлы, Шымкент, Казахстан

**ДИФФЕРЕНЦИРОВАННЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ НА УРОКАХ
РУССКОГО ЯЗЫКА**

Дифференцированный подход сегодня актуален – это индивидуальный, личностно-ориентированный подход к ученику. Происходит сближение между учителем и учеником. При таком подходе ученик является не только объектом, но и субъектом обучения, и сам может оценить свои знания, не только оценить, но и понять, что его знания зависят не только от учителя, но и от него самого.

Достоинством технологии уровневой дифференциации обучения является личностно-ориентированный подход к учащимся, стимулирующий мотивацию учения и открытость заданий, контролирующая усвоение материала. При дифференциации учащихся в соответствии с тем или иным уровнем учителю необходимо опираться на следующее:

- общий уровень обученности ученика, отдельные особенности психического развития (память, мышление, познавательная деятельность),
- индивидуальные особенности ученика (склонность к гуманитарным предметам или точным, историческим наукам и т.д.),
- неспособность ученика усваивать предмет по тем или иным причинам (кроме отставания в умственном развитии),
- интерес учащегося к тому или иному предмету.

Готовясь к уроку, учитель ориентируется на три уровня дифференциации учащихся:

А – базовый,

В – несколько продвинутый,

С – углубленный;

А – материал, опирающийся на базовый уровень, определенный базовый стандарт (проверка и оценка этих знаний). Проверка и оценка орфографической и пунктуационной зоркости.

В – более сложный материал, который опирается на тот же базовый уровень,

С – выход на уровень анализа, требующий глубоких знаний теории и умения их реализовать в практической деятельности.

Оценив каждого учащегося по данной схеме, можно приблизительно отнести его к той или иной группе. Однако, что очень важно, необходимо учитывать то, что учащийся может (и должен !) передвигаться из одной группы в другую (из А в В, из В в С) Уровни - обязательный (А и В) и дополнительный - (В и С).

Решение о достижении повышенных уровней освоения предмета может быть принято только самим учащимся. Ученик сам выбирает уровень заданий (обязательный, повышенный или высокий) и несет ответственность за это. Задача учителя - помочь сделать правильный выбор и добиться успеха, опираясь на принцип: «Возьми столько, сколько ты можешь, но не менее обязательного». Задания обязательного уровня (на 3) должны быть посильными и доступными для каждого ученика, адекватными его интересам и способностям. Дополнительная часть- овладение темы на повышенном уровне (4 и 5). Основная задача - дать посильную нагрузку сильным учащимся.

Адамның дыбысын автоматты түрде синтездейтін және анықтайтын интеллектуалдық дыбыстық шешімдері интерактивті дыбыстық жүйелердің дамуының келесі бір сатысы болып саналады. Қазіргі уақытта интерактивті телефондық қосымшаны қолдану сәндік бағыт емес, тек өмірлік қажеттілік қана.

Белгілік сипаттамалардың іріктемесі бастапқы негіздік деректердің қарапайым стандартталған көрінісі болып саналады, ол деректер біртегіш ақпаратты жинақтау процесінде әртүрлі пәндік салаларда туындайды және келесі мәселелерді шешу үшін қолданылады:

- шешімді дәйектеу арқылы жағдайлар, құбылыстар, объектілер немесе процестерді анықтау (жүйелеу, диагностикалау);
- динамикалық деректер іріктемесі бойынша жағдайлар, құбылыстар, процестер немесе жағдайларды болжамдау;
- деректер құрылымын кластерлік талдау және зерттеу;
- мәнді бір белгілерді анықтау және қарапайым сипаттамаларды табу;
- әртүрлі эмпирикалық заңдылықтарды табу;
- объектілер жиынының аналитикалық сипаттамасын құру;
- стандартты емес немесе ауытқымалы жағдайларды табу;
- үлгілердің эталлонды сипаттамаларын қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Р. Дуда, П. Харт. Распознавание образов и анализ сцен.-Москва: Мир, 1976.-407с.
2. Вапник В.Н., Червоненкис А.Я. Теория распознавания образов.- Наука, 1974.-417с
3. В. Т. Фисенко, Т. Ю. Фисенко. Компьютерная обработка и распознавание изображений (учебное пособие).-Санкт-Петербург, 2008.-102с.
4. Островский С. Нейронные сети для обработки информации.-Москва, 2000.-220с.
5. Верхаген К. и др. Распознавание образов.-Радиосвязь, 1985. - 103с.
6. Дж. Ту, Р. Гонсалес. Принципы распознавания образов.-Москва:Мир, 1978. – 401с.
9. Анисимов Б.В, Курганов В.Д., Злобин В.К. Распознавание и цифровая обработка изображений: Учеб. Пособие для студентов вузов. – М.: Высш. шк., 1983. – 295с. ил.

Резюме

В этой работе рассматривались виды распознавания. Распознавание – это явление, который часто встречается в жизни человека и охватывает многих областей. В разных областях у распознавании есть свои особенности и условия применения.

Summary

Recognition is often found in human life. Without it, we can not imagine my life, it covers many areas of life. It is divided into several types, in turn, have their characteristics and applications.

ӘОЖ 582.926.2

Б.Б. Сарсенова- магистрант

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

КӨПЖЫЛДЫҚ ПЕТУНИЯНЫ ӨСІРУДІҢ НЕГІЗГІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа: Қазақстан аумағында "Жасыл ел" бағдарламасына сай қалаларды көгалдандыру жұмыстарында сәндік өсімдік ретінде петунья жиі өсіріледі. Шымкент қаласының газондарында біржылдық петунья өсіріледі, олар негізінен Тараз қаласының питомниктерінен алып келінеді. Экономикалық тиімділігі тұрғысынан қарағанда көпжылдық декоративті өсімдіктерді өсірудің маңызы зор. Сондықтан, Шымкент қаласының жағдайларына бейімделген, көпжылдық петуньяны алу мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған жұмыстың өзектілігі түсінікті.

Кілттік сөздер: Петунья, гүлзар, контейнер, спектр, телу, ұластыру, гүлбак, гибрид, температура, питомниктер.

Петунья (*Petunia*) – гүлзарлар мен гүлбақтарда өсірілетін ең кең таралған сәндік өсімдіктердің бірі. Ол гүлзарларда да, контейнерлерде, аспалы себеттерде, қорапшаларда да жақсы өседі. Бұл өсімдіктің гүлінің түсі мен пішінінің алуантүрлілігі өте жоғары. Ол алқатұқымдастарға (*Solanaceae*) жататын өсімдік.



Сурет 1. Қала гүлзарларындағы петуньялар

Петунья бұл әдемі болып гүлдейтін, бөлме ыдысында да өсірілетін, ампельді өсімдік. Петуньяның әртүрлі күтіп баптау, топырақ және ауа райының жағдайларына жақсы бейімделуі, агротехникасының қарапайымдылығы, гүлдерінің әсемдігі оны гүлөсірушілер мен көгалдандырушылардың мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде петуния жаздық өсімдіктердің ішіндегі алғашқы орындардың бірін иеленетіндігіне, оған деген қызығушылықтың артуына оның жаңа топтары мен гибридтерінің шығарылуы да әсер етуде. Оның таралу ареалы кең — тропиктерден бастап Поляр сызығына дейін және Аляскаға дейін таралған.

Петунияның мұндай танымалдылығының себебі мен салдары дүние жүзінің генетиктерінің, ботаниктері мен селекционерлерінің оның жаңа сорттары, гибридтері мен бақшалық топтар жасауға бағытталған жұмысының нәтижесі болып табылады. Бұл топтардың әрқайсысы өздігінше қызықты және көгалдандыруда белгілі бір орны бар.

Бақшалық гибридтер үшін бастапқы материал ретінде қолтықты петуния (*Petunia axillaris*) мен күлгін петуния (*Petunia violacea*) болып табылады. Бұл өсімдіктер көпжылдық, бірақ мәдени дақылда біржылдық [1].

Сабақтары тік немесе жатаған, қалық бұтақтанған, биіктігі 20-70 см, дөңгелек, жасыл. Жапырақтары қысқа сағақты, тұтас, мөлшері мен пішіні әртүрлі, кезектесіп орналасқан. Сабағы мен жапырақтарының ерекше өзіне тән иісі болады, жай және безді талшықтармен түктенген. Гүлдерінің түсі спектрдің барлық түстерін қамтиды және гүлдің ортасында әртүрлі дақтар мен жүйкелер болуы мүмкін. Тек көгілдір түсті петуния ғана жоқ.

Біржылдық, шөптесін өсімдік. Жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, эллипс тәрізді пішінді, шеті мен негізіне қарай сүйірленіп келеді, аздап ойыс, жасыл түсті болып келеді.

Гүлдері түтік тәрізді жоғарғы жиектері кеңейіп келеді, күлгін немесе қызғылт түсті, жапырақтың қолтығында орналасқан.

Петунияны тұқымынан өсіреді. Ашық грунтта өсіру үшін ірі гүлді бұтақтанған формаларын немесе мультифлора петуниясын өсірген жөн. Олардың гүлдері жауыннан соң тез қалпына келеді.

Өсімдіктер жеткілікті мөлшерге дейін өскеннен кейін өскіншелер арқылы көбейтуге болады. Өскіншелерді жаздағыдай алады, бірақ ыдысты көлеңкеге емес, 16 сағат қосымша жарық шамының (шамнан 15-20 см арақашықтықта) астында ұстайды.

Өскіншелер бөліп алынған соң аналық бұтаны кешенді тыңайтқыштармен үстемелеп қоректендіреді. Біраз уақыттан соң онда жаңа өркендер қайтадан пайда болады. Олардан қайтадан өскіншелер алуға болады.

Петунияның қалаларды көгалдандыру мен ғимараттарды көркейтудегі маңызын ескере отырып, оны өсіру және күтіп-баптау технологиясын меңгеру олардың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Петунияның тұқымдары өте ұсақ болатындықтан, себу алдында оларды құрғақ құммен 1:5 қатынаста араластырады. Тұқымдарды біртегіс етіп себу қажет. Мөлшері 30x40см болатын бір ыдысқа 1000 дана егеді. Сеуіп болғаннан соң оларды субстратпен жауып, бірден превикурдың 0,1% - дық ерітіндісімен суару қажет. Бұл оларды саңырауқұлақтар туғызатын аурулардан қорғау мақсатында жүргізіледі. Содан соң ыдыстарды арнайы дайындалған стеллаждарға орналастырып, поликарбонат немесе шыныдан жасалған қақпақпен тығыздап жабады. Одан кейін тек қажеттілігіне қарай ғана суарады. Тұқымдарды орнынан қозғалтып жібермеу және шайылып кетпеуі үшін жаңбырлатқышпен суару керек.

Температураға байланысты сепкеннен соң 5-8 күннен кейін алғашқы өскіндер пайда бола бастайды. Петунияның көшеттерін өсіруге тиімді температура – 20-22 жылулық. Өскіндер пайда болғаннан соң, қақпақты ашып, бөлмедегі температураны біртіндеп 18 градус жылылыққа дейін төмендетеді. Одан әрі абайлап, суаруды жиілетеді.

Қолайлы жағдайлар жасалған кезде тұқым себілгеннен кейін 2,5-3 аптадан соң көшеттерді сиретуге болады [2]. Бұл үшін 100, 260, 380 саңылаулары бар пластмассадан жасалған кассеталарды қолдану қажет.

Сиретуден соң 1-ші суаруды превикурдың 0,1% - дық ерітіндісімен жүргізеді, ал келесілері таза сумен суарылады. Өскіндер жылдам өсу үшін мүмкін болса температураны 18-20 жылылықта ұстап тұру қажет. Осындай жағдайда өсімдіктер тезірек тамыр байлайды да, 10-шы күні Peters professional 10-52-10 (10 л суға 5 г) минералдық тыңайтқышымен үстемелеп қоректендіруге болады. Мұндай үстеме қоректендіруді 2-3 рет қайталауға болады.

Сиретуден соң 3 аптадан кейін көшеттерді гүл отырғызатын ыдыстарға (диаметрі 8-10 см), микро – және макро- элементтердің мөлшері мол болатын субстраттарға отырғызады. Көшеттерді гүл отырғызатын ыдыстарға ауыстырып отырғызғаннан соң 7-10 күн бойы төмендегі температураны ұстап тұру қажет: түнде +18 градус, күндіз +20 градус жылулықта, содан соң оны түнде +14 ке дейін, күндіз +16 градусқа дейін төмендетеді.

Петунияны өскіндермен де көбейтуге болады. Петуниялар оңай тамырланады. Гүлдеп тұрған бұтадан екі буынаралығы бар өркеннің бөлігін кесіп алады. Гүлдері мен гүлбүршіктерін алып тастайды

да, өскіннің ұшын корневинмен өңдеп, ыдысқа салады. Ыдыстарды көлеңкеге қояды. 2-3 күннен соң тамырлары шығады.

Күзгі салқын түскен кезде петунияларды ғимаратқа кіргізеді. Қыстап шығуға ең қолайлы жағдай - температурасы $+14 - +16^{\circ}\text{C}$ болатын салқын, жарық бөлме. Сақтайтын бөлме неғұрлым салқын болса, соғұрлым аз жарық қажет. Егер мұндай жағдай болмаса, өсімдікті бөмедегі терезенің алдына қоюға болады. Қараша айының орталарынан бастап, қосымша жарық түсіру қажет. Жарық шамды тәулігіне 14 сағатқа қосады. Суару орташа. Айына бір рет калий тыңайтқыштарымен тыңайтын отыру керек.

Қаңтар айының аяғында азотты тыңайтқыштар енгізіледі. Вегетативтік массаның белсенді өсуін қамтамасыз ету үшін, қосымша жарық мөлшерін тәулігіне 16 сағатқа дейін ұзарту қажет. Тұқымнан емес, тамырланған өскіндерден алынған өсімдіктердің толыққанды бұтаға айналуы жылдам жүреді.

Өсімдіктер жеткілікті мөлшерге дейін өскеннен кейін өскіншелер арқылы көбейтуге болады. Өскіншелерді жаздағыдай алады, бірақ ыдысты көлеңкеге емес, 16 сағат қосымша жарық шамының (шамнан 15-20 см арақашықтықта) астында ұстайды.

Өскіншелер бөліп алынған соң аналық бұтаны кешенді тыңайтқыштармен үстемелеп қоректендіреді. Біраз уақыттан соң онда жаңа өркендер қайтадан пайда болады. Олардан қайтадан өскіншелер алуға болады.

Тәжірибе барысында петунияның тұқымдары бөлме және жылыжай жағдайында өсірілді. Бірінші жылы петуния гүлдеп болғаннан соң жылыжайдағы орнында қалдырылды. Яғни, грунт өңделмеді. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің өсімдіктерді өсірудің ғылыми-зерттеу зертханасында (жылыжай) арнайы топырақта жылуды өндіру технология бойынша эксперименталды грунт қолданылады. Биылғы қыс жағдайында жылыжайда біртіндеп қажетті температураның $+20^{\circ}\text{C}$ -дан бастап, біртіндеп -25°C -ға дейін, яғни жылыжайда жылуды толық беруді тоқтатуға дейін, температура төмендетілді. Ақпан айының оныншы жұлдызында өткен жылдың өсімдіктерінің өскіндерінің өсіп шыққандығы анықталды.



Сурет 2. Тәжірибе жағдайында жылыжайда алынған екінші жылғы петуниялар

Екінші жылдық петуниялардың өскіндері жылыжайдағы жаңа орындарға ауыстырылып отырғызылды. Өскіндерді қайта отырғызу кезінде олардың тамыр жүйелері зерттелді. Суретте көрсетілгендей бұл өсімдіктердің тұқымнан емес, «ескі», яғни өткен жылғы өсімдіктердің тамырынан өніп шыққандығын көруге болады.



Сурет 3. Петунияның екінші жылдық өскіндері

Жаңа өскіндер қалыпты өсіп жетілуде. Тәжірибе жұмыстарының келесі кезеңі көктемгі топырақ қажетті деңгейге дейін қызған кезде, екінші жылдық өскіндерді ашық грунтқа отырғызу жоспарланып отыр.

Петунияның қалаларды көгалдандыру мен ғимараттарды көркейтудегі маңызын ескере отырып, оны өсіру және күтіп-баптау технологиясын меңгеру олардың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Кудрявец Д.Б. Петуния: посев на рассаду и выращивание //Ботанический журнал. -2011.-№ 5.
2. Жамалбеков Е. Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы – А.: «Қазақ университеті», 2000
3. Қ.Әрінов, А.Нағымтаев, М.Ысқақова, Н.Серікпаева, И.Жұмағұлов «Агрономия негіздері» Оқулық «Фолиант» баспасы Астана-2007

Резюме

В статье рассматриваются возможности получения многолетней петунии в культуре в условиях Южного Казахстана.

Summary

In this article given materials about agro technology of cultivation and breeding of petunias in Southern Kazakhstan.

УДК 551.585.7

А.С.Шарифкалиева - магистрант, **Б.Тасболат** - д.ғ.н., доцент,
ЮКГУ им.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

КЛИМАТИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ И ИХ ИЗМЕНЕНИЯ В ГОРАХ СЕВЕРО-ЗАПАДНОГО ТЯНЬ-ШАНЯ

Аннотация: В данной статье рассматриваются проблемы климатических изменений Северо-Западного Тянь-Шаня и их последствия.

Ключевые слова: климат, прогноз, горный район, глобальное потепление, экология, ледники.

Проблемы, связанные с изучением климата, его прогноза и оценки последствий потепления, вызванного как природной динамикой климата, так и в результате антропогенного воздействия, в последние десятилетия приобрели наибольшую актуальность. Необходимость изучения проблем, связанных с выявлением позитивных, негативных, неблагоприятных, а иногда, возможно, и катастрофических последствий глобального потепления климата и адаптацией в этих условиях давно уже признано мировой научной и политической общественностью [1].

Климат гор Южного Казахстана, как и всех горных районов, связан с вертикальной поясностью, широтой и долготой местности, удаленностью от океанов. Положение в центре евразийского материка и южное расположение способствовало увеличению количества тепла, уменьшению увлажнения и резкой континентальности климата.

Однако с увеличением абсолютной высоты местности в предгорьях увеличивается увлажненность, лето становится не слишком жарким и зима более мягкой. От начала предгорной равнины до снежных вершин на протяжении всего около 100 км климат постепенно изменяется от жаркого очень сухого резко континентального до влажного и очень холодного [2].

Изменение климата имеет потенциал, который может повлиять на человеческое общество более тонкими и менее заметными способами, которые могут оказать дестабилизирующее влияние на экономику и расстроить политические отношения. Это хорошо заметно, если мы сосредоточим внимание на данных по последним климатическим изменениям и его вероятными будущими последствиями в Центральной Азии.

Одним из ожидаемых результатов глобального потепления является уменьшение ледяного покрова в горах и вечной мерзлоты, что в настоящее время происходит практически во всех горных районах. В большинстве стран Центральной Азии ледники и лед в зоне вечной мерзлоты служат в качестве водонапорных башен, обеспечивая непрерывную подачу свежей воды в долинах и позволяя, тем самым, проводить экономическую активность. Их отступление за последние несколько десятилетий в связи с глобальным изменением климата бросается в глаза. Это хорошо видно в горных хребтах Северо-Западного Тянь-Шаня. Здесь отступление ледников влияет на характер стихийных бедствий в населенных долинах и низменностях предгорной зоны. В более широком масштабе этот процесс имеет потенциальные геополитические последствия [2].

Благодаря беспрецедентным успехам наук о Земле удалось установить, что глобальный климат Земли за последние 500 тыс. лет колебался с главным 100000-летним циклом, включающим периоды ледниковых эпох и более коротких межледниковых с длительностью около 10000 лет [3]. Размах колебаний температуры в голоцене (последние 10000 лет) составил 6°C, а после климатического оптимума, который имел место примерно 6,5 тысяч лет назад, когда температура была на 2°C выше современной, она приобрела глобальную тенденцию к понижению, продолжающуюся и сейчас. Это понижение, как и во все предыдущие периоды, не монотонно, а имеет более короткопериодный колебательный характер, и примерно с 1700 г. (минимум малого ледникового периода) наблюдается временное повышение температуры [4].

На сегодняшний день в климатологии получено несколько десятков различных сценариев изменения климата. Существуют два основных подхода к оценке пространственных изменений компонентов геосистемы и климата: численное моделирование и метод палеоаналогов. Не останавливаясь на недостатках и преимуществах этих подходов, отметим, что в первом случае используются энергобалансовые модели (Budyko, 1968, 1969), радиационно-конвективные (Manabe and Wetherald, 1967), либо модели общей циркуляции атмосферы и океана, получившие наибольшее распространение в зарубежных исследованиях [5].

Второй подход в качестве основы сценариев изменений климата предусматривает использование данных палеоклиматических реконструкций для тех периодов геологического времени, которые отождествляются с уровнями потепления в будущем. Эти этапы эволюции известны как оптимум плиоцена (4,3-3,3 млн. лет назад), микулинское межледниковье (около 125 тыс. лет назад) и климатический оптимум голоцена, максимально проявившийся по различным данным и для различных территорий планеты от 10 до 6-5 тыс. лет назад. Резкое изменение природно-климатических условий при переходе от позднего плейстоцена (10,8-10,5 тыс. лет назад) к раннему голоцену (10,3-10,1 тыс. лет назад) может быть сопоставлено с современным потеплением. В настоящее время именно этот период привлекает особое внимание ученых, как наиболее вероятный аналог климатических условий в ближайшие десятилетия. Поэтому анализ развития природной среды в течение голоцена может служить основой для прогноза будущих естественных изменений природно-климатической обстановки [5].

Метеорологические данные подтверждают, что температура поверхности в Центральной Азии повышается. За последние 50-70 лет в горах Казахстана, в том числе и исследуемой территории, температура увеличилась на 0,3°C - 1,2°C в зависимости от местоположения. Почти везде потепление климата в зимнее время более выражено, чем в другие сезоны. В соответствии с вероятными сценариями изменения климата в Центральной Азии, температура повысится на 1°C - 3°C к 2050 году, и на 3°C - 6°C к концу века, если не произойдет глобальное снижение уровня выбросов парниковых газов. Ученые прогнозируют, что изменение климата приведет к сокращению осадков в южных районах Центральной Азии. Однако точное воздействие таких изменений природы на местном уровне, особенно в горах, до сих пор остается неизвестным [6].

Литература

1. Горбунов А.П., Марченко С.С., Северский И.В., Титков С.Н. Палеогеографические исследования на равнинах и в горах Казахстана // Криосфера Земли, Новосибирск, Изд-во. СО РАН, 1998, т. II, № 2, 3с.
2. Информационно-аналитический портал "Геополитика" 24.08.2012г - <http://www.geopolitica.ru/>
3. Имбри Д., Имбри К. Тайны ледниковых эпох /Пер. с англ. под ред. Г.А.Авсюка. – М.: Прогресс, 1988. – 262 с.
4. Изменчивость климата Средней Азии //САНИГМИ им. В.А.Бугаева. – Ташкент, 1995. – 216 с.
5. Марченко С. С. О прогнозе термического состояния мерзлых пород Заилийского Алатау в связи с изменением климата // Гидрометеорология и экология, № 3, Алматы, 1997, С.198-208.
6. Устойчивое развитие горных районов Центральной Азии - Университет Центральной Азии /Региональный обзор/ 2012г – 50с.

Түйін

Бұл мақалада Тянь – Шань тауларының Солтүстік-Батыс аймағының климаттық жағдайы көрсетіледі. Климаттың өзгеру мәселелері қарастырылады. Қазіргі таңда климатты болжау және зерттеу маңызды мәселелердің бірі. Сонғы кездегі зерттеу және болжау нәтижелері айтылады. Климаттық өзгерудің әсері мен салдары көрсетіледі.

Summary

This article shows the climatic conditions of the North-West Tien Shan. The problems of climate change. Weather and climate change is one of the most important issues of today. The article says the latest research and climate forecasts. Showing the impact and consequences of climate change.

**ИНФОРМАТИКА, IT – ТЕХНОЛОГИЯСЫ
ИНФОРМАТИКА, IT-ТЕХНОЛОГИИ**

ӘОЖ 004.738.5 + 004.9

Ж.Ө. Дауенова, Ж.С.Құрақбаев, З.А.Абдиева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар
Достығы университеті, Шымкент, Қазақстан

WEB-ДИЗАЙН ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ СЕРВИСТЕРІ

Аңдатпа: Мақалада Web-программалау технологиясы негізін құрайтын IT-технологиялар, программалау тілдері және желілік технологиялар сипатталады. Сонымен қатар Web-программалау технологиясы негізінде құрылған Интернет қызметтері мен сервистері туралы ақпарат беріледі.

Кілттік сөздер: Web-программалау технологиясы, желілік IT-технологиялар, программалау тілдері.

Кіріспе. XX ғасырдың аяғында бүкіләлемдік ауқымды желі Интернеттің қарқынды дамуы ғылымда жаңа бағыттардың пайда болуына себеп болды. Солардың бірі Web-программалау технологиясы. Қазіргі таңдағы Интернет қызметтері, мысалы, бүкіләлемдік өрмек (WWW, W3 - World Wide Web), электрондық пошта (E-mail), нақты уақыт аралығында ақпарат алмасу (IRC) және т.б. осы программалау технологиясының жемісі.

Web-дизайн. Web-программалау технологиясын көбінесе Web-дизайн деп атайды. Бұл термин Web (WWW қызметінің қысқартылған атауы) және дизайн (ағыл. design) сөздерінің тіркесі болып, «Web-құжатты көркем жобалау, құру» деген мағынаны білдіреді.

Дизайн сөзі күнделікті өмірде – нысанды жобалау, яғни жаңа құрылғыны, құрал-саймандарды көркем құрастыру деген кең мағынада қолданылады. Оның негізгі мақсаты – нысанды тұтынуға ыңғайлы түрде көркемдеу, пішімдеу, құру. Интернеттегі Web-дизайнның классикалық дизайн көркемөнерінен айырмашылығы, мұнда қалам, бояу, мольберт сияқты құрал-саймандардың орнына, компьютерлік құрал-саймандар – программалау өнімдері, Web-редакторлар, графикалық процессорлар, аниматорлар, цифрлік фотоаппараттар, сканерлер және т.б. қолданылады [1].

Сонымен, Web-дизайн – IT-технологиялар (Интернет және жаңа ақпараттық технологиялар), арнайы программалау тілдері (HTML, JavaScript, PHP, Java, Perl, C++) және желілік технологиялар (CSS, CGI, SSI) негізінде құрылған көркемөнердің жаңа түрі. Кейде әдебиеттерде компьютерлік дизайн (computer-aided design), Web-шебер (Web-master) терминдері де кездеседі.

Web-дизайнер деп, әдетте, Интернеттегі Web-сайтты құрушы программалаушыны айтады. Ол дизайнмен қатар, жүйелік администратор және қолданбалы программалаушы міндеттерін де атқарады. Сондай-ақ Web-сайт модераторын да Web-дизайнер деп атайды. Web-дизайнер Web-сайт құруда гипермәтіндерден, шрифттерден, анимациялық баннерлерден, клиптерден, фото, видео және аудио файлдардан, т.с.с. нысандардан пайдаланады. Ол мемлекеттік, коммерциялық немесе жарнамалық Web-жобалар: мекеме немесе коммерциялық ұйымның Web-сайтын, әлеуметтік желілерді, форумдарды, виртуал магазиндерді, электрондық басылымдарды және ақпаратты іздеу жүйелерін құрады. Web-дизайншы өзінің кәсіби міндетін атқаруда журналистика, көркем фотография, декоративті-қолданбалы өнер, архитектура, скульптура, граффити сияқты көркемөнер салаларында жинақталған тәжірибелерді қолданады. Сонымен қатар Web-дизайнның өзіне тән жаңа қасиеттері, алгоритмдері, реквизиттері және заңдылықтары бар. Бұл атрибуттар Интернеттің техникалық, программалық және ақпараттық компоненттері дамуымен өзгеріп отырады.

Қазіргі таңда Web-сайттарда гипермәтін мен статикалық суреттермен қатар, қозғалушы нысандар, яғни баннерлер, анимациялар, апплеттер, информерлер, гаджеттер мен виджеттер қолданылуда. Интернетте тұтынушымен интерактивті байланыста болатын динамикалық интерфейсін Web-сайттар, ақпаратты іздеу жүйелері, элементтік желілер жиі кездесіп отыр. Сонымен қатар, тұтынушының менталитеті мен психологиясын, креативті идеялар мен тақырыптарды есепке ала отыру қажеттігі туындап отыр. Мұның барлығы Web-дизайнерден журналистика, әдебиет, кино, телевидения, фото т.с.с. өнер салаларының туындыларынан орынды пайдалануды талап етеді.

Интернет сервистері. Жалпы, Интернет (Internet - Interconnecting Networks) - бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлерді бір-бірімен байланыстырып тұрған кең ауқымды компьютерлік желі.

Бір сөзбен айтқанда, хаттама деп аталатын бірыңғай стандартпен жұмыс істейтін желілердің желісі. Интернетте мәтін, графика, фото, аудио, видео, баннер, анимация сияқты өте үлкен ақпарат көлемі сақталады.

Қазіргі таңда Интернеттің тұтынушыға көрсететін көптеген сервистік қызмет түрлері (web service) бар. Интернеттің әр қызметі ақпарат таратудың, тасымалдаудың және алмасудың әртүрлі функцияларын атқарады. Сондай-ақ, мұндай қызметтердің кейбіреуі ескіріп жойылса, кейбіреуі жаңадан пайда болып жатыр. Интернеттің сервистік қызметтері ішінен негізгілерін қысқаша қарастырып өтейік.

WWW (W3, World Wide Web – бүкіләлемдік өрмек) - Интернеттегі гипермәтіндік ақпаратты іздеу жүйесі, кейде оны қысқартып Web деп те атайды. Бұл Интернеттің ең көп қолданылатын қызметі. Ақпарат (Web-құжаттар) мекемелердің немесе жеке тұлғалардың меншігіндегі Web-сервер (WWW-сервер) деп аталатын жеке компьютерлерде сақталады. Web-құжаттарға енгізілген гипермәтіндік сілтемелер арқылы тұтынушы олардың бірінен біріне ауыса береді. WWW негізінде HTTP (Hyper Text Transfer Protocol) - гипермәтінді тасымалдау хаттамасы жұмыс істейді.

WWW жүйесінде ақпарат гипермәтіндік құжаттарда (Web-құжаттар) сақталады деп айтып өттік. Гипермәтіндік құжаттарда бірінен екіншісіне ауысу үшін гиперсілтемеден пайдаланады. Гиперсілтеме деп ішіне арнаулы код, яғни екпінді элемент (anchor) орналасқан мәтінді айтады. Сондай-ақ, гиперсілтеме келесі Web-құжатқа немесе осы Web-құжаттың басқа бір бөлігіне өтуге арналған белгіленген сөз. Гиперсілтеме мәтіннің ішінде асты сызылған сөз түрінде орналасқан. Егер курсорды сол сөздің үстіне әкеліп, тышқан пернесін шертсек, онда ол сілтеп тұрған басқа Web-құжатқа ауысамыз. Бұл құжаттар ағымдағы компьютерде немесе Интернеттегі кез келген Web-серверде орналасқан болуы мүмкін.

WWW жүйесіндегі гипермәтіндік құжаттарды браузер (browser) деп аталатын арнайы программалар өңдейді. Олар Web-құжаттарды мониторда бейнелеп, парақтап көру, оқу мүмкіндігін береді. Браузерлер ішінде Қазақстанда ең көп тарағандары Internet Explorer (Microsoft, 1995), Opera (Opera Software, 1994), Mozilla FireFox (Mozilla Corporation, 2004) және Google Chrome (Google Inc., 2008) болып саналады.

E-mail (Электрондық пошта). Электрондық пошта - желі қызметтерінің ішіндегі электрондық ақпарат алмасудың ең негізгісі. Электрондық пошта арқылы барлық құрылықтарда тұратын адамдар бір-біріне электрондық хаттар мен файлдар жібере алады. Электрондық пошаның жұмысы кәдімгі күнделікті өмірдегі поштаға ұқсас болғандықтан, оның жұмыс істеу үрдістерін меңгеру тұтынушылар үшін аса көп қиындық туғыза қоймайды. Оның негізгі айырмашылығы – физикалық нысандар емес, электрондық файлдар жіберіледі. Сонымен қатар, электрондық пошта географиялық адресеуді емес, электрондық адресі қолданады. Электрондық пошаның адресі төмендегі түрде жазылады.:

тұтынушы_аты@домен_аты.

Мысалы: info@mail.ru, us-ibr@rambler.ru, us-ibr@nur.kz

Тегін пошталық серверлерге мысалдар:

- www.gmail.com
- www.mail.ru
- www.rambler.ru
- www.yandex.ru
- www.ok.kz
- www.nur.kz

FTP (File Transfer Protocol – файлдарды тасымалдау хаттамасы). Қашықта орналасқан компьютердің каталогтары және файлдарымен жұмыс істеуге арналған хаттама мен программа. FTP программалары FTP-сервердің каталогтары мен файлдарын көріп, олардың бірінен біріне ауысып, қажеттісін көшіріп алуға, тасымалдауға және жаңартуға мүмкіндік береді. Олардың жұмыс істеу үрдісі мен интерфейсі файл менеджерлерге ұқсас. Тіпті кейде олар файл менеджерлердің ішіне опция ретінде орнатылады.

Telnet (TErminaL NETwork – желілік терминал). Бұл атаумен клиенттің қашықта орналасқан Web-сервермен байланысын қамтамасыз ететін хаттама мен программаны айтады. Олардың арасында байланыс орнатылғаннан кейін, тұтынушы қашықтағы компьютердің амалдық жүйесіне кіріп, сол компьютерде орнатылған программалармен өз программалары сияқты жұмыс істей алады. Telnet қызметі негізінен telnet хаттамасынан пайдаланады, кейде басқа TCP деңгейіндегі хаттамаларға (транспорттық деңгей) тікелей байланыс жасау үшін TCP, FTP, IRC хаттамаларын да қолданады.

Usenet (User Network - тармақталған дискуссия клубы, телеконференция, жаңалықтар тобы). Бұл қызметтің электрондық поштадан айырмашылығы – жіберілген ақпаратты бір абонемент ғана емес, бірнеше абоненттер тобы (телеконференция) алады. Әрбір телеконференция бір тақырыпқа

(әлеуметтік, ғылым, өнер, жаңалық, хобби, спорт, т.б.) арналады және оның өзіндік атауы болады. Мұндағы қарастырылатын тақырыптар ауқымы өте кең және әр бағытта бола береді. Сондықтан, өте ауқымды тақырыптан тек қана бір ғана сұраққа дейін қамтылады. Тақырыптар иерархиялық құрылымға ие. Әртүрлі тақырыптарды талқылау кезінде телеконференцияға қатысушылар тең құқықты болып келеді.

Бүгінгі таңда Usenet он мыңнан астам дискуссиялық топтарды (NewsGroups) немесе телеконференцияларды құрайды. Сондықтан ол пікір алмасу құралы болып тұр. Телеконференцияларды бірнеше топтарға бөледі:

- news – телеконференцияларға байланысты мәселелер;
- comp – компьютерлер мен программалық жабдықтама;
- rec – хобби, ойын-сауықтар мен өнер;
- sci – ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- soc – әлеуметтік мәселелер;
- talk – спортқа байланысты мәселелер;
- misc – басқа мәселелер.

IRC (Internet Relay Chat) – нақты уақыт кезеңінде телеконференция өткізудің бір түрі, тұтынушылардың бір-бірімен әңгіме-дүкен құруға болатын қызметі. IRC-серверлері мен IRC-клиенттері көмегімен тұтынушылар бір-бірімен «виртуальды» әңгіме өткізуді пернетақтада сөздерді теру арқылы жүргізеді.

ISQ (I seek you – мен сені іздеймін) – желі тұтынушыларына нақты уақыт кезеңінде хат-хабарлармен алмасып, бірден чат (chat- әңгіме) құрып, файл жіберіп, әңгімелесуге мүмкіндік беретін қызмет түрі.

IP-телефония (ағылшынша VoIp, Voice over ip). Интернетте дыбыстық сигналдар арқылы ақпарат алмасуды ұйымдастыру қызметі. Ол тек IP хаттамасы негізінде ақпарат алмасудың жеке бір түрі. Дыбыс цифрлық түрге түрлендіріледі де, желідегі қарапайым ақпарат дестелері тәрізді тасымалданады.

Ағындық мультимедиа (stream media). Мультимедиа – бұл провайдерден тұтынушыға жеткізілетін үздіксіз ағындық ақпарат. Ағындық ақпарат деп телекоммуникация арқылы таралатын радио, телевидения және видео т.б. ақпаратты айтады. Жалпы, мультимедиа үлкен көлемді жадыны қажет етеді. Сондықтан оларды сақтау және тасымалдау шығыны үлкен.

Қазіргі таңда Интернеттің жоғарыда аталған сервистік қызметтері аясында жаңа қызмет түрлері кездеседі. Осы қызметтерді қысқаша қарастырайық.

Уики (wiki) – Web-сайттағы программа арқылы оның құрылымы мен контентін тұтынушылардың өздері өзгерте алатын қызмет. Мәтінді пішімдеу және оған әртүрлі нысандарды қосу мүмкіндіктері бар. Осы технология негізінде Уикипедия (Wikipedia) энциклопедиясы жобасы құрылған.

Web-форум - Web-сайттың тұтынушылары бір-бірімен пікір алмасатын қосымша, скрипт. Форумда ақпарат иерархиялық түрде - бөлімдер, тақырыптар, хабарлар болып бөлінеді. Тұтынушы администраторға немесе басқа тұтынушыларға хабарлар, ұсыныстар, жарнама жазуы мүмкін. Форум тақырыбын тұтынушылардың өздері тандайды. Форумның қысқартылған нұсқасын қонақ кітабы деп атайды.

Блог (blog – Интернет-күнделік, онлайн-күнделік). Күнде жеке тұлға тарапынан ақпаратпен толықтырылып отыратын Web-сайт. Ақпарат ретінде қысқа жазбалар, яғни мәтін, сурет, аудио және видео қолданылады. Блог авторларын блоггер деп атайды. Блогтың кәдімгі күнделіктен айырмашылығы оқырман өз пікірін, түсініктемесін жазуы немесе блоггермен дебатқа кірісуі мүмкін. Ең көп таралған блог-хостингдерге «LiveJournal» (АҚШ), Dirty.ru (Ресей), Blogger (Google Inc.), Twitter (АҚШ) жатады. Блогтар төмендегі түрлерге бөлінеді:

- авторы бойынша (дербес, ұжымдық, корпорациялық);
- тақырып бағыты бойынша (саясат, тұрмыс, саяхат, білім, мода, музыка, спорт, кино, денсаулық және т.б.);
- мультимедиа түрі бойынша (мәтіндік, фотоблог, артблог, блогкастинг, видеоблог, микроблог);
- контент ерекшелігі бойынша (контент-блог, мониторинг-блог, цитата-блог, спам-блог, dofollow-блог, фэйк-блог);
- техникалық негізі бойынша (автономды, блог-хостинг).

Интернет-дүкен (e-shop). Интернет желісі арқылы тауар сататын Web-сайт. Тұтынушыдан онлайн режимінде тауарға сұраныс қабылдайды, рәсімдейді, төлем түрін және жеткізу жолын ұсынады.

Әлеуметтік желілер (social networking service) - Тұтынушыларды біріктіретін әлеуметтік қоғамдастық Web-сайттар. Әлеуметтік желілердің негізгі сипаттамалары:

- тұтынушыға жеке профиль береді; профильде нақты деректер (аты-жөні, суреті, туылған жылы, мекен жайы, жұмыс орны, т.с.с.) көрсетіледі;

- ақпарат алмасуға мүмкіндіктер береді (суреттер орналастыру, хабар жазу, түсініктеме беру, және т.б.):

- басқа тұтынушылармен қарықатынас жасау (достасу, әлеуметтік топ құру, жеке хабарлармен алмасу және т.б.).

Әлеуметтік желілерге мысалдар:

- Facebook
- Twitter
- MySpace
- YouTube
- Вконтакте
- Одноклассники.ru
- Мой Мир
- В кругу друзей
- Мой Круг

Интернет-радио (Web-радио) - үздіксіз ағындық радиосигналдарды тарату қызметі. Сонымен қатар Web-радио деп ағындық радиосигналдарды таратушы радиостанцияларды айтады.

Интернет-телевидение (on-line TV, IP-TV - Internet Protocol Television, IP-телевидение) – IP хаттамасы негізінде таратылатын сандық телевидение технологиясы. Клиенттік құрылғы ретінде компьютер, медиа-плеер, SMART TV қолданылады.

Қазақстан Республикасы телекоммуникациясының ұлттық операторы болып саналатын «Қазақтелеком» ААҚ-ы iDTV (integrated digital television – енгізілген сандық телевидения) байланыс түрін қолданады.

IT-технологиялар. HTML (HyperText Markup Language) – гипермәтінді белгілеу тілі мәтіндерді Web-құжат (HTML-құжат) түрінде бейнелеуге арналған тәгтер жиынын анықтайды. HTML тәгтері құжатты туралауға, пішімдеуге және безендіруге мүмкіндік береді. Интернетке арналған мұндай гипермәтінді Web-құжаттар баспаға шығаруға емес, тек монитор экранында көруге арналған. Сондай-ақ, HTML тілі Web-құжатқа гипермәтін мен қозғалмайтын объектілерді бейнелеу мүмкіндігін береді.

DHTML (Dynamic HTML) тілі HTML-дің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған гипермәтінді белгілеу тілі. Бұл тіл, атынан көрініп тұрғандай, Web-құжатқа қозғалыс енгізеді, яғни мәтіннің түсін өзгертеді, кейбір элементті жасырып, кейбірін экранға шығарады т.с.с. Тілді MicroSoft және NetsCape корпорациялары бір-бірінен тәуелсіз жасап шығарған. Сондықтан DHTML-де жазылған код Internet Explorer мен NetsCape Navigator браузерлерінде әр түрлі жұмыс істейді. Соңғы кезде W³C консорциум тілдің бірыңғай стандартын шығарған.

Қазіргі таңда тек қана HTML тілін пайдаланып, Интернетке арналған Web-құжат құрастыру жеткіліксіз. HTML тілінің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған қосымша технологиялар дамуда. Мұндай технологияларға төмендегілер жатады [2]:

- құжатты «логикалық» пішімдеуге арналған CSS – каскадты стильдер кестесі;
- JavaScript немесе VBScript тілдерінде жазылған скрипттер;
- Java тілінде жазылған апплеттер;
- Perl, C++ тілдерінде жазылған CGI-скрипттер;
- GIF және Flash-анимациялар;
- AVI, MPEG форматындағы видеоклиптер;
- WAV, MP3, MIDI форматындағы аудиоклиптер.

CSS (Cascade Style Sheets – каскадты стильдер кестесі) технологиясы желідегі бірнеше Web-құжат мәтіндерін бірыңғай пішімдеуге арналған. Бұл технология Web-сайт парақтарының монитор экранында бірдей бейнеленуін және жылдам жүктелуін қамтамасыз етеді. CSS технологиясын пайдаланып Web-сайттағы барлық құжаттағы мәтіндердің шрифті, түсін, өлшемін, туралау пішімдерін т.с.с. өзгертуге болады.

Java-апплет деп Java тілінде жазылған бағдарламаны айтады. Бұл бағдарлама компиляцияланып, пайда болған кодты байт-код деп атайды. Байт-код клиенттік компьютерлерде Java виртуал машинасы көмегімен орындалады. Java-апплеттер көлемі бойынша ықшам және компьютер платформасына тәуелсіз. Сондықтан Java-апплет Web-құжатқа енгізілсе, браузер оны автоматты түрде Java виртуал машинасы көмегімен орындайды.

Скрипт (Script) – HTML тілінің мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған, арнайы бағдарламалау тілінде жазылған ықшам бағдарлама. Бағдарламалау тілі ретінде JavaScript, VBScript, Java, Perl, C++, т.с.с. тілдері қолданылады. Скрипттер әртүрлі оқиғаларды өңдейді, мысалы, тышқанды шерту,

курсордың экран бетіндегі қозғалысы. Оқиғаның жауабы ретінде Web-құжаттың экрандағы түрінің өзгеруі, клиент-компьютерден серверге ақпарат жіберу сияқты іс-әрекеттер орындалады.

Скрипттерді екі топқа бөледі: клиенттік (JavaScript, VBScript, ActionScript); серверлік (PHP-скрипт, CGI-скрипт). Клиенттік скрипттер Web-құжаттың HTML тілінде жазылған кодының ішіне тікелей орналасады. Олар компиляцияны қажет етпейді, яғни компилятордың орнына интерпретатор жеткілікті. Бұл бағдарлама құруды жеңілдетіп, уақытты үнемдейді. Клиенттік скрипттердің негізгі қасиеті, олар клиент компьютерінде, яғни браузерде HTML-кодпен бірге орындалады. Оларды құруға JavaScript немесе VBScript тілдері қолданылады. JavaScript тілі қазіргі заманғы барлық браузерлерде қолданыс тапса, VBScript тілін тек қана Internet Explorer браузері пайдаланады. Бір сөзбен айтқанда, JavaScript тілі Java-ның, ал VBScript тілі Visual Basic-тің скрипттік версиялары.

CGI (Common Gateway Interface) технологиясы Web-сервер мен клиенттік компьютер арасында деректер алмасуды ұйымдастыруға арналған. Web-сервер клиенттік компьютерден алынған деректерді арнайы бағдарлама (cgi-модуль) көмегінде өңдеп, нәтижені клиенттік компьютерге қайтарады. Сонымен қатар, CGI технологиясы ешқандай тілге тәуелді емес, яғни әмбебап. Сондықтан CGI технологиясы арқылы Web-сервермен кез келген бағдарламалау тілінде жазылған бағдарлама байланыса алады.

PHP (Hypertext Preprocessor – гипермәтінді препроцессор) тілі серверде орындалатын сценарий жазуға арналған тіл. Браузер URL-адресіне (Uniform Resource Locator – ықшамдалған ресурстар көрсеткіші) көрсетілген PHP тілінде жазылған Web-құжатты орындау үшін Web-серверге сұраныс жасайды. Web-сервер PHP-процессорын жүктеп, PHP-кодты орындайды да, нәтижені Web-серверге қайтарады. Ал Web-сервер өз кезегінде нәтижені браузерге терезеде бейнелеу үшін жібереді.

OSI (Open System Interconnection basic reference model) эталондық үлгісі жүйелердің қарым-қатынасының әртүрлі деңгейлерін анықтап, әрбір деңгейдің функционалдық мүмкіндіктерін көрсетеді. Сондай-ақ әрбір деңгейге спецификациялар тағайындайды. Ашық жүйелерді құру барысында спецификацияларды пайдалану, осы жүйелер үшін әртүрлі техникалық және бағдарламалық құрал-жабдықтарды кешенді түрде жасайтын корпорацияларға жаңа типтегі өнімдерді құрастыруға және дамытуға жол ашады. Жалпы, нақты жүйелер үшін толық ашықтық қол жетпейтін идеал болып саналады. Әдетте, ашық деп аталатын жүйелердің өздерінде де, ашықтық ұғымы, осы жүйелердің сыртқы интерфейстерді қолдайтын кейбір бөлімдеріне ғана қатысты. Мысалы, UNIX амалдық жүйесінің туыстарының ашықтығы, барлығынан бұрын, ядро мен қосымшалар арасындағы стандартты бағдарламалық интерфейске негізделген. Мұндай ашықтық қосымшаларды Unix-тің бір версиясынан екіншісіне жеңіл көшіруге жағдай жасайды.

Әдебиеттер

1. <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. Ибрагимов О.М. Web-бағдарламалауға кіріспе. Оқу құралы. -Шымкент: ОҚМУ, 2012.-128б. ISBN 9965-467-41-2

Резюме

В статье проведен краткий обзор языков и технологий Web-программирования. Также описываются программные продукты, современные услуги и сервисы Интернета.

Summary

The article provides a brief overview of languages and technologies of Web-programming. Also the software products, advanced services and Internet services are described.

УДК 517.9

У.М. Ибрагимов, Ж.К.Максумова

ЮКГУ им.М.Ауэзова, Региональный социально-инновационный университет, Шымкент

ИНВАРИАНТНЫЕ МНОЖЕСТВА ОБЛАСТИ ВЫЖИВАНИЯ В ЛИНЕЙНЫХ УПРАВЛЯЕМЫХ СИСТЕМАХ

Аннотация: В статье рассматриваются постановка задачи живучести, определения основных понятий, установление существования оптимального управления, выяснение слабой инвариантности области выживания и проверка непустоты ядра живучести области выживания.

Ключевые слова: управляемые системы, инвариантные множества, ядро живучести.

Постановка задачи. Пусть дана управляемая система

$$\dot{x} = f(x, u) \quad (1)$$

где $x \in R^d$ – фазовый вектор, u – вектор управления, принимающий свои значения из области управления P , являющаяся компактным подмножеством R^p [1].

Относительно функции f предполагаются, что:

- f – непрерывное отображение $f: R^d \times P \rightarrow R^d$;
- для любого компакта $K \subset R^d$ существует константа $L > 0$ такая, что для произвольных $x_1, x_2 \in K$ и $u \in P$ имеет неравенство Липшица $|f(x_1, u) - f(x_2, u)| \leq L|x_1 - x_2|$;
- существует такая константа $c > 0$, что для всех $x \in R^d$, $u \in P$ справедливо неравенство $\langle x, f(x, u) \rangle \leq c \cdot (1 + |x|^2)$, где $\langle \dots \rangle$ – знак скалярного произведения;
- для любого $x \in R^d$ вектограмма $f(x, P) = \{f(x, u) \mid u \in P\}$ выпукла.

Определение 1. Решением системы (1) называется функция $x = \varphi(t)$, которая абсолютно непрерывна и удовлетворяет систему $\dot{x} = f(x, u(t))$, $u(\cdot) \in U$ для всех $t \in T$.

Определение 2. Допустимым управлением системы (1) называется множество всех измеряемых функции вида $u(\cdot): [0; +\infty) \rightarrow P$.

Как известно из [2], что при выше сделанных предположениях для любых $x_0 \in R^d$ и $u(\cdot) \in U$ задача Коши

$$\dot{x} = f(x, u(t)), \quad x(0) = x_0 \quad (2)$$

имеет единственное решение $x(\cdot) = x(\cdot, x_0, u(\cdot))$, определенное на $[0; +\infty)$.

В дальнейшем обозначаем через G – непустое подмножество R^d , а через M – терминальное множество, где $M = R^d \setminus G$.

Для любых $x_0 \in R^d$ и $u(\cdot) \in U$ через $T(x_0, u(\cdot))$ обозначим максимальную длину интервала времени $[0; t]$, на котором траектория $x(\cdot) = x(\cdot, x_0, u(\cdot))$ находится в пределах множества G , т.е.

$$T(x_0, u(\cdot)) = \sup\{t \geq 0 \mid x(\tau) \in G\} \quad \text{для всех } \tau \in [0; t] \quad (3)$$

Задача живучести в области G ставится следующим образом: для начальной точки $x_0 \in G$ найти такое управление $u(\cdot) \in U$, при котором функционал (3) принимает наибольшее значение, т.е. достигает величины

$$T(x_0) := \sup\{T(x_0, u(\cdot)) \mid u(\cdot) \in U\} \quad (4)$$

Итак, задачу живучести для системы (1) можно формализовать следующим образом:

$$\begin{aligned} \dot{x} &= f(x, u), \quad x \in R^d, \quad u \in P, \\ x(0) &= x_0, \quad x(t) \in G, \quad 0 \leq t \leq T, \quad T \rightarrow \inf \end{aligned} \quad (5)$$

Определение 3. Точка $x_0 \in G$ на отрезке времени $[0; T]$ в системе (1) называется живучим, если найдется такое управление $u(\cdot) \in U$, которой $x(t, x_0, u(\cdot)) \in G$ для всех $t \in [0; T]$ ($t \geq 0$).

Определение 4. Управление $u(\cdot) \in U$ называется оптимальным для начальной точки $x_0 \in G$ в системе (5), если $T(x_0, u(\cdot)) = T(x_0)$. При этом соответствующая траектория $x(\cdot, x_0, u(\cdot))$ называется оптимальной траекторией.

Определение 5. Множество $Y \subset R^d$ называется слабо инвариантным относительно системы (5), если для любой начальной точки $x_0 \in Y$ существует управление $u(\cdot) \in U$ такое, что $x(t, x_0, u(\cdot)) \in Y$ для всех $t \geq 0$.

Определение 6. Множество $Y \subset R^d$ называется сильно инвариантным относительно системы (5), если для любых $x_0 \in Y$ и $u(\cdot) \in U$, существует $x(t, x_0, u(\cdot)) \in Y$ при всех $t \geq 0$.

Определение 7. Максимальное подмножество $Y \subset R^d$, слабо инвариантное относительно системы (5), называется ядром живучести множества Y относительно системы (5) и обозначается $Core Y$.

Установление существования оптимального управления. В задаче быстрогодействия, как правило, терминальное множество M считается замкнутым. Например, теоремы существования оптимальных управлений доказываются в предположении замкнутости терминального множества M [2-4]. В работе [5] было выявлено, что условия открытости M является естественным в теории избегания столкновений. Таким образом, в задаче живучести с замкнутым терминальным множеством оптимальное управления не существует. Следующая теорема также подтверждает это.

Теорема 1. [6] Пусть в задаче (5) терминальное множество M открыто. Тогда для любого $x_0 \in G$ существует оптимальное управление.

Доказательство. Пусть $x_0 \in G$. Если $x_0 \in Core G$, то существование оптимального управления непосредственно вытекает из определения ядра живучести и оптимальным является любое управления $u(\cdot) \in U$, при котором $T(x_0, u(\cdot)) = +\infty$.

Введем обозначение $G^+ = Core G$ и $M^+ = G \setminus G^+$. Допустим, что $x_0 \in M^+$. Тогда $T(x_0, u(\cdot)) < +\infty$ для любого $u(\cdot) \in U$ и существует последовательность допустимых управлений $\{u_n(\cdot)\}$, такая, что последовательность $T(x_0, u_n(\cdot))$ монотонно не убывая стремится к $T(x_0)$ при $n \rightarrow +\infty$.

Сначала покажем, что $T(x_0) < +\infty$. Предположим противное – пусть $T(x_0) = +\infty$. Возьмем произвольное $\tau > 0$. Тогда из последовательности $x_n(\cdot) = x(\cdot, x_0, u_n(\cdot))$, $n \in N$, можно выделить подпоследовательность $x_k^1(\cdot) = x_{n_k}(\cdot)$, равномерно сходящуюся на отрезке $[0; \tau]$ к некоторой траектории $x_*^1(\cdot)$ системы (1), соответствующей измеримому управлению $u_*^1(\cdot): [0; \tau] \rightarrow P$ и начальной точке x_0 [2].

Очевидно, существует $k_1 \in N$ такое, что $T(x_0, u_{n_k}(\cdot)) > \tau$ для всех $k \geq k_1$. Отсюда в силу замкнутости G имеем $x_*^1(t) \in G$ для всех $t \in [0; \tau]$.

Предположим, что для $s \in N$ построена траектория $x_*^s(\cdot)$ системы (1), определенная на $[(s-1)\tau; s\tau]$, являющаяся равномерным пределом некоторой подпоследовательности $\{x_k^s(\cdot)\}$ из $\{x_n(\cdot)\}$ и соответствующая измеримому управлению $u_*^s(\cdot): [(s-1)\tau; s\tau] \rightarrow P$. Из последовательности $\{x_k^s(\cdot)\}$ выделим подпоследовательность $\{x_k^{s+1}(\cdot)\}$, равномерно сходящуюся на отрезке $[s\tau; (s+1)\tau]$ к некоторой траектории $x_*^{s+1}(\cdot)$ системы (1), соответствующей измеримому управлению $u_*^{s+1}(\cdot): [s\tau; (s+1)\tau] \rightarrow P$. Ясно, что траектория $x_*^{s+1}(\cdot)$ удовлетворяет начальному условию

$x_*^{s+1}(s\tau) = x_*^s(s\tau)$. Далее, $x_*^{s+1}(t) \in G$ для всех $t \in [s\tau; (s+1)\tau]$, поскольку G – замкнуто и существует $k_{s+1} \in N$ такое, что $T(x_0, u_n(\cdot)) > (s+1)\tau$ при всех $n \geq k_{s+1}$.

Положим $u_*(t) = u_*^q(t)$, если $t \in [(q-1)\tau; q\tau]$, где $q = 1, 2, \dots$. В итоге, согласно построению имеем $u_*(\cdot) \in U$ и $x(t, x_0, u_*(\cdot)) \in G$ для всех $t \geq 0$. Это противоречит включению $x_0 \in M^+$. Таким образом, $T(x_0) < +\infty$.

Из последовательности $\{x_n(\cdot)\}$ выделим подпоследовательность $\{x_{m_k}(\cdot)\}$, равномерно сходящуюся на отрезке $[0; T(x_0)]$ к некоторой траектории $x(\cdot, x_0, \hat{u}(\cdot))$ системы (1), где $\hat{u}(\cdot) \in U$. При этом для любого $t \in [0; T(x_0)]$ существует $k_* \in N$ такое, что $T(x_0, u_{m_k}(\cdot)) > t$ для всех $k \geq k_*$, т.е. $x(\theta, x_0, u_{m_k}(\cdot)) \in G$ при любых $k \geq k_*$ и $\theta \in [0; t]$. Отсюда, в силу замкнутости G , будем иметь $x(t, x_0, \hat{u}(\cdot)) \in G$. Таким образом, управление $\hat{u}(\cdot) \in U$ является оптимальным для начальной точки $x_0 \in G$. Теорема доказана.

Выяснение слабой инвариантности области выживания. Предполагаем, что $f(x, u) = Ax + u$, где $x \in R^n$ – фазовый вектор, A – постоянная $n \times n$ – матрица, $u \in R^n$ – вектор управления, который принимает свои значения из компактной выпуклой области управления $P \subset R^n$.

Пусть $Inv Y$ означает максимальное подмножество множества Y , сильно инвариантное относительно системы (1), т.е.

$$Inv Y = \{x_0 \in Y / \forall u(\cdot) \in U, \forall t \geq 0 \Rightarrow x(t; x_0, u(\cdot)) \in Y\}.$$

Инвариантные множества управляемых систем рассматривались многими авторами, в частности, работы [7-9].

Через Ω обозначим множество точек покоя системы (1), т.е. $\Omega = -A^{-1}P$. Здесь $A^{-1}P$ – прообраз множества P при отображении A . Далее, для линейного подпространства I пространства R^n через I_m обозначим максимальное подпространство I , инвариантное относительно A , т.е.

$$I_m = \{a \in I : Aa, A^2a, \dots, A^{n-1}a \in I\}.$$

Отметим, что геометрическая разность $X \div Y$ множеств $X, Y \subset R^n$ определяется по формуле $X \div Y = \{z / z + Y \in X\}$ [10].

Теорема .2. Пусть I – линейное подпространство R^n . Тогда справедлива формула

$$Inv I = I \cap A^{-1}(I_m \div P) \quad (6)$$

